



ISSN 1728-7804

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

“Филология ғылымдары” сериясы

Серия «Филологические науки»

№ 1 (39), 2012 ж.



Алматы

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ

«Филология ғылымдары» сериясы
№1 (39), 2012 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады.

Бас редактор:
филол. ғыл. д., проф. Б.Әбдіғазизұлы

Бас ред. орынбасарлары:
пед. ғыл. д., проф. Ф.Ш. Оразбаева,
филол. ғыл. д., проф. С.Д. Әбішева

Ғылыми редакторлар:
филол. ғыл. д., проф. Т.С. Тебегенов,
филол. ғыл. д., проф. Т.В. Шевакова

Редакциялық алқа мүшелері:
филол. ғыл. д., проф. К.И. Мирзоев,
филол. ғыл. д., проф. А.Қ. Жұмабекова,
филол. ғыл. д., проф. Б.Қасым,
пед. ғыл. д., проф. Г.А. Қажығалиева,
профессор Н.М. Исмаилов,
филол. ғыл. канд., доц. Н.Ж. Нұртаева,
пед. ғыл. д. Ж.К. Балтабаева

Жауапты хатшы:
филол. ғыл. к. А.Д. Ибраева

© Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті, 2012

Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10109 - Ж

Басуға 04.05.2012 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 19,25 е.б.т.
Таралымы 70 дана. Тапсырыс 208

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлагат» баспасы

Мазмұны
Содержание

ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА

Ильясова Н. Көркем сөздің психоллингвистикалық қырлары.....	3
Кажигалиева Г.А. Интерактивные (групповые) методы в практике преподавания русского языка как неродного в педагогическом ВУЗе....	6
Иманалиева Г. Эмоциональные құбылыстардың рәй категориясы арқылы берілуі.....	10
Балмағамбетова Ж.Т., Крамер В.В. О способах перевода прецедентных текстов: взаимовлияние культур (на примере русского и казахского языков).....	13
Абдуллаева Ж.Т. Көркем шығармадағы реалий сөздерді аудару мәселесі.....	18
Бедусенко Г.А. О некоторых функциях разговорной лексики в современной печати.....	20
Қалибекұлы Т. Қытай тіліндегі біріккен сөздердің түрлері мен жасалу жолдары.....	24
Нұрсұлтанқызы Ж., Исмағұлов Ж. «Еркек» концептісін қалыптастыратын басқым атауларының гендерлік мәні.....	27
Маммадова А. Уточнение в предложении как явление синтагма синтагмов.....	30
Мазыбаева Ж. Т.Ахметжан шығармаларындағы ұлттық дүниетанымның көрінісі.....	35
Ван Ешу, Сю Шилинь Взаимное влияние по лексике русского языка и английского языка.....	40
Қонабаева Г.С. Лақап есімдердің қолданылу аясы.....	43
Марьям Зарен Эгдем Разум и рационализм в Коране.....	46
Беласарова Ж. М.Томановтың қазақ тіліндегі жеке дауыссыз дыбыстардың даму сипатын анықтауы.....	50
Мамедова Э. Аллитерация и ассонанс в фразеологических единицах в языке дастанов «Китаби-Деде Горгуд».....	54
Гасанова А.А. Местоимения в языке перевода «Гюлистан» Сейфи Сарая.....	60
Загинайко О.Ю. «Человек говорящий» как объект филологического изучения.....	64
Утегулова З.Н. Типы антонимов в казахском и английском языках.....	68

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

Мүтнев З. Қазақ-орыс әдеби байланысын зерттеудің кейбір мәселелері..	71
Құлжанова Б.Р. Тіл – арыстан, есік баққан ашулы.....	74
Сабитова А.З. Путь к литературной независимости или становление американской поэзии.....	77
Кажигалиева Г.Ж.А. Эмоциональная репрезентация концепта одиночество в русской любовной лирике.....	81
Ибраева А. Ұстаз тағылымы.....	85
Лязбаева Б.К. К вопросу о языковой личности (на материале романа И.Есенберлина «Кочевники»).....	87
Ауелбекова Ш. XX ғасыр басындағы баспасөз.....	91
Токшылықова Г.Б. Корея әдебиетіндегі Хянга дәстүрі.....	93

Казахский национальный педагогический
университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия
«Филологические науки»
№1 (39), 2012 г.

Периодичность – 4 номера в год.
Выходит с 2000 года.

Главный редактор:

д.филол.н., проф. Б.Абдигазиев

Зам. гл. редактора:

д.п.н., проф. Ф.Ш. Оразбаева,

д.филол.н., проф. С.Д. Абишева

Научные редакторы:

д.филол.н., проф. Т.С. Тебегенов,

д.филол.н., проф. Т.Б. Шевякова

Члены редколлегии:

д.филол.н., проф. К.И. Мирзоев,

д.филол.н., проф. А.К. Жумабекова,

д.филол.н., проф. Б.Касым,

д.п.н., проф. Г.А. Кажигалиева,

профессор Н.М. Исмаил,

к.филол.н., доц. И.Ж. Нуртаева,

д.п.н. Ж.К. Балтабаева

Ответственный секретарь:

к.филол.н. А.Д. Ибраева

© Казахский национальный
педагогический университет им. Абая, 2012

Зарегистрировано

в Министерстве культуры и информации РК
8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 04.05.2012.

Формат 60х84 1/8. Объем 19,25 уч.-изд.л.

Тираж 70 экз. Заказ 208

050010, г. Алматы,

пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»

Казахского национального педагогического
университета имени Абая

Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті Алматыдағы шешімі негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
Хабаршысы журналының «Филология ғылымдары» сериясын педагогика ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі
ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне енгізілгені туралы хабарлайды.

На основании решения Комитета по контролю в сфере образования и науки Вестник КазНПУ им.Абая, серия
«Филологические науки» внесен в перечень изданий для публикации основных научных результатов диссертаций.

Әзизова А. Қ. Жұмаділовтің «Соңғы көш», «Таңғажайып дүние» романдарында көрініс тапқан фольклорлық дәстүрлер.....	98
Лейла Рагими Общая характеристика произведения «Ахлаг-Насири» (Насирова этика) Хаджи Насреддина Туси.....	101
Конарбаева К. Әбу Насыр әл-Фараби мен Абай дүниетанымындағы сабақтастық.....	107
Әтейбекова Н., Садыкова Р. Иран элементтерінің қазақ мәдениетінде көрініс табуы.....	112
Досанова Қ. Қазақ айтысының жанрлық ерекшелігі.....	115
Қалиева Ж.Д. Лирика-публистикалық поэмалардағы рухани үндестік пен ақындық таным өзгешілігі.....	117
Нусипов А. Қазақ аңыздарындағы Шыңғыс хан образы.....	120
Гахрамани Х. Эпоха, жизнь и произведения арузоведа XIII века Шамседина Мухаммед Бин Гейс Ар-Рази.....	124

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ

Шунишина Н. Türkçe'nin yabancı dil olarak öğretilmesi.....	130
Брулева Ф.Г., Нурагунова Г.М. Безэквивалентная лексика художественного текста в обучении иностранных студентов русскому языку.....	133
Тнымбаева С.Т. Использование интернет-ресурсов и электронных пособий при обучении профессиональному русскому языку в ВУЗе.....	136
Искаков Х., Сейітқұлова Г. Ұлттық білім және ұлттық құндылық.....	140
Убинязова Ш. Жоғары оқу орнында студенттердің толеранттылығын тәрбиелеудің педагогикалық аспектілері.....	141
Жанқушқов Б. Қазақтың мақал-мәтелдері халқымыздың ұлттық педагогикасының қайнар көзі.....	144
Утегулова З.Н. Шетел тілін оқытуда қолданылатын прагматикалық кәсіби бағдарлы міндеттерді тиімді шешу.....	147
Хасенова А. Ізгілікті және нақты терминнің өзара қарама-қайшылықтары.....	149
Бугенова Л.А. Рефераты и их применение на занятиях в качестве самостоятельного задания.....	152

ЛИНГВИСТИКА

КӨРКЕМ СӨЗДІҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ

Н.Ильясова – доцент, ф.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ

Сөз астарынан асыл іздеп, оларды бейнелі түрде құлпытқа қолдану *көркем сөйлеуге* жатады. А.Байтұрсынұлы сөйлеуді «сөздің жалаң түрі», «сөздің көркем түрі» деп екіге бөледі. «Сөзді жалаң түрде айтқанда, күш көбінесе зейін жағына салынып, пайым терең, мағына күшті, пікір дәлелді болып, айтылған сөз адамның ақылына қонуы көбірек көзделеді. Сөзді көркем түрде айтқанда, күш көбінесе қиял мен қисын (түйіс) жағына салынып, сөз әсерінің күшімен көңілге ұнауы көбірек кездеседі» – дейді [1, 394 б.]. Расында, көркем сөз – сөздің мағыналық ажарын аша білуді талап етіп, ой ұшқырлығын танытатын сөйлеу түрі. Оның психолингвистикалық ерекшелігі *сезім-дік таным* арқылы зерделенеді. Сезімдік таным айналадағы заттар мен құбылыстардың адам қажеттілігін өтеуі барысында пайда болатын ұнамды, ұнамсыз сезімдер негізінде қалыптасады.

Заттар мен құбылыстар адамдардың тек қажетіне жарап қоймай, олардың қызығуына, қуануына, қайғыруына, ашулануына, ызалануына, құмарлануына, шошуына, наздануына, қорқуына, үрейленуіне т.б. ықпал етіп, адамдарға тән эмоционалдық қасиеттерді айқындайды. Бұл құбылыс жекелеген индивидтердің психикасында, жан-дүниесінде, миында өмір сүріп, адамның дүниені тануына арқау болады.

Дүниені тану оның өмірлік позициясын айқындауға мүмкіндік береді. Солардың бірі – тілдік логика. Бұл сезім арқылы пайда болған танымды тілдік қажеттілікке пайдаланудан туындаған антропологиялық категория. Мәселен, бір нәрсе туралы сөйлегенде сол затқа қатысты жағымды әсер қалдыру үшін өзімізге ұнамды сезім қалыптастырған заттар мен құбылыстарға сүйенеміз. Мысалы, *Ай, бал бөбек, бал бөбек, балдайсың, Атқан жазғы арайлы таңдайсың. Күлгеніңде көктемдегі күндейсің, Күн нұрымен құлпырып гүлдейсің.* (Қ.Аманжолов) дегенде, балаға деген сүйіспеншілік сезімді жеткізуге, оятуға адамға ұнамды сезім қалыптастыратын *бал, арайлы таң, көктемгі күн, күн нұры* сияқты заттар мен құбылыстар арқау болған. Сезімдік таным мен тілдік логиканың сабақтастығынан пайда болған мұндай қолданыстар сөздің экспрессиялық, эмоционалдық қуатын арттырып, қабылдаушының қызығушылығын оятады.

Сезімдік таным мен тілдік логиканы сабақтастыра отырып, жаңа мағына тудыру – кез келгеннің қолынан келе бермейтін іс. Бұл адамға ерекше әсер ететін заттар мен құбылыстарды тану және оларды өңдеп, сұрыптап, жаңартып, соның негізінде мида жаңа бейнелер жасаудың көрсеткіші болып табылады. Дәлірек айтқанда, шығармашылық еңбектің нәтижесі. Бұл ойлаумен бірге алдын ала болжау, жаңа нәрсе жасау, іске асқан нәрсені елестету сияқты ой еңбегін қажет етеді. Адам басында осы процесс жүзеге асып жатса, шындық өмірге байланысты орамды ойды білдіретін көркем образдар қалыптасып, олар көркем сөйлеудің көрсеткішін анықтайды. Көркем сөйлеу қиялдың қызметінен туындайды. Қиял-дүниені жаңа қырынан танытып, заттар мен құбылыстарды жаңартып, түрлендіріп айтуға арқау болатын адамға тән дара қасиет. Бұл адамдардың болашақтағы қалауын, арманын, тілегін танытады. Арман-тілекті мақсатқа сай дұрыс қиялдау адамға зор қуат беріп, жаңа іске талпындырады. Осындай жаңа істің бірі адамдардың сөйлеу әрекетінде де көрініс табады. Солардың бірі – көркем сөйлеу.

Көркем сөйлеу шығармашылық қиял және қайта жасау қиялы арқылы жүзеге асады. Шығармашылық қиял – адамға туа біткен физиологиялық ерекшелік. Мұндай адамдар көрген, білген нәрселерінен үнемі әсер алады. Сондықтан олардың басында (миында) есепсіз мол бейнелер үздіксіз пайда болып отырады. Сол бейнені сурет салу немесе сөйлеу арқылы жарыққа шығарады. Бұл туа біткен дара қасиет болғандықтан, оны жарыққа шығару аса қиындық тудырмайды. Мұндай адамдар негізінен, суретші, акын, жазушы болады. Олар білімін толықтырып, өзін өзі дамытса жеке тұлғаға, тілдік тұлғаға айналады. Абай Құнанбайұлын жеке тұлға ретінде тануға туа біткен дарындылығы, ерекше бақылампаздығы, ой-өрісінің кеңдігі, күшті зейіні мен қайраты, ақыл-ойының сыншылдығы арқау болса, тілдік тұлға ретінде танылуына сезімдік таным мен тілдік логиканы сабақтастыра отырып, тың образдар жасауы, жаңа мағына тудыруы арқау болған. Осындай жеке тұлғалар әрбір сөздің әр тарапты мағыналық ажарын ашып, олардың қолданылу аясын кеңейткен. Көркем сөйлеудің түрін қалыптастырған. Олар суреттеген әрбір образ оқушының қызығушылығын оятады. Халық оны үйренуге, зерттеуге ден қояды. Нәтижесінде көркем сөйлеуге тән амал-тәсілдер анықталады. Осы амал-тәсілдер көркем сөйлеуге үйренудің жолдарын көрсетеді.

Ата-бабаларымыз да көркем сөйлеудің небір үлгісін жасап кеткен. Оны сонау XV-XVI ғасырдан бастау алатынын тілдік деректер дәлеледеп отыр. *Жардай атан, оташығы бұзаудай, боз сазан*

тоқтыдай, мұздай үлкен көбелі, сұлтандайын жүрісті, бекіре менен жайындай, қарағай мен қайыңдай т.б. сияқты теңеулер, балығы тайдай, бақасы қойдай сияқты гипербола, әсірелеу; *Тал шарбаққа мал сақтап, Тас қалаға жан сақтап, Тасқан екен мына хош!* немесе *Қайырылып қайыр қылуға, Қылғаның жоқ ұнаған, Қайратым қанша қайтса да!* дегендегі аллитерация, *Арқа-ға қарай көшермін, Алашыма ұран десермін! Ат құйрығын кесермін! Ат сауырсын берермін! Алыста дәурен сүрермін!* т.б. сияқты ассонанс деп атап жүрген амал-тәсілдер ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып, өз жалғасын табуда. Алдыңғы буын өкілдері қалдырған үлгі негізінде көркем сөйлеуге үйренуге болады. Оған адамның қайта жасау қиялы арқау болады.

Қайта жасау қиялы дайын үлгілерді пайдалана отырып, тың образдар қалыптастыруға мүмкіндік береді. Дәлірек айтқанда, дайын үлгі негізінде көркем сөйлеуге қажетті тілдік қолданыстар жасау деген сөз. Бұл – заңдылық. Қандай өнер иесі болмасын, олар да өзіне дейінгі жеке тұлғалардан өзіне қажетті қолданыстардың үлгісін алып отырады.

Көркем сөйлеу тәсілдері тыңдаушыға әсер тудыру мақсатында қолданылады. Тілдегі әр сөздің мәніне, сөйлемдегі алатын орнына зор көңіл бөлініп, олардың астарында сезімдік таным көрініп тұрады. Сөйлеушінің тілдік логикасы, шығармашылық қабілеті негізінде қалыптасқан тілдік қолданыстар көркем сөйлеудің тілдік нормасын айқындайтын көрсеткіштер ретінде тіл жүйесінде орнығып отырады. Қазіргі таңда тілімізде жүйеленіп, нормаланған тілдік қолданыстар қатарына теңеу тәсілін, тіл ұстарту тәсілін, топ түрлерін жатқызуға болады. Тіл білімі сөздігінде теңеу (салыстыру) – (ағыл. Comparison) ортақ қасиеттеріне негізделген ұғымның өзге ұғымға логикалық теңестірілуі. Құбылыс, зат қасиеттері көрінуінің қатыстық деңгейін анықтау үшін жүзеге асырылады... Теңеу түрлі амалдармен троппен (метафорамен), морфологиялық формамен (Үстеу және сын есімнің салыстырмалы шырайларымен) синтаксистік құрылымдармен (салыстырмалы мағынаның көмектес септік формасымен, салыстырмалы оралымдармен салыстырмалы бағыныңқымен т.б.) беріледі делінген [2, 360 б.]. Теңеу негізінен, белгілі бір заттар мен құбылыстарды және оларға тән белгілерді (қимылын, сынын т.б.) екінші бір затпен немесе оған тән белгілермен салыстыруға негізделіп, сөздердің ауыспалы, келтірінді, салыстырмалы мағыналарда жұмсалуды-на негіз болады. «Ауыспалы мағына заттар мен құбылыстардың қандай да бір ұқсастығына, шектестігіне байланысты сөздің тура мағынасынан өрбиді. Мысалы, айығу – аурудан жазылу, күннің ашылуы, жүйрік – жүйрік ат, жүйрік ой», – дейді Ғ.Қалиев [3, 41 б.]. Ал, келтірінді мағына заттар мен құбылыстардың экспрессивті сипаты мен эмоционалды қызметінен пайда болған мағына. Ақындардың түйені шөл кемесі деп, комбайнды жер кемесі деп жырлауы (поэтикалық метафора) келтірінді мағынадан туындайды. Салыстырмалы мағына бір затты екінші затпен салыстыруды білдіреді. Мысалы, *Бұрын Әділ барда, Ермек барда құрқұлтайдың ұясындай ғана сұп-сүйкімді бөлме еді* (Ш.Мұртаза. Қара маржан) деген сөйлемде бөлмені құрқұлтайдың ұясына теңеуден салыстырмалы мағына туындап тұр. Егер сөйлеу үстінде сөздердің бірі осындай мағыналардың бірінде жұмсалса, онда сөйлеудің бұл түрі көркем сөйлеуге жатады. Тіл ұстарту сөйлеушінің тұрақты тіркестерді құбылтып қолдану мүмкіншілімен айқындалады. Бұл жөнінде Ә.Құрышжанов былай дейді: «Тұрақты сөз тіркестерінің басқа түрлі сөздерден гөрі басты ерекшелігі – олар кісінің айтайын деген ойын ықшамды да, тұжырымды формада ылғи тап басып, дәл жеткізеді, «көңілден шыққан көрікті ойдың» өң-шырайын қашырмай, мақамын келтіре толғай айтуға мүмкіндік береді. Ол сөйлемнің әрін келтіреді... Қанатты бүтін сөздерді туғызуда Абай ең алдымен халық тілінің сөлін сығып, нәрін алған, дарын күдіретін соларға артқан. Мысалы, оның: *Екі кеме құйрығын. Ұста – жетсін бұйрығың!* деген толғамы «Екі кемеңіз басын ұстаған суға кетеді» деген халық нақылымен астасып жатады. Халық тіліндегі тұрақты тіркестің кейбір сөздерін (*суға кетеді*) басқа сөздермен (*бұйрығың жетсін*) әдейі ауыстыру арқылы Абай халық афоризмінің жаңа түрін (Абай тілінің өзіндік түрін) жасап отыр. Халық тілін жақсы білетін қазақтың құлағына бұл сияқты жаңа сөз орамдарының түрпідей тимейтіні былай тұрсын, қайта оның құрышын қандырады. Оның басты себебі мынада: халық суға кетеді деген тіркес арқылы «екі кемеңіз құйрығын ұстаған» адамның өз түбіне өзі жететінін айтып тұр» [4, 122-123. б.]. Абай қолданған мұндай тәсілді тіл ұстарту тәсілі деп атауға болады. Дәлірек айтқанда, халықтың қанатты сөздерін құбылтып қолданудың тәсілі. Фразеологизмдерге тән коммуникативтік мағынаның бір түрі образды тұрақты тіркестер арқылы берілетін болса, оны құбылтып қолдану арқылы көркем сөйлеудің бір тәсілін анықтауға болады. Көркем сөйлеудің тағы бір амалы троп түрлерін қолдану болып табылады. Олар – кейіптеу, астарлау (символ), алмастыру (метонимия), мензеу (синекдоха), кексін (ирония), ұлғайту (гипербола), кішірейту (литота), әсірелеу (гротеск) [5, 230-244 б.] тәсілдері арқылы жүзеге асады. Ғ.Қосымова троптың қызметі туралы былай дейді: «Бұл көркемдеуіш элементтер шешендік сөздерді жай сөзден ажыратып тұратын тілдік белгілер болып саналады. Фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді орнымен қолдану ойды бейнелі және түйіндеп жеткізудің құралы болса, троптың түрлері өмірдің шындығын, құбылысты кісінің көз алдына

елестететіндей етіп суреттеуге көмектеседі. Троп гректің «йін», «иірім» деген сөзі болса, фигура – латынның «келбет, бейне» деген сөзі. Троптың түрлерінің бәрі ауыспалы мағынада қолданыла-ды» [6, 227 б.].

Көркем сөйлеуге тән ерекшеліктердің бірі шындық болмыстағы жансыз нәрселерге жан бітіре сөйлету болып табылады.

Күлімсіреп аспан тұр,

Жерге ойлатып әр нені деген Абайдың өлең жолдарын З.Қабдолов былайша талдайды: «Осы жолдарды оқығанда біздің маңымызда әдеттегі жансыз табиғат емес, әлде бір тіршілік тыныстап көз алдымызға кәдімгідей қимыл, құбылыс елестеп кетеді. Аспан жай тұрған жоқ, езу тартып, «күлімсіреп» тұр. Жер жай жатқан жоқ, әлгі бір жадырап, жайнап күлген аспанның қылығына елтіп, бір түрлі «ойланып» жатыр. Осының бәрін біз көзімізбен көріп, көңілімізбен сезінетін секілдіміз. Аспан күлімсіреп тұр дегенде Абай, әрине, аспанның ашық, нұрлы екенін айтып тұр. Бірақ *аспан ашық* деген сөздің әсері *аспан күлімсіреп тұр* дегендей болмас еді. Өйткені алдыңғы-сы әшейін хабар, ауызекі айтыла салған сөз ғана да, соңғысы сөзбен айтылған сурет» [5, 90.] Көркем сөйлеу арқылы берілген осы сурет те сезімдік таным мен тілдік логиканың байланысы-нан туындаған. Аспандағы күн сәулесі жерге жеткенде, топыраққа жылу тарап, жер бетінде жана тіршілік пайда болады. Көк шалғын шөптер, сан алуан гүлдер өсіп жердің беті құлпырып кетеді. Аспан әлемі болмаса, жерде мұндай құбылыс болмас еді. Осы құбылысты көрген адамның бойында ұнамды сезім қалыптасады. Бусанған жерді, шалғын көкті, сан алуан гүлді көргенде адам еріксіз күлімсіреп, осы құбылыстың пайда болуына не себеп екен деген ойға қалады. Осы процесс барысында сезімдік таным мен тілдік логика сабақтасады. Адам өз сезімін өзіне әсер еткен құбылыспен байланыстырып, оны тілдік қажеттілігіне пайдаланады. Нәтижесінде тың образ жасалады. Бұл тыңдаушыға ерекше әсер тудырады.

Көркем сөйлеудің түрін айшықтайтын тәсілдер сөйлем ішінде қолданылады. Сондықтан көркем сөйлеуде қолданылатын сөйлемдердің де өзіндік ерекшеліктерін атап өткен жөн. Мұндай сөйлемдерді *бейнелі сөйлемдер* деп атаймыз. Бейнелі сөйлемдердің құрамында ауыспалы, келтірінді мағынада жұмсалған сөздер, троп түрлері, тіл ұстарту заңдылықтары қолданылады. Бейнелі сөйлемдердің мәнін анықтайтын тілдік қолданыстардың қай түрі болмасын семантикалық жағынан да, грамматикалық жағынан да үйлесім тауып, танымдық әдіске негізделуі шарт. Сонда ғана ол қабылдаушыға түсінікті болып, әсерлі суретті бейнелейді. Көркем сөйлеудің жөні осы екен деп сөйлем ішінде көріктеу амалдарын орынсыз қолдана беруге болмайды. Мұндай сөйлемдер қабылдаушының ұғымына қиындық тудырып, жалықтырып жібереді. Бейнелі сөйлемдерді қолдана білу сөздердің семантикалық қабатында жатқан астарлы мағынасын аша білу болып табылады.

Көркем сөйлеу тек акын-жазушыларға ғана қажет нәрсе емес, ол сезімді тіл арқылы білдірудің жолы ретінде әлеуметтік-коммуникативтік, лингвомәденитанымдық қызмет атқара алады. Мәселен, көркем сөйлеудің амалын көрсететін тәсілдердің бірі – кекесін (ирония), мысқыл (сарказм). Олардың астарында сын, сықақ, юмор жатады. Осы тәсілді әлеуметтік-қоғамдық ортадағы сөйлеу этикетінің нормаларына енгізуге болады. Қызмет бабында әр түрлі жағдаятқа байланысты адамдарда жағымсыз эмоциялар туындап жатады. Жағымсыз эмоция тіл арқылы көрініс тапқанда ол сауатты, парасатты түрде жарыққа шықпай жөн. Мемлекеттік қызметкерлер жағымсыз эмоциясын бір-біріне балағаттау арқылы шығарса, ар-намысқа нұқсан келеді; кейіп, ренжіп, ұрсып айтса өзінің жүйкесіне кері әсер етеді; сын, сықақ, юмор арқылы жеткізсе екі жаққа да тиімді, әсерлі, нәтижелі болады. Қорыта келгенде, көркем сөйлеу тілдің қоғам мүддесін өтеудегі қызметі мен адамдардың дүниетанымдық, психологиялық жай-күйін саралауға мүмкіндік беретін лингвистикалық категориялардың бірі болып табылады.

1. Байтұрсынов А. Сөйлеу әуезділігі // *Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімалар, публ. мақалалар және әдеби зерттеу.* – Алматы, 1991. – 460 б.

2. Словарь по языкознанию / под общей ред. Сулейменовой Э.Д. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 с.

3. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік словарь, 2005. – 440 б.

4. Құрышжанов Ә. Халық тілінің қаймағы бұзылмасын // *Жазушы және сөз мәдениеті.* – Алматы: Ғылым, 1983. – 152 б.

5. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970. – 377 б.

6. Қосымова Г. Лингвистика арнасындағы шешендіктану ғылымының өзекті мәселелері // *Қазақ тілін коммуникативтік, функционалдық бағытта зерттеу және оқытудың инновациялық технологиялары: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары.* – Алматы, 2010. – Т.2. – Б. 119-125.

Резюме

В данной статье рассматриваются психолингвистические особенности художественного текста.

Summary

This article discusses psycholinguistic features of a literary text.

ИНТЕРАКТИВНЫЕ (ГРУППОВЫЕ) МЕТОДЫ В ПРАКТИКЕ ПРЕПОДАВАНИЯ РУССКОГО ЯЗЫКА КАК НЕРОДНОГО В ПЕДАГОГИЧЕСКОМ ВУЗЕ

Г.А. Кажигалиева – д.п.н., профессор, зав. Кафедрой практического русского языка,
КазНПУ им. Абая

Интерактивное обучение – ключевой компонент кредитной системы образования, функционирующей сегодня в ВУЗовском образовательном процессе РК. Актуализация интерактивных методов обучения – веление времени. Цель интерактивного процесса – «изменение и улучшение моделей поведения и деятельности участников педагогического взаимодействия. Анализируя собственные реакции и реакции партнеров, участник меняет свою модель поведения и осознанно усваивает ее» [1, с. 341]. Неслучайно через интерактивные технологии обучения реализуются такие принципы взаимодействия, как: а) *ценностно-ориентационный*, проявляющийся в совместной деятельности, гибких и богатых связях во всем многообразии их форм и полифункционального общения; б) *совместимость коммуникативных систем* – языковых, информационных, социокультурных; в) *оптимальность информации*, то есть концентрация взаимодействия на главных аспектах деятельности, определение оптимального объема и качества принимаемой и передаваемой информации; г) *межкультурная адаптация*: подбор адекватного механизма действия, изучение когнитивной системы реципиента, концептуальных конструкций и моделей, механизма взаимодействия, раскрывающих сложный процесс коммуникации на межкультурном уровне; д) *коммуникационная активность*, направления на взаимодействие, обеспечивающая включение обучаемого в пространство, в котором осуществляется согласование интересов. Сами интерактивные образовательные технологии обучения реализуются на основе принципов: активации учащихся в учебной деятельности и в общении; динамичности и сочетаемости моделируемых информационных и личностных отношений в педагогическом процессе; педагогической интерпретации личностных достижений в учении в контексте развития индивидуального и коллективного субъектов учебной деятельности; полимодального предъявления учебного материала; соразмерности использования логических форм объяснения учебного материала; соразмерности приемов педагогического управления учебной деятельностью. Интерактивный процесс, характеризующийся высшей интенсивностью коммуникации, способствует целенаправленной рефлексии обучающихся в процессе учебной деятельности по предмету.

Термин *интерактивность*, давший название данному виду обучения, определяется как психологическое новообразование, характеризующееся деятельным состоянием, направленным на активность партнеров в процессе коммуникации и основанным на взаимопонимании. Под интеракцией (англ. *interaction*) следует понимать общение, взаимодействие между людьми с оказанием влияния друг на друга во время работы, игровой ситуации и т.д. Интеракция (обмен действиями), помимо коммуникации (собственно обмен сообщениями (данными) в знаково-символической форме) и перцепции (восприятие собеседниками друг друга), является составной частью структуры общения. То есть интеракция и коммуникация представляют собой пересекающиеся, смежные понятия. При интеракции взаимодействие понимается как непосредственная межличностная коммуникация, важнейшей характеристикой которой определяется способность человека «принимать роль другого». Интерактивность – движущая сила коммуникации, влияющая на интенсивность и продуктивность акта общения за единицу времени. Следовательно, интерактивное обучение воплощает собой обучение в диалоговом режиме, в ходе которого осуществляется взаимодействие. Интерактивное обучение позволяет так организовать учебный процесс, что все обучающиеся оказываются вовлеченными в процесс учебного познания, у них есть возможность понимать и рефлексировать по поводу того, что они знают и думают. То есть интерактивное обучение строится на взаимодействии обучающегося с учебным окружением, учебной средой, которая служит областью осваиваемого опыта.

В интерактивном обучении обучающийся становится полноправным участником учебного процесса, его опыт – основной источник учебного познания. В интерактивном обучении, по сравнению с традиционным меняется взаимодействие обучающего и обучающейся: активность пре-

подавателя уступает место активности студентов; педагог не дает готовых знаний, но побуждает учащихся к самостоятельному поиску, создает условия для их инициативы. Преподаватель здесь выполняет функцию помощника в работе, одного из источников информации [2].

Привлекательность и эффективность интерактивного обучения связаны с тем, что оно позволяет одновременно решать несколько задач:

- развитие коммуникативных умений и навыков, помощь в установлении эмоциональных контактов между учащимися;
- решение информационной задачи, поскольку осуществляется обеспечение обучающихся необходимой информацией, без которой невозможно реализовать совместную деятельность;
- решение обучающих задач, поскольку происходит развитие общих учебных умений и навыков (анализ, синтез, постановка целей и пр.);
- решение воспитательной задачи, поскольку студенты приучаются работать в команде, прислушиваться к чужому мнению;
- решение задач релаксации, снятия нервной нагрузки, смены форм деятельности, переключения внимания и т.д. [3; 4; 5; 6; 7].

Если речь вести об эффективности интерактивного обучения в преломлении на конкретных субъектов образовательного процесса, то интерактивный режим дает *связке «группа – преподаватель»*:

- многомерное освоение учебного материала;
- нестандартное (креативное) отношение к организации учебного процесса;
- формирование мотивационной готовности к межличностному взаимодействию как в учебных, так и в иных ситуациях;

студенческой группе:

- формирование студенческого коллектива как групповой общности;
- развитие навыков анализа и самоанализа в процессе групповой рефлексии;
- повышение познавательной активности группы;

студенческой микрогруппе:

- развитие навыков общения и взаимодействия в малой группе;
- адаптация к меняющейся обстановке, поощрение к гибкой смене социальных ролей в зависимости от ситуации;

- соблюдение и принятие нравственных норм и правил совместной деятельности;
- формирование ценностно-ориентационного единства малой группы;

каждому конкретному студенту:

- развитие личностной рефлексии;
- осознание включенности в общую работу;
- становление активной позиции в учебной и иной деятельности [2; 3; 4; 5].

Интерактивные методы обучения предполагают активную деятельность обучаемых, обучаемых и обучающего в процессе обучения. Интерактивное обучение организуется в малых группах, состоящих из 3-4 человек разного уровня языковой подготовки (сильный, средний и слабый студент); при этом успех или не успех одного обучаемого при выполнении задания отражается на результате всей группы. И оценка за выполнение задания ставится на всю группу. Здесь повышается ответственность каждого студента, распространяемая не только на результат его индивидуальной работы, но и на результат работы всей группы. Помимо этого на учете разного уровня языковой подготовки (сильный, средний и слабый студент) может быть организована и индивидуальная работа через ранжирование сложности учебных заданий. Интерактивное обучение значительно увеличивает время речевой практики обучаемого, речемыслительной деятельности, в нашем случае в рамках практического курса «Русский язык»; оно позволяет акцентировать внимание обучаемого на самостоятельном добывании информации, ее критическом осмыслении и усвоении. Здесь хотелось бы представить несколько примеров интерактивных заданий, которые используются нами в практике преподавания общеобязательной дисциплины «Русский язык» на неязыковых и гуманитарных факультетах педагогического вуза:

Ролевая игра «Интервью»

Цель: помочь обучающимся держать определенную позицию в общении.

Организация: работа группы студентов по определенным ролям.

Вид занятия: СРСП.

Один из участников игры садится в центр круга и объявляет, какую социальную роль он для себя выбрал (педагог, режиссер, школьник, родитель, врач и т.д.). Остальные студенты задают ему 5 вопросов в рамках его социальной роли. Затем его сменяет следующий ученик, сменяется и его социальная роль. Задаются 5 вопросов.

Коммуникативный тренинг

Цель: анализ речевого поведения каждого из обучаемых, выявление речеведческих знаний.

Организация: работа малыми группами студентов.

Вид занятия: семинар

1. Анализ речевого поведения ораторов разного типа по видео- и магнитофонным записям. Группа из 2-3 человек отслеживает одно из качеств: умение преодолевать страх перед публикой, степень мобилизации, стиль общения, открытость, гибкость мышления, эмпатия, толерантность, ассертивность и т.д.

2. В целях создания психологического настроя доверительности и открытости следует связанное высказывание преподавателя на тему «Мое любимое занятие».

3. Выступления студентов и анализ данных монологов по аналогии с 1-ым этапом (выступление может быть записано и на видео).

Игра «Свежая информация»

Цель: научить поисковому реферативному и выборочному чтению.

Организация: работа малыми группами студентов.

Вид занятия: СРСН.

Каждая из малых групп студентов (3-4 человека) получает одинаковый пакет свежих газет самого различного направления («Казахстанская правда», «Караван», «Новое поколение», «Мегаполис», «Панорама», «Аграрный Казахстан», «Время» и др.), а также выбирает одну из проблем, наиболее часто освещаемую в прессе: политическая жизнь, экономика и бизнес, правосудие, культура, спорт и т.п. Задание: за 25 минут выбрать информацию по интересующей группе проблеме, обработать ее (распределить в группе материал, обязанности, роли, выстроить композицию своего публичного выступления) и выйти с передачей. Каждая группа демонстрирует результат своей работы, остальные – анализируют выступления по таким критериям: 1) качества оратора на трибуне; 2) актуальность и новизна содержания выбранного материала; 3) качество сценических находок в подаче материала.

Самооценка

Цель: выработка у студентов объективной оценки своих достижений, адекватной Я – концепции; формирование ответственности. Примечания: Процесс самооценки вводится там, где студенты успешно овладевают учебным материалом, где обучение посильно, успешно, доступно; при самооценке проводится анализ результатов деятельности и не оцениваются свойства личности.

1. Преподаватель предлагает студентам определить свою отметку по выполненному заданию, по усвоенной теме.

2. Студенты проводят самоанализ и выставляют себе отметку.

Найди ошибку

Цель: обучение редактированию языкового оформления мысли; повышение культуры речи студентов.

Студенты работают над фрагментами из сочинений, газет, других СМИ, стихотворений известных и неизвестных авторов и т.д. Им необходимо: определить, где творчество, а где элементарная неграмотность; классифицировать речевую или грамматическую ошибку.

Обоснуй свой выбор

Цель: обучение редактированию языкового оформления мысли; повышение культуры речи студентов.

Языковая группа в 10-12 человек делится на 3-4 микст-группы (объединение студентов разно-

го уровня подготовленности: слабый, средний, сильный), каждая из которых получает свое задание. Затем подготовленные задания презентуются каждой микст-группой; презентация осуществляется в соревновательных условиях, поскольку по завершении презентации определяются ее победители и призеры. Как правило, для такой интерактивной (групповой) работы нами используются задания на редактирование. Здесь приводится один из примеров такого интерактивного (группового) задания, использованного нами в своей практике преподавания: *Укажите речевые ошибки в следующих предложениях, определите их тип, обоснуйте свой ответ. Отредактируйте предложения.*

1 гр. 1) Ряд столов стояли посередине аудитории. 2) Врач прописала ребёнку новое лекарство.

2 гр. 1) Потому что эксперимент прошёл удачно, удалось сделать интересные выводы. 2) Путешествуя на велосипеде, развиваются мышцы спины и ног.

3 гр. 1) Мать беспокоилась за сына. 2) Многие ребята мечтают и стремятся к полетам в космос.

Таким образом, интерактивный режим в обучении, как показывает практика преподавания русского языка как неродного на неязыковых и гуманитарных факультетах педагогического вуза, способствует успешному формированию таких важных для будущего учителя-предметника умений и навыков, как: ориентировочные, информационно-аналитические, прогностические, полемические, визуально-презентативные, креативные и рефлексивные.

1. Ахметова Н.А. Модульно-рейтинговая технология обучения: Научный подход. – Алматы, 2001.

2. Кашилев С.С. Технология интерактивного обучения. – Минск: Белорусский Верасень, 2005.

3. Кларин М.В. Интерактивное обучение – инструмент освоение нового опыта. Педагогика. 2000. №7.

4. Гейхман Л.К. Интерактивное обучение общению: подход и модель. – Пермь: Издательство Пермско-го гос. ун-та, 2002. – 246 с.

5. Вайсен Р., Оли Дж., Эванс В., Ли Дж., Спрунгер Б., Пеллаукс Д. Обучение жизненным навыкам в школах. – М.: Вита-Пресс, 1996. – 66 с.

6. Инновационные процессы в школе: организация и управление. – Владимир, 1995. – 69 с.

7. Коростылева Л.А., Советова О.С. Психологические барьеры и готовность к нововведениям. – СПб., 1996. – 33 с.

Түйін

Мақалада педагогикалық жоғарғы оқу орнындағы гуманитарлық және тілдік емес факультеттеріндегі қазақ бөлімдерінде орыс тілін оқытудағы интерактивтік (топталым) әдісінің лингводидактикалық мүмкіндіктері қарастырылады.

Resume

In this article it considers the lingual didactic opportunities interactive (group) methods by the teaching of Russian language as the unnative language at the non-language and humanitarian faculties of Pedagogical University

ЭМОЦИОНАЛЬНЫЕ КАТЕГОРИИ РАЙ КАТЕГОРИИ АРҚЫЛЫ БЕРІЛУ

Ғ.Иманалиева – доцент, филол.ғ.к. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Адам эмоциясын білдіруде ерекше қызмет атқаратын етістік категорияларының бірі – рай категориясы. Рай категориясының бұл ерекшелігі оның сөйлеушінің қимыл, іс-әрекетке деген көзқарасын, қимылдың, іс-әрекеттің шындыққа, болмысқа қатысын білдіруімен тікелей байланысты. Себебі эмоционалдылыққа қатысты сөйленімдердің әрқайсысында міндетті түрде сөйлеушінің жағымды, я болмаса жағымсыз көзқарасы, шындыққа болмысқа деген қатысы көрініп отырады. Рай түрлерінің аталған сипаты «Қазақ грамматикасында былай беріледі: «Белгілі қимыл, іс-әрекеттің белгілі субъекті тарапынан іске асу-аспауы, қимылдың, іс-әрекеттің болу-болмауына сөйлеушінің көзқарасы, пікірі, бағасы, анықтығы, ақиқаттығы, күдіктілігі, күмәнділігі, болжамдылығы, жорамалдылығы, орындалу ниеттілігі, шарттылығы т.б. тілек, қалау, бұйрық мәндері т.б. қатар көрініп отырады» [1, 512]. Қазіргі қазақ тілінде етістік райының төрт түрі көрсетіледі. Олар: ашық рай, қалау рай, бұйрық рай, шартты рай. Ашық рай – қимылдың шындық өмірде белгілі бір мезгілде болатынын, болып өткенін, болып жатқанын, я болмайтынын білдіреді. Яғни, ашық рай қимыл-әрекеттің үш шақты біріне қатыстылығын білдіреді. Қалау рай сөйлеушінің қимылды жүзеге асырғысы келетін ниетін, ықыласын, ойын білдіреді. Бұйрық рай қимылды жасау жасамауды талап етіп, ұйғарып, қозғау салады. Шартты рай екінші қимылдың жасалу жасалмауына шарт болатын қимылды білдіреді.

М.Оразов етістіктің рай категориясы туралы: «Етістіктің көп қолданылатын және грамматикалық мағынасы жағынан бай категориялардың бірі рай категориясы болып саналады. Оның үстіне бұл категория тіл-тілдердің барлығына да тән категория. Рай категориясының тілдік сипаты оның логикалық ұғымдармен байланысында жатыр. ...Амал-әрекеттердің орындалу, орындалмауына айтушының көзқарасын білдіру азын-аулақ қана тіл элементтерінің үлесіне тиеді. Олардың ең толық көрінісі етістіктің рай категориясымен байланысты», – деп жазады [2, 224]. Яғни етістік амал-әрекетті білдірумен бірге, рай категориясы формалары арқылы сол амал-әрекеттің объектив шындыққа қарым-қатынасын және айтушының сол айтылған ойға байланысты көзқарасын да білдіреді. Рай қосымшалары арқылы қалау, тілеу, бұйыру, өтіну, ұйғару, жалыну, жалбарыну, ынталану, қарғау сияқты толып жатқан мағыналық реңктерді беруге болады.

А.Бсқақов, Н.Оралбаева еңбектерінде іс-әрекеттің құбылыстың ақиқатқа қатысын білдіруіне орай қазіргі қазақ тіліндегі райлар іштей екі топқа топталады. Бірінші топқа реалды қимылды, яғни объективті модальдылықты білдіретін ашық рай еңсе, екінші топқа неғайбыл қимылды, яғни субъективті модальдылықты білдіретін бұйрық рай, қалау рай, шартты рай енеді. Н.Оралбаева реалды рай (ашық рай) мен неғайбыл райлардың (бұйрық рай, қалау рай, шартты рай) мынадай айырмашылықтарын көрсетеді:

- 1) ашық райдың арнайы көрсеткіші жоқ, неғайбыл райлардың көрсеткіштері бар;
- 2) ашық райдағы реалды қимылды шақ көрсеткіштері білдіреді, неғайбыл райларды бұйыру, қалау, шарт мағыналарын осы райлардың көрсеткіштері білдіреді [3, 271].

Ашық рай амал-әрекеттің объектив шындықпен байланысын білдіреді де ол шақ категориясымен тікелей байланысып жатады. Яғни, ашық райдың басты семантикалық ерекшелігі – эмоциялық процестің объективті шындыққа қатысы болу-болмауының сөйлеп тұрған сәтпен байланысы.

Даусы мұндай ашық болар ма, әр сөзі балғамен соққандай естіледі (С.Мұратбеков) – тамсану, сүйсіну. Мұнда айтушы тарапынан беріліп тұрған бағалауыштық сипат басым.

– Жарайсың, жігітім! – деп Құсайын оған ырза болып қалды (І.Жансүгіров) – ырза болу.

Сатан салбырап қосына қайтты (І.Жансүгіров) – көңіл-күй түскен адамның қалпы. Мұнда бейнелілік стильдік мән басым.

Бұйрық рай қимылдың жасалу я жасалмауын талап ету, қозғау салу мақсатында жұмсалады. Бұйыру бұйрық райдың негізгі мағынасы болғанымен, бірден бір мағынасы болып саналмайды. Бұйрық райдың адамның сан түрлі эмоциясын білдіруде беретін мағыналық реңктері өте көп. Қорқыту, үркіту, қоқан-лоқы көрсету, мазақ қылу сияқты эмоциялық реңктегі сөйленістер негізінен етістіктің келер шақ формасында айтылады. Мысалы,

– Қазір мен сенің мылжа-мылжаңды шығарам (М.Мағауин) – қоқан-лоқы көрсету.

Бұдан кейін сақ бол! (М.Мағауин) – ескерту, қорқыту.

Арыз айтм деп әуреленбе (М.Мағауин) – ескерту, қорқыту.

Мені қайта ашуландырып алып жүрме (М.Мағауин) – ескерту, қорқыту.

Бұйрық рай мағынасын білдіретін аналитикалық форманттарға *-ушы болма, -а көр, -а көрме* форманттары жатады. *-ушы болма* аналитикалық форманты қатал бұйрық, қимылдың жасалуына үзілді-кесілді тыйым салуды білдіреді. Мысалы,

– Бір күні мойныңды үзіп аласың, бұдан былай таудағы трамплиннің маңынан жүруші бол-
ма! (М.Мағауин) – қорқыту, тыйым салу.

Тілек, өтініш, кешірім сұрау, жалыну, жалбарыну, тілек мағыналарын **-а көр, -е көр, -и көр** аналитикалық форманттары білдіреді. Мысалы,

– Жеңеше, бері келші... айналайын жеңеше, кеше **гөр** мені... – Тәлтіректей тұрып Жанайдың апасының алдына барды, етегіне орала жүресінен отыра кетті де, сыбырлаған үнмен: – Кеше **гөр**... жеңешетай... айналайын... айыбым, мә-ә... – деп қалтасына бүгерлеп алған ақшаны тықпалай берді (С.Мұратбеков).

Иә, сақтай гөр! Ата-бабалар аруақтары жар бола **гөр**! (С.Елубаев).

Бұйрық мағына және бұйрық рай формалары арқылы берілетін басқа да эмоционалды мағыналар сөйлеушіден екінші, үшінші жаққа бағытталатын болғандықтан, бұйрық райдағы етістік жікте-леді. Бұйрық райдың жақтық мағынасын білдіретін жіктік жалғаулары бар. Олар бұйрық райдан басқа ешбір райда қолданылмайды. Жақтырмау, ұнатпау, істеп жатқан ісін ұнатпай тыйып тастау мағыналарын білдіру үшін нөлдік формамен келетін бұйрық райдың екінші жақ жекеше және **-ың, -ің** жалғаулары арқылы жасалатын екінші жақ көпше түрлері жиі қолданылады. Мысалы,

– Кісінің ит жынын құрыстырып, босағасына байлап қойғаны несі, тақа, ал **шауып ал** енді! – деп, жұдырығын түйгіштеп ешкінің терісін сыпырып жатыр Дәу апа (С.Елубаев).

Ызам келді де:

– Былжырамай құрықты **бер**! Өңшең қатын! – дедім (І.Жансүгіров).

Топырламай, **шығыңдар**! – деді (Ж.Аймауытов).

– **Шеіңдер** қолдарын! – деп жекіді Бұлыш жігіттерге. Өзі Асан бәлшебектің байлауын шешіп жатыр (С.Елубаев).

Мұны үйдегінің бір үлкені естіп келіп, мынау саяқтарына қабағын түйіп қайырып әкетті:

– Өліп пе едің? Берекесін кетірмей **тыныш отырыңдар**. Бәріңе әдемілеп жасап беремін, – деп жалпақ сары тапал қолды жуып, Ысқақтың жанына отырды (І.Жансүгіров).

Бұйрық райдың **-сын, -сін** формалары арқылы келетін үшінші жағы сөйлеуші өз сөзін, көзқарасын, түрткі салу ниетін жағымды я болмаса жағымсыз эмоциясын тыңдаушыға емес бөгде жаққа қарата білдірген кезде қолданылады. Бұйрық райдың **-сын, -сін** формасы қосыну, жақтыртпау реңкін беру үшін де қызмет етеді. Мысалы,

Бәйбіше марқұмға салыстырғанда:

– Қайдағы... Басқан ізінен **садаға кетсін**, – десті (Ж.Аймауытов).

«Мә» дедім мен оған... әкең... **жалтыратып көрсін**! (С.Мұратбеков).

Райға қатысты жазылған еңбектер мен айтылған пікірлерде қазақ тіліндегі бұйрық рай формаларының **-шы, -ші** қосымшаларының қосылуы арқылы қолданылуы, олардың түрлі мағыналық реңк тудырудағы қызметі туралы да сөз болады. Л.Дүйсембекова бұйрық райға қатысты жазған еңбегінде бұйрық рай формаларының барлығы да (үш жақта) **-шы, -ші** қосымшаларының қосылуы арқылы да қолданылатындығын, ол қосымшалар бұйрық райға қосылған кезде бұйрық мәнінің солғындап, жұмсара түсетіндігін жазады. Еңбекте аталған қосымшаның өтініш, тілек, ниет, сұрану, жалыну, жалбарыну т.б. да реңктерді білдіру мақсатында жұмсалыуы турасындағы тілдік деректер мен талдаулар беріледі [4, 37].

Бұйрық райдың бірінші, екінші жақ тұлғаларына **-шы, -ші** қосымшаларының қосылуы арқылы қолданылған төмендегі тілдік бірліктерде таза бұйрық мәннен гөрі тілек, өтініш мәні басым екендігі байқалады. Коммуниканттар арасындағы жағымды, сыпайы қарым-қатынасты да білдіреді.

– Үйге **қайтайықшы**, – деді қыз (М.Мағауин).

– Осының етіне **түйіспеші**, мына балапандарға берелік, – деді (С.Мұратбеков).

Тыйым салу мағынасын беріп тұрған **аттап көр** етістігінде **-п көр** аналитикалық формантынан кейін қосылған **-ші** формасы, тыйым салынып тұрған әрекет жасалған жағдайда ары қарай қолданылатын шара бар екендігін де меңзеп тұр.

– Ал, егер осыдан қалаға қарай **аттап көрші**! (І.Жансүгіров) – қорқыту, тыйым салу мәні. Бұл жағдаятта коммуниканттар арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуі, жағымсыздығы байқалады.

Л.Дүйсембекова шартты райдың **-са, -се** жұрнағы мен **-шы, -ші** қосымшаларының бұйрық райдың екінші жақтағы ерекше бір формасын жасайтындығын жазады (**айт-са-ң-шы, бер-се-ң-ші, ал-са-ң-шы, көр-се-ң-ші, отыр-са-ң-шы**). «Бұл етістіктерде шартты райдың **-са, -се** көрсеткіш-тері болса да, олар шартты рай мағынасын бермейді. Бұйрық райдың екінші жақ формасындағы сияқты мұнда да қимыл-қозғалыс тыңдаушыға, яғни екінші жаққа бағытталады» [4, 37].

Төмендегі сөйлемдерден **-са, -се** шартты рай формалы етістіктердің бірінші жақта жіктеліп оған **-шы, -ші** қосымшаларының қосылуы арқылы айтушының өкініші, күйініші білдірілгендігін байқауға болады.

Мұны бұрын **ойласамшы**! (Ж.Аймауытов) – өкіну

Бұларды есіме **алсамшы!** (Ж.Аймауытов) – өкіну

Ей, тәңірім-ау! Осы келе жатқанда **бір қазаға ұшырап кетсемші!** (Ж.Аймауытов) – күйіну.

Астымдағы ат омақасып, астында **тіл қатпай қатсамшы!** (Ж.Аймауытов) – күйіну.

Сөйлеушінің қимылды, іс-әрекетті орындауға немесе орындамауға деген қалау, тілек, ниет, ынтасын білдіретін қалау рай бірнеше жолдармен жасалады. Олардың ішіндегі ең негізгісі – *-ғы, -гі, қы, -кі* жұрнақтарының жалғануы.

Еліне тезірек **қайтқысы келді** (Ж.Аймауытов).

– Мен жазушы **болғым келеді**, – деді жымиюға тырысып. – Қазір роман жазып жатырмын (М.Мағауин).

Бұл жұрнақ негізгі етістікке жалғанып, тәуелденіп барып, тәуелдік жалғауы арқылы жіктеліп оған *кел, келді, келеді* етістіктерінің тіркесуі арқылы жасалады да тек қалау, ниет мәндерін ғана емес, адамның басқа да түрлі эмоциясын білдіру қызметін де атқарады. Мысалы,

Кенет Төлегенге **еркелегім келіп кетті** (М.Мағауин).

Ауылын көргенде **жылағысы кеп кетті** (Ж.Аймауытов).

Дүниенің *тетігі* Жылтырдың қолында тұрғандай, Жылтырға **жолыққысы келе береді** (Ж.Аймауытов).

-ғы, -гі, қы, -кі жұрнақтарын омоформалы аффикстер қатарына жатқызамыз, себебі қазіргі қазақ тілінде аталған формада таңбаланатын қалау райдың жұрнақтары мен етістік тудырушы жұрнақтар бар. Мысалы, *кер-гі, ора-ғы-т* деген туынды түбір эмотив-етістіктерде сөз тудырушы жұрнақ болса, *көр-гі-м келеді, бар-ғы-м келеді* қолданыстарында қалау райдың жұрнағы болады. Бұл жұрнақтар сондай-ақ, етістіктен эмотив-зат есім тудырушы аффикстермен де тұлғалас. Мысалы, *күл-кі, теп-кі, соқ-қы* т.б.

Екінші жолы – етістік түбіріне *-ғай, -гей, -қай, -кей* қосымшаларының қосылуы. Мысалы,

– Әй, мына жүрегі құрғырдың аузыма тығылып келе жатқаны-ай... қуанышқа көрінгей... – дейді (С.Мұратбеков).

Сондай-ақ осы тұлғаға *еді* көмекші етістігінің тіркесуі.

Н.Оралбаева: «*-са игі еді, -са еді, -са екен, -ғай еді* форманттары арқылы жасалған тілекті қалау рай тұлғадағы етістіктердің жақ мағынасы жіктік жалғаудың қысқа түрі арқылы беріледі және ол жіктік жалғау *-са* жұрнағынан соң жалғанады. ...Қалау рай тұлғасындағы етістік синтети-калық және аналитикалық тұлғалы болады», – деп жазады [3, 281].

Төменде берілген сөйлемдердегі *кетсем, шықсам, көрсем, аман болса, сүйсем, кетсек* тілдік бірліктері шарттық мағынадан шығып қалау, тілек, арман, жорамал мағыналарын иеленіп тұр. Оған, әрине, көмекші етістік пен басқа да тілдік бірліктер ықпал етіп тұр.

Не де болса, ауруханадан кетсем екен, елге, кеңге шықсам екен, байсалды қазақты көрсем екен! (Ж.Аймауытов).

Әйтеуір, менің соңыма ерген біраз күшіктерім бар, тіл-көзден солар **аман болса екен** (С.Мұратбеков).

Не істесем екен? Құшақтап сүйсем бе екен... Үйдің маңынан кетсек екен (С.Мұратбеков).

Шартты райлы етістік тілек, арман, мақсат сияқты эмоциялық реңктерді білдіру қызметін де атқарады. Мысалы,

Шіркін, әйелің осындай болса (С.Мұратбеков).

-са, -се жұрнақтарының басты қасиеттерінің бірі өзінен кейін сөз айтылуды қажет етіп, көксеп, ойды жалғастыруды талап етіп тұрады. Аталған жұрнақтардың бұл қасиетіне байланысты С.Аманжолов былай деп жазады: «Егер артынан сөйлем келмей, я сөйлемге татитын сөз келмей қалса, шартты райлы етістіктің шарттық мәні жойылады да, қалау райлық мән пайда болады» [5, 49].

Қалау райға жатқызылып жүрген формалар қолданылу ерекшелігіне, жағдаятқа байланысты алуан түрлі эмоциялық реңк бере алады. Мысалы, *-са екен* тілек, өтініш, аңсау реңктерін білдірсе, *-са ғой* сөйлеушінің арманын, ықыласын білдіреді, ал *-са еді* күдік, жорамал, абыржу, алаңдау реңктерімен қатар контекстке қарай сөйлеушінің тілегінің күштілігін де көрсетеді.

1. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 784 б.

2. Оразов М. Етістік. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республ-икалық баспа кабинеті, 2001. – 385 б.

3. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы: «Инжу-маржан полиграфия фирмасы», 2007. – 388 б.

4. Дүйсембекова Л. Қазақ тіліндегі бұйрық райдың құрылысы мен мағынасы. – Алматы: Айкос. – 116 б.

5. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: Санат, 1994. – 320 б.

Резюме

Ескере кететін жайт: pianzhengshi қазақ тіліне “сабақтас формалы” [4, 22], ал pianzhengduanyu болып аударылып жүр [4, 250]. Бұл тіркес “сабақтас тіркес” болып аударылуының себебі, қазақ тіліндегі “сабақтас тіркеске” (сабақтаса байланысқан сөз тіркесі) еліктеуден келіп шықса керек. Біздің пікірімізше, pianzhengduanyu атауына “сабақтас тіркес” дәлме-дәл балама бола алмайды. Себебі, қазақ тілінде сабақтаса байланысқан сөз тіркесі анықтауыштық, пысықтауыштық және толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі болып бөлінеді. Ал қытай тілінде pianzhengduanyu анықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі және пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркесі болып екіге бөлінеді.

(3) Толықтауыштық (меңгеру-меңгерілу) байланыс арқылы жасалған сөздер (dongbinshi).

Кейбір еңбектерде zhipeishi, shenshushi, weibinshi деп аталады. Екі сыңардан құралады. Алдыңғысы іс-қимыл, әрекетті, соңғысы іс-қимыл, әрекет меңгеретін заттарды білдіреді. Мысалы, *daitou бастау, мұрындық болу* dai – *бастау*, tou – *бас*).

youxian шекті, шектеулі (you – *бар*, xian – *шек*).

siji жүргізуші (si – *меңгеру*, ji – *машина*).

(4) Толықтырғыштық байланыс арқылы жасалған сөздер buchongshi.

Бұл сөз кейде dongbushi, houbushi, shubushi деп аталады. Екі сыңардан құралады. Алдыңғысы ұйытқы сөздер, соңғысы алдыңғы сыңарын толықтыра түсіндіріп келеді. Мысалы, *shuoming түсіндіру* (shuo – *айту*, ming – *анық*)

tuifan аудару, төңкеру (tui – *итеру*, fan – *аудару*)

tigao жоғарылату, көтеру (ti – *көтеру*, gao – *биік*).

(5) Салаластық байланыс арқылы жасалған сөздер lianheshi, binlieshi.

Мәндес, мағынасы қарайлас немесе қайшы мәндес түбір сөздердің салаласа байланысуы арқылы жасалады. Салаластық байланыс арқылы жасалған сөздер үш түрге бөлінеді:

А. Құрамындағы сыңарлар мәндес, мағынасы қарайлас сөздер:

daolu жол (dao – *жол*, lu – *жол*)

tudi жер, топырақ (tu – *топырақ*, di – *жер*)

shengyin дыбыс, дауыс (sheng – *дыбыс*, daуыс yin – *дыбыс*, дауыс)

Ә. Құрамындағы сыңарлар қайшы мәндес сөздер:

maimai сауда-саттық (mai – *сатып алу*, mai – *сату*)

dongxi нәрсе, дүние (dong – *шығыс*, xi – *батыс*)

shouzu аға-іні (shou – *қол*, zu – *аяқ*).

dongjing дыбыс, қыбыр (dong – *қимыл*, қозғалыс, jin – *тыныштық*).

Б. Сыңарлар тіркескеннен кейін бірінші мағынасы сақталады, ал екіншісінің мағынасы бүкілдей жойылып кетеді. Мысалы, *guojia мемлекет* (guo – *мемлекет*, jia – *жанұя*)

wangji ұмыту (wang – *ұмыту*, ji – *еске сақтау*)

ganjing таза (gan – *құрғақ*, jing – *таза*, тұнық, мөлдір, кіршіксіз)

renwu тұлға, кейіпкер (ren – *адам*, wu – *зат*)

2) Туынды сөздер fujiashi, paishengshi

Туынды сөздер дегеніміз түбір морфемаларға жұрнақ жалғану арқылы жасалған сөздер. Туын-

ды сөздер жасалуының екі түрлі үлгісі бар:

А. «Префикс + түбір» үлгісі (qianjiashi, qianfu). Мысалы, diyi бірінші, dier екінші, wuqiong шексіз, wuchang қалыпсыз

laoshi оқытушы, mùgāli мұғалім, laohu жолбарыс.

Қытай тілінде стандартты «префикс + түбір» үлгісі өте аз.

Ә. «Түбір + суффикс» үлгісі (houjiashi, houfu). Мысалы, zhuozi үстел, daozi пышақ, zuozhe автор, jizhe журналист, mutou ағаш, shitou тас.

Қытай тілінде жұрнақтар сан жағынан аз, қолданылу шеңбері өрісі мен шеңбері тар. Жұрнақтардың басым көпшілігі түбір сөзден өзгеріп келген. Олардың кейбірі сөз жасау қызметін атқарса, кейбірі сөз сияқты жеке дара тұрып қолданыла береді. Мысалы, laozhang (Сөзбе-сөз: lao – қарт, кәрі, zhang – кісінің фамилиясы) деген сөздің құрамындағы lao – жұрнақ, яғни префикс. Ол үлкен адамды сыйлау, құрметтеу мағынасында қолданылған. Оның нақтылы мағынасы жоқ. Ал laoren (Сөзбе-сөз: lao – қарт, кәрі, ren – кісі, адам) деген сөздің құрамындағы lao – түбір сөз, ол «жасы үлкен», «қарт адам» деген мағынада қолданылып тұр.

3) Қосарлы сөздер (chongdieshi, chongdieci)

Қосарлы сөздер ұқсас бір түбір сөздің (негізгі морфеманың) қосарланып айтылуынан жасалған сөздер. Қосарлы сөздердің төмендегідей бірнеше түрлі үлгісі бар:

А А үлгісі. Бұл үлгі өз ішінен мынадай түрлерге бөлінеді:

А. А. Соңғы сыңары жеңіл тонмен оқылады. Мысалы, tama шеше, painai ана, yeye ата, xingxing жұлдыз.

ААВВ үлгісі. Екінші сыңары жеңіл тонмен оқылады, төртінші буынға екпін түседі. Мысалы, gaogaixingxing қуана-қуана, ganganjingjing тап-таза, qingqingchuchu ап-анық.

АВАВ үлгісі. Бұл үлгінің екі түрі бар:

А·В·А·В. Екінші және төртінші сыңар жеңіл тонмен, үшінші сыңар шамалы жеңіл тонмен оқылады. Мысалы, taoluntaolun ақылдасу, yanjiuyanjiu зерттеу, gaoxinggaoxing қуану.

АВАВ. Сыңарлары жеңіл тонмен оқылмайды.

xuebaixuebai аппақ қардай, tonghongtonghong қып-қызыл

4) Қысқарған сөздер (jiansuoshi, suoheci, jiancheng)

Қытай тілінің де, қазақ тілінің де сөйлеу, жазу дағдысында жиі қолданылатын күрделі атауларды қысқартып айту және жазу дәстүрге айналған. Осының нәтижесінде, қысқарған сөздер жаңа сөз тудырудың белгілі бір тәсілі болып қалыптасты.

Күрделі атауларды шартты түрде қысқарту арқылы жасалған сөздер қысқарған сөздер деп аталады.

Қытай тіліндегі күрделі атауларды қысқарту жолдары төмендегідей:

(1) Күрделі атау сөздің құрамындағы әрбір жеке сөздің тек басқы морфемасы ғана алынады. Мысалы, hexue jishu (ғылым және техника) – ke ji;

(2) Күрделі атаулардың құрамындағы алғашқы сөздің басқы морфемасы мен кейінгі сөздің соңғы морфемасы алынады. Мысалы, waijiao buzhang (сыртқы істер министрі) – wai zhang;

(3) Күрделі атаулардың құрамындағы алғашқы сөздің соңғы морфемасы мен кейінгі сөздің басқы морфемасы алынады. Мысалы, shuxue wu li huaxue (математика, физика, химия) – shu li hua;

(4) Күрделі атаулардың құрамындағы алғашқы сөз тұтас алынып, ең соңғы сөздің кейінгі морфемасы алынады. Мысалы, zhongyang dianshitai (Орталық телеарна, CCTV) – zhongyangtai;

(5) Күрделі атаулардың құрамындағы ұқсас бір морфема алынады. Мысалы, like gongke (жаратылыстану және техникалық ғылымдар) – ligongke.

(6) Күрделі атаулардың құрамындағы өкілдік сипатқа ие сөз не морфема алынады. Мысалы, renmin daibiao dahui (халық өкілдері құрылтайы) – ren dai hui.

Қытай тіліндегі күрделі сөздерді қысқартудың тағы бір жолы – бірыңғай мүшелі күрделі атауларды санмен жинақтап көрсету. Мысалы, chun, xia, qiu, dong (көктем, жаз, күз, қыс) – ci ji төрт мезгіл (ci – төрт, ji – мезгіл).

jīn, yīn, tóng, tiě, xī (алтын, күміс, мыс, темір, қалайы) – wu jīn бес металл (wu – бес, jīn – металл).

ér, bǐ, kǒu, mǔ, shē (құлақ, мұрын, ауыз, көз, тіл) – wu guān бес мүше (wu – бес, guān – мүше).

1. Қалибекұлы Т. Қытай тіліндегі негізгі грамматикалық бірліктер туралы // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №2. – Алматы, 2006.

2. Жоу Жян. Лексикология және лексикография бойынша зерттеулер. – Пекин, 1987.

3. Мектеп грамматикасы бойынша сериялы баяндамалар. – Пекин, 1987.

4. Лю Баюун, Шуй Шужын. Қазіргі қытай тілі. – Үрімжі, 1987.

Резюме

В данной статье рассматриваются определение, виды и способы образования, а также структурные особенности сложных слов в китайском языке.

Summary

The article deals with peculiarities of compound word structure of Chinese language.

«ЕРКЕК» КОНЦЕПТІСІН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН БАСКИМ АТАУЛАРЫНЫҢ ГЕНДЕРЛІК МӘНІ

Ж.Нұрсұлтанқызы – ф.э.к., доцент,
Ж.Исмағұлов – магистрант

Қазіргі заман лингвистикасында тіл негізінен екі парадигмада зерттеліп келеді деуге болады. Біріншісі – құрылымдық, екіншісі – антропоцентристік парадигма. Антропоцентристік парадигма өз шеңберінде гендерлік лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, когнитивті лингвистика, прагматика, лингвopsихология, паралингвистика сияқты жаңа салалардың ғылыми негізін зерделеп-тануға ықпал етті.

Гендерлік лингвистика тіл білімінде жыныстарға қатысты сөйлеу үлгілерін зерттейтін ғылым. Ал «гендер» ұғымы жынысты биологиялық тұрғыдан емес, оны әлеуметтік-мәдени құрастырылым ретінде айқындайды. Гендерлік зерттеулер аясына «жыныс», «гендер», «гендерлік рөлдер» сияқты ұғымдар енеді. Қарым-қатынас процесінде ер адамдар мен әйел адамдар арасында гендерлік ерекшеліктер байқалады. Адамның жынысқа бөлуіне қарай ерлер мен әйелдердің мінез-құлқы, іс-әрекеті ажыратылып отырады, олар түрлі қызмет атқарады. Тіл арнаулы «еркектік» және «әйелдік» болып бөлінбесе де, олардың сөйлеу әрекетіндегі мінез-құлқына қарай айырмашылықтар байқалады. Антропоцентристік парадигмадағы гендерлік лингвистика қоғамдағы гендерлік рөлдермен астасып, ұлттық-мәдени ерекшеліктермен, халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, наным-сенімдерімен тығыз байланыста қарастырылуды қажет етеді. Әлеуметтану сөздігінде: «Пол чело-века как sex определяется с точки зрения биологических различий, а как gender – представляет собой культурную и социальную конструкцию. Таким образом, существует два биологических пола (самка и самец) и два социо-культурных (мужчина и женщина)» – деген анықтама беріле келіп, этнос дүниетанымында қалыптасқан стереотиптерге байланысты ерлер мен әйелдер ара-сындағы қарым-қатынастың әлеуметтік құрастырылымы болып табылатыны көрсетіледі [1, 222]. ТМД елдерінде гендерлік топшылаулар 1990 жылдарда пайда бола бастады. Ресейде М.Арутюнян, Т.Рурко, А.Клецин, О.Воронина, Т.Клименкова, В.Бодрова т.б. зерттеушілер гендерлік бағытты дамытты. XX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап гендерді лингвистикамен байланыста қарастыратын ғылыми зерттеулер жарық көре бастады. Зерттеуші А.В. Кирилина өз еңбектерінде «ген-дер» және «жыныс» ұғымдарын ажыратып берді: «гендер (социальный или социокультурный пол) не является языковой категорией, но его содержание может быть раскрыто путем анализа структур языка, что объясняет востребованность лингвистической компетенции для изучения культурной репрезентации пола» [2, 133]. XX ғасырдың 80-шы жылдарынан бастап гендерлік зерттеулерге арналған еңбектер көбейе түсті. Тіл білімінде жыныстарға қатысты сөйлеу үлгілерін зерттейтін ғылым – гендерлік лингвистика пайда болды. Гендерлік лингвистика теориясын, әдіс-тәсілдерін талдап-түсіндіруде батыс лингвистері Дж.Лакофф, Д.Спендер, О.Есперсон, орыс лингвистері А.В. Кирилина, М.А. Китайгородская, Н.Н. Розанова елеулі үлестерін қосты. Гендер факторы қазақ ағартушы, зиялыларының еңбектерінде де жиі ескеріліп отырған. Қазақ гендерлік лингвистикасының негізін қалаушы көрнекті ғалым, профессор Қ.Жұбанов әртүрлі халықта әйел-дер тіліне тән ерекшеліктер болатынын көрсеткен. Қ.Жұбановтың еңбектерінде әйел тілінің спецификалық ерекшеліктеріне баса назар аударылған. Қ.Жұбанов «Күншығыстағы әйелдер тұрмысы ерекше жағдайда болғандықтан, әйелдерге арнаулы түрлі әдет-ғұрып өзгешеліктері мұнда жиі ұшырайды. Сол әдет-ғұрып өзгешеліктерінің бірі – осы күнге шейін Кавказда армян, грузин, түріктер арасында сақталған әйелдердің ым тілі. Жаңа түскен келіншек қай жерде бір айға, қай жерде бір жылға шейін ата-енесімен дыбыстап сөйлеспейді, ымдап сөйлеседі. Бұл тілді армяндар «нашнауар» дейді. Нашнауар сондай бай, сондай дыбыс

тілінен еш кемдігі жоқ сияқты. Мұндай, әйелдерге ғана арнаулы, жүйелі болмаса да, әйел тілінің өзгешелігі қазақта да жоқ емес. Сол өзге-шеліктердің бірі – әйелдерде ғана болатын «ернін шығару» (кеміткенде), «бетін шымшу» (ұят-сынғанда), «аузын шылп еткізу» (таңданғанда), «аузын быртылдату» (кекеткенде). Бұлар әйел-дердің специфик тілі болып табылады», – дейді [3, 41].

Қазақ халқының ұлттық-мәдени ерекшелігін танытатын этнографизмдердің бірі – киім-кешек. Әр халықтың ұлттық киімі өзінің айшығымен басқа халықтың киімдерінен ажыратылып отыра-ды. Қазақ халқының киіну мәнері көшпелі тұрмыстың салтымен тығыз байланысты. Әр этностың ұлттық киімі өзінің шаруашылығын, тұрмыстық өмірін, ұлттық дәстүрін, мәдени ерекшелігін, ұлттық мінезін, ұлттық дүниетанымын танытады. Киім-кешек адамдарға әлеуметтік және этика-лық қызмет атқарады. Адамның үстіндегі киіміне қарап әлеуметтік жағдайын, жыныстық ерекшелігін, жас мөлшерін, этникалық ортасын аңғаруға болады. Осыған байланысты қазақ халқы-ның ұлттық киімдері жас және жыныс ерекшеліктеріне сәйкес мынадай түрлерге бөлінеді: сәби киімі, бала киімі, бозбала киімі, бойжеткен киімі, қалыңдық киімі, келіншек, бәйбіше киімі, күйеу, жас жігіт, ақсақал киімдері т.б. Сол сияқты той, жиын, аза кезінде киетін киім түрлері де болған. Киім сонымен бірге этникалық (рулық, жүздік, аймақтық т.б.) және жалпы ұлттық ерекшеліктерді бейнелейді. Киім адамның жас ерекшелігі, әлеуметтік ортасы туралы хабар бере келіп, коммуникативтік қызмет атқарады.

Қазақ халқының баскиімдері жыныстардың гендерлік ерекшеліктеріне орай ерлер баскиімі, әйелдер баскиімі болып бөлінеді. Ерлердің баскиіміне: тымақ, бөрік, тақия, қалпақ, мұрақ, құлақ-шын, малақай, жалбағай, башлық, далбай, күләпара, пәс, топы т.б. жатады.

Тақия – сәтен, шұға, барқыт тәрізді маталардан тігіледі. Тақияның зерлі, үкілі, оқалы, сырма, шошақ төбе, тікше, қатипа тәрізді бірнеше түрлері бар.

Оқалы тақиясының жібек шоғы ырғала түседі (М.Әуезов «Абай жолы»). Ол ән, асқақ есіп соққанда, Көкшенің қалың сыпсың қарағайы – мынау әнші басындағы **оқалы тақияның** жібек шоғындай болып, теңселіп барып, төгіле жапырылып, жол береді, бас иеді... (М.Әуезов «Абай жолы»). Басында хажы сапарынан киіп қайтқан **шошақ төбе ақ тақиясы** бар (М.Әуезов «Абай жолы»). Базар қолды, тікше келген, ұнамды **қара қатиға тақиясы** бар (М.Әуезов «Абай жолы»).

Қалпақ – ақ киізден, қалың матадан жасалады. Қойдың ақ жүнінен, қозының ақ күзем жүнінен, ешкінің ақ түбітін қосып басқан шымыр киізден тігіледі. Еркектердің жеңіл баскиімі [ҚТТС, 594].

Мұрақ – екі жағы қошқар мүйізді, лауазымды адамдар киетін қалпақ. Оны сән-салтанатқа киеді.

Пәс – шашақты биік тақия.

Топы – жан-жағы тік, төбесі шошақ жалпақ тақия [ҚТТС, 205]. Танабайдың қызы басына күмістенген, үкілі қызыл шұбар **топысын** киіп, үйге бір кіріп, бір шығып жүр (С.Сейфуллин. шығ. Жин.). Олар да кимешек орнына ылғи қымбатты тастармен кестелеп, шимайланған **топы**, мойындарында жібек бөкебай (С.Шәріпов «Бекболат»).

Айыр қалпақ – аса қымбат матамен тысталаып, ішіне жұқа киіз немесе қалың мата салынып сырылып тігілетін ер адамдардың баскиімі. Сыртына өсімдік тектес өрнек салынып, алтын жіп-пен зерленеді. Оны ертеде, негізінен, хан-сұлтандар салтанатқа киетін болған.

...көпшік жайылған төрге **алтынды айыр қалпақ**, шолақ жең ұшы шым жібектен кестеленген жарғағын желбегей жамылған Ораз-Мұхамедтің өзі отыр (М.Мағауин «Аласапыран»). Оған басына **алтын оқалы айыр қалпақ**, үстіне етегі төгілген, өңірі мен екі шалғайы әшекей әдіпті, жон арқасы мен қос омырауы оюлы қызыл шапан... (М.Мағауин «Аласапыран»).

Тымақ – қасиетті баскиім. Тымақ – аңның немесе малдың терісінен тігілетін қыстық баскиім. Тымақтың тігілген терісіне байланысты түлкі тымақ, елтірі тымақ, құндыз тымақ, қарсақ тымақ сияқты түрлері бар. Тымақ төрт сайлы, биік төбелі, суықтан қорғайтындай етіп тігіледі. Тымақ-тың екі құлағы және мойынды жауып тұратын артқы етегі болады. Тымақты айырбастауға бол-майды, аяқ тигізбейді. Жақсы кісілердің тымағы атадан балаға мұра есебінде қалып отырған. Ертеректе қазақтар шала туған баланың неше күні кем болса, сонша күн тымаққа салып, кереге басына іліп қоятын болған. Тымақтың теріс киілуі – бүкіл бір жұрттың арыстай азаматынан айы-рылып, жұртының қабырғасы қайысқанын, яғни өте ауыр

қазаны білдіреді.

Мысалы, Олары өзге қыздан бөлінгенде байқалды. Бастарына еркектің баскиімін киіпті. Қара мақпалмен тыстаған жұқа қара **елтірі тымақтары** бар. Қыз кимейтін **баскиімнің артын алдына келтіріп, теріс киіпті**. Енді ғана анық көрінді, орталарына жетекке алған тұлданған қара көк аттың үстіне Бөжейдің ертоқымы ерттеліпті. Ер үстіне сол Бөжейдің осы өткен қыста Қарқаралы-ға киіп барған қызыл күрең ішігі жабылыпты. Ердің қасына қамшысын шәншіп, соған да **теріс қаратып**, Бөжейдің қысқы **түлкі тымағын кигізіпті** (М.Әуезов «Абай жолы»).

Ертеректе қазақ халқы тымағына қарап қай жүздің, қай рудың адамы екенін тани білген. Яғни, Арғын тымағы, Жалайыр мен Найман тымағы, Семей тымағы деген үлгілері болған. Ғалым Е.Жанпейісов өз еңбегінде тымақтың этнолингвистикалық табиғатын аша келіп, бірнеше түрін көрсетеді: төрт сай қарқаралы тымағы; алты сай сырма найман тымағы; жіңішке, ұзын төбелі керей тымағы; сегіз сай уақ тымағы; төрт сай аласа төбелі тобықты тымағы; алты сай тобықты тымағы т.б. [4, 130]. Тымақтың жаба салма тымақ, қайырма тымақ, дөңгелек төбелі тымақ, шошақ төбе тымақ, жекей тымақ сияқты түрлері бар.

Бұнда төрт сай, **аласа төбелі Тобықты тымағы**, жіңішке, **ұзын төбелі Керей тымағы**, сыр-маланған **алты сай Найман тымағы**, сегіз сай **Уақ тымағы** бар (М.Әуезов «Абай жолы»). Дулығасыз **түлкі тымақ** киген, мылжа-мылжа болған төртбақ денесі анадай жерге дейін домалап кетті (І.Есенберлин «Алмас қылыш»). Ал қыс болса киері – түйе жүн қалың күпі, тозығы жетіп қалған **қарсақ тымақ** (І.Есенберлин «Жанталас»). Басында жарғақ тысты **құндыз тымақ** қара мақпал жеңіл құндыз ішігінің сыртынын бозғылт түйе жүн шекпен жамылған (І.Есенберлин «Қаһар»). Астарындағы жұпыны аттары мен үстеріндегі **елтірі тымақ**, түйе шекпен, сірі етік, бұлардың кедей ауылдан екенін аңғартады (І.Есенберлин «Қаһар»).

Бөрік. Оны ерлер мен бірге әйелдер де киеді. Сырты мақпал, пүліш, баркыт тәрізді қымбат маталардан жасалады. Жиегіне қымбат бағалы аң, мал терісі ұсталатын бөріктің жазғы, қысқы түрлері болады. Төбесі көбінесе, төрт сай немесе алты сай болады. Қыздар киетін бөрік дөңгелек төбелі конус тәрізді биіктеу болып келеді. Сал-серілер бөріктеріне үкі таққан. Аңның терісіне қарап оларды құндыз бөрік, кәмшат бөрік, түлкі бөрік, күзен бөрік деп атайды. Ал сеңсең бөрік – сабалақ жүнді елтіріден жасалады.

Қазандай-қазандай бастарындағы **сеңсең бөріктерін** серпілдете, қолдарындағы көк найзала-рын күнге ойната, жау шебіне садақ оғы жетер жерге жеткенше жұбын бұзбай, кішігірім тайлақ-тай астарындағы текежауыт, ақалтеке сәйгүліктерін желе шоқытып, жауар бұлттай тұтаса келе жатқанда қандай жау жүрек әскер болса да бір әбігерленіп қалатыны айдан анық (І.Есенберлин «Алмас қылыш»). Мінбеге қияқ мұттты, ақсұл келген **құндыз бөрікті**, отыздар шамасындағы жігіт шықты (І.Есенберлин «Жанталас»).

Қазақ халқы бөрікті тек киім ретінде емес, этникалық құндылық ретінде жоғары бағалаған. Қарым-қатынас жағдаяттарында біреудің аяғына жығылып, кешірім өтінгенде, бөрікті шешіп оның аяғына тастап, кешірімін алған. Осындай бейвербалды амал кешірім сұрау ретінде қолда-нылып отырған. Сондай-ақ «бөркін аспанға ату» кинемасы адамның қатты қуану әсерінен туған.

Құлақшын – бағалы аң терілері мен бұзау, құлын, қозы-лақтың бұйра терісінен (елтірі) тігіледі.

Малақай – аң терісі мен елтіріден арасына жүн, мақта салып, сырып тігеді.

Сәлде – молдалардың орап киетін баскиімі. Көтеріле ашылған есіктен жасы қырықтың жуан ортасына жаңа келген, қайратты, төртпақ тұлғалы, қаба сақал, ширатылған ұзын бурыл мұртты, үстіне киіп, басына **әсем көк сәлде** ораған келбетті кісі иіле қол қусырып ішке кірді (М.Мағауин «Аласапыран»).

Жалбағай, башлық, далбай, күләпара. Оларды тымақ тәрізді етіп қалың не жұқа ақ киізден тігіледі. Жалбағай – малшылардың жаздық баскиімі. Матадан астар салынып тігілетіні – күләпа-ра, қысқа киетін түрі – жалбағай.

Сырдың бойынан, қырдың қойнынан өре түрегелген өңшең **жалбағай** тымақтылар тұс-тұсынан қалың қолға қосылып кетті (І.Жансүгіров. Шығ. жин.).

«Күлә» парсы тілінен аударғанда баскиім деген мағынаны береді. Мауыттан, шұғадан, шидем-нен тігіледі. Басты шаңнан қорғау үшін жазда не жаңбыр мен қардан сақтану үшін қыста тымақ-тың сыртынан киетін жеңіл баскиімнің бір түрі. Күн кешкірді. Өзірге дүние тек

қабағын түйіп тұрған тәрізді. Қазанғап **күләпарасын** жаңа киді басына (Ғ.Мұстафин «Дауыл»). Жалбағайды тымақ сыртынан да киген. Түйе жүн далбайды ертеде түріктер «башлық» деп атаған. Ақ таяғын кеудесіне тіреп, бара **далбайды** баса киіп Әлекең тұр (Б.Майлин, Шығ.жин.).

Делегей – қыста қардан, жауын-шашыннан қорғану үшін құлақшынның, тымақтың сыртынан киетін жамылғыш бас киім.

Қорыта келгенде, қазақ лексикасындағы киім-кешек атаулары – қазақ халқының әсем тұрмыс-сын, табиғи сұлулықта жарастыра білген мәдени өмірін, әр кезеңнің тарихын, эстетикалық талға-мын танытады. Ұлттық мәдениеттің көрінісі болып табылатын баскиім атауларынан этносымыз-дың ұлттық дүниетанымы, халықтық болмысы, эстетикалық талғамы, әлеуметтік ерекшелігі айқын байқалады.

1. Аберкромби Н., Хилл С., Тернер Б.С. *Социологический словарь* // Пер. с англ. под ред. Ерофеева С.А. – Казань: Изд-во Казан. ун-та, 1997. – 420 с.

2. Кирилина А.В. *О применении понятия «гендер» в русскоязычном лингвистическом описании* // Фило-логические науки. №3. 2000. – С. 38- 45.

3. Жұбанов Қ. *Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер*. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.

4. Жанпейісов Е. М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976. – 167 б.

Резюме

В статье рассматриваются объект исследования гендерной лингвистики и национально-культурная специфика головных уборов, касающийся концепта «Мужщина».

Summary

The article is concerned about the research object of gender linguistics and national-cultural specification of head-dresses related to the concept «Man».

УТОЧНЕНИЕ В ПРЕДЛОЖЕНИИ КАК ЯВЛЕНИЕ СИНТАГМА СИНТАГМОВ

А.Маммадова – докторант, Институт Языкознания им. Насими
Национальной Академии Наук Азербайджана

Живость, пестрота, компактность и поэтичность, широта возможностей выражения выбранных, использованных слов придают ясность и серьезную своеобразность художественному языку. Но все это не изолирует художественный язык от живой разговорной речи, литературного языка, в широком смысле от общенародного языка. Профессионал заимствует слова и выражения из общенародного языка и использует целесообразно, их в соответствии с требованием художественного текста. В художественном тексте слово приобретает разноцветные оттенки, обуславливает разностороннее выражение мысли.

Художественный язык предпочитает малочисленность слов и широту мысли во всех жанрах [4, 74]. Несмотря на это, художественный стиль обуславливает приобщение слов и выражений в дополнение к речи и предложениям, составляющих основу речи. Потому что, особенно в художественном произведении для обеспечения «широты мысли» не всегда можно обойтись «малостью слов».

Дополненные речевые (языковые) единицы, в то время, как для произведений, написанных в нейтральном стиле, производят эффект чрезмерного количества ненужных слов; в художественной литературе занимает, важную позицию, исходя в стилистической необходимости. Единицы, которые мы называем уточняющими членами предложения, являются одним из такого рода дополнений. Уточняющие члены предложения – это члены предложения, ограничивающие объем понятия, выражаемого предшествующим одноименным уточненным членом предложения» [7, 503].

Прежде всего, нужно отметить, что уточняемый и уточняющий члены в предложении образуют единую синтагму.

По учению Ф. де Соссюра, «понятие синтагмы можно использовать не только в

отношении слов, но и словосочетаний, сложных единиц любого типа и любого размера (сложных слов, про-изводных слов, членов предложения, целых предложений). Еще не достаточно рассматривать соотношения объединяющие отдельные части синтагмы между собой; нужно учитывать и соот-ношения, которыми целое связано с его частями» [2, 232].

Несмотря на то, что в любом предложении конкретная синтагма строится в форме словосоче-таний разного характера, в действительности проявляются заметные отличия между понятиями синтагма и словосочетание. Так, в первую очередь, говоря о синтагме, имеются ввиду сочетание, различаемое в процессе разделения предложения по членам [7, 386-387]. Рассмотрим следующие предложения:

Kəndin kənarındakı taxta evlərin arxasında axan çayın qırağında oynayan uşaqların səsi kəndin ortasında eşidilirdi.

Kəndin kənarında, taxta evlərin arxasında, axan çayın qırağında oynayan uşaqların səsi kəndin ortasında eşidilirdi.

В первом предложении сочетание *Kəndin kənarındakı taxta evlərin arxasında axan çayın qırağında* выступает как обстоятельство места. Это сочетание основано на комплетивном отношении. Каж-дый компонент сочетания связан с последующим по грамматическому признаку.

Во втором предложении между компонентами сочетания *Kəndin kənarında, taxta evlərin arxasında, çayın qırağında* отсутствует признак грамматической связи. Здесь сочетание *Kəndin kənarında* с сочетанием *taxta evlərin arxasınd*, а сочетание *taxta evlərin arxasında*, в свою очередь, – с сочетанием *çayın qırağında* образуют синтагму только на основе копулятивной связи. На пер-вый взгляд, эти три сочетания кажутся однородными членами. В действительности же выраже-ния *taxta evlərin arxasında* и *çayın qırağında* уточняют предшествующее им обстоятельство места *Kəndin kənarında*. В отличие от первого предложения, во втором привлекает внимание отсутствие наличия связи по грамматическому признаку между тремя словосочетаниями. То есть:

1945-ci ilin 9 mayı tarixə faşizm üzərində qələbə günü kimi düşmüşdür.

1945-ci il mayın 9-u tarixə faşizm üzərində qələbə günü kimi düşmüşdür.

В первом предложении обстоятельство времени *1945-ci ilin 9 mayı* выражено определитель-ным словосочетанием третьего типа.

Выражение *1945-ci il mayın 9-u* во втором предложении образовано сочетанием двух дат (*1945-ci il* и *mayın 9-u*). Здесь между датами отсутствует грамматический признак: второй компо-нент, следуя непосредственно за первым, уточняет его.

Yet there were still others, men and women, old and young, who, on meeting him occasionally when he was sober and perfectly groomed, could not help regretting that he had not married a fortune and so restored himself to the groups which he could so well adorn (T.Drieser).

В приведенном примере однородные члены *men and women, old and young* следуют за подлежащим предложения (*still others*), и уточняют его без наличия какой-либо грамматической связи.

Необходимо заострить внимание и на том, что явление уточнения какого-либо члена предло-жения, о котором говорились выше, может осуществляться другим, отдельным предложением. Например:

M.Yoshoto was there to meet. He was a tiny man, not more than five feet tall, wearing a rather soiled linen suit, black shoes, and a black felt hat with the brim turned up all around (J.D. Salinger).

Как видно, для уточнения внешнего вида мистера Ешото, имя которого упоминается в первом предложении, прибегает к помощи второго предложения. В этом случае явление уточнения наблюдается даже если отсутствует уточняющий член предложения: уточнение осуществляется совершенно другим предложением и в положении дистанты. Уточняющий член предложения должен находиться в одном предложении с уточняемым и, в большинстве случаев следует непо-средственно за ним. В этом примере возникает необходимость в изменении его структуры, чтобы преобразовать второе предложение в уточняющий член:

M.Yoshoto, a tiny man, not more than five feet tall, wearing a rather soiled linen suit, black shoes, and a black felt hat with the brim turned up all around.

Таким образом, как видно, уточняющий член предложения следует за уточняемым, граммати-чески с ним не связан, но образуют синтагму, основываясь на смежной связи.

В целом, любая комбинация знаков со специфическим и последовательным значением

составляет синтагму [3, 113]. Сочетания из вышеприведенных предложений *Kəndin kənarında, taxta evlərin arxasında, çayın qırağında, 1945-ci il mayın 9-u, men and women, old and young* – каждое в отдельности составляют одну синтагму. В каждом предложении такие синтагмы воспринимаются как «первые синтагмы». Но и мерные синтагмы в предложении создают между собой связь.

«Взаимосвязь, которую образуют между собой синтагмы, дает возможность возникновению связи слова или словосочетания с разными синтагмами» [6, 330]. Таким образом, отождествление синтаксической связи в синтагме высшего уровня (синтагма синтагмов), дает нам возможность исследовать синтагматическую структуру («форму внутренней связи») как «дополнительную» или «комбинаторную» [3, 114].

Синтагматические связи имеют свою функциональную ценность. В действительности, в синтагме определенные единицы одного функционального уровня или слоя объединяются, чтобы образовать единицы высшего уровня: между этими единицами на уровне их объединения возникают определенные синтагматические функции, хотя и не всегда заметные.

Если каждый из, уточняющих и уточняемых членов предложения выражаются отдельным словом, образуется «первая синтагма», если выражаются отдельным словосочетанием или предложением образуется «синтагма синтагмов». В этих случаях, синтагма синтагмов строится не на грамматической, а только на копулятивной связи: в объединении таких синтагмов между собой морфологические признаки не используются.

В действительности, уточняющий член предложения не должен объяснять значения уточняемого члена предложения, а должен способствовать уточнению его частей как целого, частей, которые считаются более актуальными во время процесса [см. 1]. Такое уточнение осуществляется двумя способами:

1. Части целого (уточняемого члена) представляются по отдельности;

2. Представляется часть целого (уточняемого члена), эта часть сама превращается в уточняемый член и представляется её (части) часть; так возникает кольцеобразная звеньевая структура, в которой каждое кольцо уточняет предшествующий себе член.

В первом случае, части целого по отношению друг к другу не отличаются от однородных членов предложения. Например, в предложении *Qadınlar, qocalar, uşaqlar, fəhlələr, kəndlilər, ziyalılar 1937-ci ilin dəhşətli repressiyasından keçməli oldular*.

Qadınlar, qocalar, uşaqlar, fəhlələr, kəndlilər, ziyalılar выступают в форме группы самостоятельных однородных подлежащих.

Если добавить к началу предложения какое-то целое понятие, обобщающее перечисленные денотаты, то все эти однородные члены уже вступают в связь с этим обобщенным понятием, они начинают носить функцию уточняющего члена предложения и к предикативной части предложения присоединяются вместе с обобщенным понятием.

Sovet adamlarının hamısı, qadınlar, qocalar, uşaqlar, fəhlələr, kəndlilər, ziyalılar 1937-ci ilin dəhşətli repressiyasından keçməli oldular.

Как видно, каждое из однородных членов по отдельности, в самостоятельном порядке уточняют целое *Sovet adamlarının hamısı*.

Количество таких уточняющих параллельных членов может быть различным. Чтобы доказать это, можно уменьшить или увеличить, а так же заменить уточняющие члены, например:

1) *Sovet adamlarının hamısı,*

qadınlar,

qocalar,

uşaqlar,

fəhlələr,

kəndlilər

1937-ci ilin dəhşətli repressiyasından keçməli oldular.

2) *Sovet adamlarının hamısı,*

qadınlar,

qocalar,

uşaqlar,

fəhlələr,

*kəndlilər,
alimlər,
yazıçılar,
incəsənət xadimləri
1937-ci ilin dəhşətli repressiyasından keçməli oldular.*

*3) Sovet adamlarının hamısı,
alimlər,
yazıçılar,
incəsənət xadimləri,
inşaatçılar,
mühəndislər
1937-ci ilin dəhşətli repressiyasından keçməli oldular.*

Нужно иметь в виду, в ситуации параллельного перечисления частей целого должны принимать участие самое меньшее два уточняющих члена предложения, потому что «перечисление» невозможно при наличии только одного члена предложения. То есть:

*Sovet adamlarının hamısı,
qadınlar,
1937-ci ilin dəhşətli repressiyasından keçməli oldular.*

– в этом варианте возникает семантико-стилистический недостаток в предложении. Требуется минимум перечисления (участие минимум двух уточняющих членов). То есть:

*Sovet adamlarının hamısı,
qadınlar,
qocalar,
1937-ci ilin dəhşətli repressiyasından keçməli oldular.*

В противном случае, если используется только один уточняющий член предложения, возникает обязательная необходимость добавления к нему одного слова (модального) ими выражения. То есть:

Sovet adamlarının hamısı, o cümlədən, qadınlar 1937-ci ilin dəhşətli repressiyasından keçməli oldular.

Как видно, в этом случае явление уточнения в предложении исчезает.

Этот тип уточняющих членов предложения можно назвать перечисляемыми уточняющими членами предложения.

Во втором случае уточняющий член какого-то уточняемого (целого) сам приобретает суть уточняемого члена (целого) и уточняется другим членом, и эта продолжительность носит звеньевой характер; уточняется часть целого, потом часть части, после её часть и т.д. В этом случае, каждый уточняющий член, следующий непосредственно за уточняемым, объединяется с ним смежной связью. Например:

Həmin il yay günlərində, axşam çağı, ay təzəcə çıxanda bağ qonşuları bir yerə toplaşar, şirin söhbətə dalardılar.

Рассмотрим это предложение в следующих вариантах:

Həmin il bağ qonşuları bir yerə toplaşar, şirin söhbətə dalardılar.

Həmin il yay günlərində bağ qonşuları bir yerə toplaşar, şirin söhbətə dalardılar.

Həmin il yay günlərində, axşam çağı bağ qonşuları bir yerə toplaşar, şirin söhbətə dalardılar.

Həmin il yay günlərində, axşam çağı, ay təzəcə çıxanda bağ qonşuları bir yerə toplaşar, şirin söhbətə dalardılar.

Очевидно, что основную мысль можно выразить в самом кратком (первом) варианте. Но целое *Həmin il* в этом предложении требует уточнения времени, что можно осуществить двумя способами:

1) уточнение точной естественной датой (например, *Həmin il 1945-ci ildə*);

2) уточнение путем описания (выражения *yay günlərində* соответствует этому требованию) показанной даты (*Həmin il*). После чего, (*həmin il*) *yay günlərində* само приобретает суть целого и уточняется выражением *axşam çağı* и все продолжается по такому принципу.

A few weeks later, early in 1930, our rather mixed threesome moved from New York to Paris (J.D. Salinger).

В данном предложении обстоятельство времени *A few weeks later* считается «целым» в том смысле, что оно выражает общее время, прошедшее после события, описанного в

предыдущем предложении, и возникает необходимость уточнения времени (A few weeks later – когда именно, в каком году, в каком месяце?). Последующее обстоятельство времени *early in 1930*, хотя, и отчасти, но уточняет предыдущее обстоятельство, внесло относительную конкретность во времени.

Этот топ уточняющих членов предложения можно назвать звеньевыми уточняющими членами предложения. Так, мы наблюдаем два способа осуществления явления уточнения. В обоих случаях синтагмы объединяются между собой на основе копулятивной связи. В обоих случаях уточняющие члены предложения остаются зависимыми от уточняемых. Именно это особенность отличает уточняющие члены предложения от однородных. В то время как однородные предложения являются единицами одного уровня (полноправными), не зависят и не состоят в синтагматической связи ни с одним из других членов предложения, уточняющие члены предложения синтагматически зависимы и управляются уточняемыми членами предложения.

А также, если однородные члены стоят в предложении друг за другом, то уточняемый и уточняющий члены в предложении быть в разбросанном порядке. Например, Б.Серебренников отмечает, что типичные конструкции разговорного синтаксиса устной речи русского языка приводят к распаду уточнения в предложении, то есть способствуют возникновению между уточняемым и уточняющим компонентами положения дистанта, например: Тогдашний главный меня защитил, Георгий Владимирович, наш профессор, он был тогда главным [см. 5, 9].

Как правило, в заранее подготовленной письменной речи постановка отношений дистанта уточняемых и уточняющих членов предложения не наблюдается.

Внешний признак уточняющего члена предложения состоит в его непосредственной постановке после уточняемого члена предложения.

1. Adilov M.İ., Verdiyeva Z.N., Ağayeva F.M. *İzahlı dilçilik terminləri*. – Bakı: Maarif, 1989.
2. De Sössür Ferdinand. *Ümumi dilçilik kursu*. – Bakı: BDU, 2003.
3. Koseriu. *Ümumi dilçiliyə giriş*. – Bakı: Mütərcim, 2006.
4. Мецанинов И.И. *Члены предложения и части речи*. – М., 1945.
5. Политова Л.В. *Художественный текст как источник изучения разговорной речи. Автореф. дис. канд. фил. наук*. – СПб, 1992.
5. Реформатский А.А. *Введение в языковедение*. – М.: Просвещение, 1967.
6. Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. *Словарь-справочник лингвистических терминов*, – М.: Просвещение, 1976.

Түйін

Таңдап алынған, пайдаланылған сөздердің табиғилығы, әр алуандығы, тұтастығы, және үйлесімділігі, пікірді жеткізу мүмкіндіктерінің молдығы көркем тілге анықтық, салмақтылық береді. Алайда бұлардың барлығы көркем тілід нақты өмірдегі сөйлеу тілінен, әдеби тілден, кең мағынадағы жалпыхалықтық тілден бөліп әкетпейді. Маман жалпыхалықтық тілден сөздер мен түсініктерді ала отырып, олардың мақсатына сай, көркем мәтіннің талаптарына сәйкес пайдаланады. Көркем мәтінде сөз сан алуан реңкке ие болады, ойды жан-жақты жеткізуге көмектеседі.

Автор мақаласында синтагмалардың синтагмасын сөйлем ішінде құбылыс ретінде нақтылау туралы тоқталады.

Summary

This article is dedicated to one of the most insufficiently explored problems of the speech grammar the study of the specifying members of the sentence. Here is analyzed their structural peculiarities by which two types of the specifying members are distinguished:

1. the specifying transferred members of the sentence;
2. the specifying linking members of the sentence.

Both of these types have identical homogenous members of the sentence peculiarities, but differ from them as well.

Т.АХМЕТЖАН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ КӨРІНІСІ

Ж.Мазибоева – оқытушы, Қазақ тілі теориясы және әдістемесі кафедрасы
Абай атындағы ҚазҰПУ

Адамзат баласының шындық болмысты танып-білуі барлық халықта бірдей екендігі анық. Яғни таным-түсінік тіл арқылы емес, ми қызметі арқылы жүзеге асады. Ми қызметінің нәтижесінде тілдік бірліктер объективті дүниемен байланысады. Ми қызметі арқылы адам дүниені таниды. Ал осы адам танымының нәтижелері дыбыстық кешендер арқылы тілден көрініс табады. Ал дыбыстардың тілде белгіленуі тілдік таңба болып табылады. Осыдан барып тілдің мазмұндық және тұрпаттық межелері айқындалады. Олай болса, тіл – ойлаудың құралы, ал ойлау, яғни таным – шындық дүниенің бейнесі. Бұл ғалам бейнесінің тілден көрініс табуы, яғни ғалам туралы ақпаратты тілдік таңбалар арқылы айқындау – ғаламның тілдік бейнесі деген ұғымды тудырады. Тіл – ғалам бейнесін объективтендіретін форма. Демек, “ғаламның тілдік бейнесі” дегеніміз – тілдік жүйеде таңбаланған, тіл арқылы көрінетін тіл иесінің ғалам туралы білімдерінің жиынтығы. Ғаламның тілдік бейнесінде адамның ғалам туралы түсініктері ғана емес, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, наным-сенімі сияқты ұлттық дүниетанымы да көрініс тауып отырады [1].

Тіл – дүниетаныммен тығыз байланысты ұғым. Әрбір халықтың өзіне ғана тән ұлттық дүниетанымдық түсініктері болады. Ұлттық дүниетаным – қандай да бір ұлттың басқаларға ұқсамай-тын өмір сүру дағдысы, адам және сол дүниедегі тіршілігіне деген көзқарасы. «Тіл – ең әуелі сол ойды әр ұлттың өзіндік танымына ғана тән, мыңдаған жылдар бойына дарытқан дүниетанымдық негізде құрап беруші құрал [2, 4]. Яғни, тілде әр халыққа тән ұлттық дүниетаным көрініс тауып отырады.

В.Гумбольд “ұлттың өзіне тән, іштей дамитын рухы бар, сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып, сактап, ұрпақтан-ұрпаққа беруші күш – тіл” деп көрсетеді. Ғалым тілді адамның ойымен, санасымен, оның мәдениетімен және рухани өмірімен тығыз байланысты қарайды. Тіл мен рух – Гумбольдтің пікірінше, біртұтас ұғым. Оның пікірінше, тіл дүниені тікелей, тура бейнелемейді. Тілде адамның дүниені қалай түсінетіні көрініс береді [3, 349]. Шешендік сөздердегі дүниетанымды зерттеген Г.Қосымова: “Адамзат, тіршілік, өмір т.б. туралы адамдардың алған білімдерінің көпшілігі абстрактылы ойлаудың маңызды бір формасы – ойқорытындының көмегімен алған білімдер. Олар тіл арқылы біреуден біреуге жетіп отырады. Біз өзімізді қоршаған дүние туралы білімді ұғым, пайымдау, пікір, ойқорытынды формасында тұжырымдаймыз” [4, 213] дейді.

Тілтанымдық зерттеулер негізінде көркем шығарманың тілдік ерекшеліктерімен қоса дүниетанымдық ерекшеліктерін де зерттеу қазіргі тіл біліміндегі басты мәселелердің бірі. Осы арқылы көркем шығарма авторының тілі мен дүниетанымдық ой-пікірін, көзқарасын тұтас ұлт тілі, ұлттық ерекшелік ретінде танып біле аламыз.

Қаламгер дүниетанымның қалыптасуына белгілі бір тарихи кезең, қоғамдағы әлеуметтік орта, ұлттық дүние бейнесі өз әсерін тигізеді. Ұлттық дүниетаным мен жазушының қиял дүниесі, яғни автор дүниетаным астасып жатады (1).

Көркем шығармалардың ішінде әртүрлі тақырыпқа жазылған шығармалар ұлттық дүниетанымдық лексемаларды молынан қамтиды. Біз Т.Ахметжанның шығармаларын ұлттық дүниетанымдық түсінікті бере алатын, дүниетанымдық лексеманы молынан қамтыған көркем шығарма деп санаймыз.

Т.Ахметжан шығармаларынан қазақтың ұлттық болмысы мен діни танымын, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін, ұлт мәдениеті мен қазынасын көруге болады. Суреткер хикаялары мен әңгімелері дүние бейнесін көз алдымызға әкеліп, ұлттық менталитеттен хабар береді.

Т.Ахметжан шығармаларындағы ұлттық дүниетанымның тілдегі көрінісін әр қырынан көруге болады. Қаламгер өз туындыларында қазақ халқына тән психологиялық ерекшеліктерді ұлттық ерекшеліктердің тілдік көрінісі ретінде қолданған. Мысалы, “Айқасқа” әңгімесінде *«Ақай мен Бақайдың әкесі Қапсадық – Алтай өңіріне әйгілі жалаңтөс батыр кісі еді. Жеті атасынан бері сіңірі шыққан кедей болаты. Көре алмаған ағайын: «Әкесі түйе үстінен ит қабатын ынжық еді, тілі сала құлаш көкәйыл шешесіне тартқан гой, қатынға тартқан ұл қаншаға ұзар», – деп күндеп отыратын-ды»* (188). Келтірілген мысалдарда баланың нағашыға ұқсауы, нағашысына тартқанына қуанудың орнына оны қазақтың көре алмауы – қазақтың қанына біткен **ұлттық мінез** екені айдан-анық. *«Қапсадық орта ғана бойы бар, қызылырайлы, көзі өңменіңнен өтетін өжет кісі еді. «Мен кісі ақысын жемеймін», – деп отыратын тілге шешен, саудаға жүйрік болатын. Қаршығадай түйіле қарағанда, қарсыласы еріксіз ығып, сөз таба алмай жуасып қалатын»* (188). Автор Қапсадықтың білегі мен жүрегі бірдей, қайсар мінезін жалғыз ғана Қапсадыққа тән емес, жалпы қазақ халқының **ұлттық мінез ерекшелігі** ретінде көрсетеді.

Қаламгер адамның мінез-құлқы мен оның бойындағы психологиялық иірімдерге толы көзқа-

растарды әсерлі суреттей отырып, **ұлттық психология** жайлы хабар береді. «Қожайынмен бір-неше рет ере келіп, **еркелей** қонақ боп қайтып жүрген сұлу бойжеткен осындай сый-құрметке әбден еті үйренген сыңайлы; ...Жас бойжеткеннің өзін ұстай білудегі мәдениеттілігі тәрбиелі ортадан шыққандығы мен **тектілігін танытады**» (70). Халқымыздың санасына жазылып қалған, адамаралық қатынаста айқын көрінетін қанмен сіңген қасиетті қазақта тектілік қасиет деп текке атамаған. Тектіден текті туар сараланып деген халқымыз тек деп тегіне қарап сөйлеген. «...Осы бір еліктің лағындай сүп-сүйкімді періштені қожайыннан неге өлердей қызғанатынын өзі де білмейді, ... бұл өзі ғаламат, қызғаныштан да қызулау жұмбақ сезім еді». Бұл мысалдарда қыз баласы үшін әкесі ет-жүрегі езіліп, жанын беретіні сияқты қазақы түсініктер көрініс тапқан.

Әрбір шаңырақтың тағдырына бейжай қарамаған қазақтың тек өзіне ғана тән ұлттық ерекшеліктерін көрсететін бірліктер жазушы шығармаларында молынан кездеседі. «**Әкең марқұм: «Қара шаңырақтың иесі Бақайым», – деп басыңнан сипап отырушы еді...**» (184). Қазақ өзге балаларын еншісін беріп, отау етіп шығарады да, кенже баланы қара шаңырақтың иесі деп, қолына ұстап қалатын. «...**«Жесіріне ие бола алмады»** дегізбе елге. Асан ағаңның **шаңырағына енді сен ие боласың!**» (126), «...Аталарымыз **«он үште отау иесі»** деген» (127), «...Ағасының **орнын жоқтатпайды** енді... Кәне, қолдарыңды жайыңдар, батамды берейін!.. ...**«Орнында бар оңалар»** деген. Екеулеп Асанжанның **түтеткен түтініне ие болыңдар, қарақтарым! Атадан жалғыз еді. Ғұмыры қысқа болды. Соңынан ерген мына жалғызын бөтеннің бетіне жсаутаңдатпайық** деген тілек қой менікі. **Шаңырағын шайқалтпаңдар, баталарым! Айнашқа әрі аға, әрі әке бола біл, балам! Бір ошақтың тағдырын саған сеніп тапсырып отырмын...**» (128). Түтеткен түтінге ие болмақ түгілі, сол түтіннің түзу ұшқанын жіті бақылайтын, ұрпақ қамы мен сол ұрпақтың сана тазалығын, қан тазалығын сақтайтын әлемдегі жалғыз ұлт болса, ол – қазақ. Қазақтың ұлттық психологиялық танымын көрсететін мысалдар жазушы шығармаларында көптеп кездеседі.

Суреткер өз шығармаларында ұлттық психологияны кейіпкер сөздері арқылы да көрсете білген.

« – Ауылдағы жесір атаулыны адақтап түк қоймағаныңмен тынбай... Енді баланы бұзайын дедің бе? – деп шешем шаңқылдап жатыр екен.

– Оу, не көкіп отырсың өзің? – деді әкем.

– Әй, анау апасымен жасты қатынның қойнына апарып жас баланы неге саласың? Ол қатынға бұл ауылда одан өзге еркек...

– Әй, оттама деймін саған, Қарлыға – Дарынның **әмеңгері! Сол үйдің ендігі иесі Дарын! Айнаш тұрғанда Қарлығаны қаңғытып жіберуге біздің қақымыз жоқ! Обал болады. Жетім-жесірдің көз жасына қаламыз...** Оларда енді сенің шаруаң болмасын!

– Шаруам болады! Болғанда қандай! **Әмеңгері** несі? Ол қайдан шыққан заң?!

– **Атам қазақтың заңы!...**»

Жоғарыдағы мәтінде **қазақтағы әмеңгерлік салт** Дарынның әке-шешесінің ұрсысуына негізгі себеп болып отыр. Әкесінің шегелеп тұрып айтқан сөзінен бұл салттың қазақтың жазылмаған заңы екендігін анық байқауға болады. Бұл жерде **жесірін қаңғыртпаған қазақтың** дүниетанымдық түсінігі, ұлттық психологиясы айқын көрініс тапқан.

Т.Ахметжан шығармаларында жігіттің болашақ жарының адал болуы, пәктігін жоғалтпай келу қажеттігі жайлы ұлттық дүниетанымдық түсініктер де көрініс тапқан. Мысалы, «**Бәсе-бәсе, сұлу-дың төсек рахатына аса ынтызарлығы көңіліне күдік ұялатып кеткен еді, үркек көңіл бекер секемденбепті гоі. Беті ашылмаған қыз болса сөйтер ме еді...**» (95), «...**О, тоба, қарғыс атқыр ақжаймада дақ жоқ! Япыр-ау, бұл қалай болғаны! ...Дақ тимеген қардай аппақ ақжаймаға ұзақ тесілуге дәті жетпеді. ...Ақжаймаға сүзіліп тұрып көз алды бұлдырағанын, жанарынан ытқып жас шыққанын көрді**» (96). “Сұлу мен суретші” хикаятындағы суретші өз сұлуын пәк қызға балап, кейіннен ол ойының теріске айналуы басты кейіпкердің өмірін мүлдем басқа арнаға бұрып жібереді. Бұл мысалдардан қазақтың ұлттық психологиясы айқын көрініс тапқанын көруге болады.

Т.Ахметжан шығармаларында уайымсыз тіршілік еткен қазақы тұрмыс пен сол тұрмысқа дағдыланған жайбасар қазақтың басына іс түскен кезіндегі іс-әрекеті де, таным-түсінігі де шынайы беріледі. Мысалы, «**«Жұт жеті ағайынды» деген тегі рас. Өзіңе көрінгір, малдың былтыр егізден тууы жаман еді. Аяулы ана секем алып қалған. Кешегі қаймағы бұзылмаған жарастанық, қымызға бөрткен қызулы күндер қайда кетті? Іргесінен ат үзілмеген, төрінен мейман тарқамаған киелі шаңырақтың бір-ақ күнде түндігі жабылғаны ма?**» (190). Қазақ дүниетанымында адамның дүниеге көзқарасын мезгіл не белгілі бір құбылыстармен байланыстыратыны белгілі. Келтірілген мысалдардан қазақ халқы ырым-тыйымдарды өзінше бір өлшеммен белгілейтін, әрбір ісіне соншалықты мән беретінін көре аламыз және қазақтың ұлттық дүниетанымы мен ұлт-тық психологиясы айқын көрініс тапқан.

Т.Ахметжан шығармаларында ұлттық ерекшелік болып табылатын қазақ өнерінің болмыс-бітімі де кеңінен ашылған.

«Иә-иә, ән шырқамаса отыра алмайтын болған соң сахнаға шықты емес пе» (59), «Көрші үйден домбыраның үздіккен үні күмбірлеп қоя берді. Бойжеткеннің күміс қоңыраудың сыңғы-рындай жүрек тербер әсем сазды, сан бояулы сырлы дауысы ап-анық естіліп тұр:

*Алтын қайық жарасар күймесімен,
Наздана алмас сұлу қыз сүймесімен.
Айқарагөз, жүрмісің сау-саламат,
Қызыл гүлім-ай!*

Ұшқынның көзінен ыстық жасы ыршып-ыршып кетті...» (60). Домбыра – ұрпақ арасындағы сабақтастықтың алтын арқауы, уақытаралық қатынастың басты құралы. Халықтың тарихи тағдырымен тамырлас оның өміршеңдігі уақыт талғамайды. Т.Ахметжанның «Сынық қанат көбелек» хикаятында ән өнері қазақ халқының ұлттық аспабы – домбыра мен өз жолынан жаңылысып, бағытынан адасқан бір кездегі атақты әнші Ұшқынның көңіл-күйі арқылы көрініс тапқан.

«Мен танитын адамдардың бәрі сіздің талантыңызға бас ұрып, мақтағанда жер-көкке сый-ғызбай аспанға көтеріп, сізге теңдес адам таппай теңселіп отырғандары. Сізді Біржан салдың, Ақан серінің, Үкілі Ыбырайдың қатарына апарып қойғысы келетіндер де бар. Атыңызды аңыз етеді көпшілік. Бірақ сіз сахнада қаншалықты арқалы, асқақ болғаныңызбен, өмірде соншалықты қарапайым екеніңізді көріп қарным ашып қалды» (63).

ственное начало. В казахском языке, в отличие от русского языка, ядерная лексема *адам* во 2 и 3 значениях имеет собирательное, обобщенное значение и предстает перед нами как совокупность лиц: человечество, большинство. В традиционной казахской культуре *адам* прежде всего член общества, в нем преобладает общественное, коллективное начало, поэтому в казахском языке понятие «человек» наполнено социальным содержанием в большей степени, чем в русском языке. Ядерная лексема *адам* параметризует идеальное значение – «человек, какой он должен быть». В базовых номинациях понятия «человек» наблюдается параметризация в зависимости от совокупности индивидуальных качеств, а также принятых национальных форм поведения: почитание старших по возрасту, гостеприимство; мировосприятия; фактора времени; языковой ситуации; физических и духовных качеств; сферы и цели общения.

В русском языке лексема *человек* достаточно широко реализуется в первом значении, что обусловлено обобщенным характером данного значения. Актуальным и продуктивным в языке является и второе значение слова, обозначающее равноправного члена общества, обладающий высокими моральными и интеллектуальными качествами. Концепт *человек* приобретает разные «измерения», «параметризуется»: в физическом и духовном планах, в духовном плане, в зависимости от общественных отношений, от совокупности характерных признаков, от политических и общественных интересов, а также может иметь терминологизированное значение. Отличительной особенностью ядерных лексем русского языка является их суммарная непродуктивность в образовании пословиц и поговорок, при этом все исследуемые лексемы, в отличие от лексем казахского языка, являются компонентом фразеосочетаний.

В исследуемых языках выявлены эквивалентные лексемы, которые в количественном и качественном плане представлены по-разному. В работе исследовались имена существительные казахского и русского языков, в которых понятие «человек» представлено как полное и неполное множество людей, при этом они обозначают соответственно абсолютное и относительное количество людей. Они объединяются в лексико-семантическую микросистему на основе ядерного значения «человек не один». В сопоставляемых языках выявлено большое количество лексем со значением «множество», при этом архисема «человек» присутствует в них эксплицитно или имплицитно. Сопряженность понятий «человек» и «множество» присутствует в большей части исследуемых объектов и представлена в сопоставляемых языках как лексическими номинациями, так и описательными единицами. Наиболее ярко и богато сопряженность представлена в казахском языке, что достаточно ярко демонстрируется примерами из романа И.Есенберлина «Кочевники». Общеизвестно, что обращение лингвистики к изучению реального функционирования языков в коммуникативно-прагматическом, лингвокультурологическом, этнокультурном, этнопсихологическом аспектах в плане выявления сходств и различий между двумя или несколькими языками расширила возможности и границы лингвистической науки. Бесспорна и актуальность проблем взаимоотношения «языка и мышления», «языка и культуры», «языка и психологии», «языка и сознания». По мнению С.Е. Никитина, языковое сознание реализуется в речевом поведении. Поэтому, говоря о языковом сознании личности следует иметь в виду те особенности речевого поведения индивидуума, которые определяются коммуникативной ситуацией, его языковым и культурным статусом, социальной принадлежностью, полом, возрастом, психическим типом, мировоззрением, особенностями биографии и другими константными и переменными параметрами личности. Языковое самосознание является частью культурного самосознания. Между сознанием элементов языка и других элементов культуры нет четко выраженной границы. В переломные исторические эпохи родной язык становится символом национального самосознания. Осознание элементов языка или языковой структуры текстов совершается теми средствами и идет по тем путям, которые предоставляет личности культура [7, 34-35]. Так, в исследуемом тексте романа перед нами предстает языковое самосознание в обобщенном виде, что составляет сущность человеческого мышления. Эта сущность отложилась в языке, сказалась на речевом поведении языковой личности целого народа, т.е. проявилась в языковом сознании и самосознании. Главными свойствами здесь являются опора на опыт предшествующего поколения, подчинение исторической ситуации и определенным сложившимся этическим нормам, обычаям, традициям. Свидетельством этой социальной особенности может служить ряд маркированных временем слов (*султан, десятник (онбасы), жузбасы, мынбасы, темник, нойон, улус, племена, жуз, род, хан, чингизид, импрат, батыр, джигит, торе, жырау, бек*) и словосочетаний (*золотоордынский престол, чингизидовские роды, ханский титул, степные разрозненные роды* и др.). Наблюдается это и в употреблении лексем со значением «человек» и «совокупность людей». Для примера приведем общие характеристики или выразительные фрагменты проявления национального сознания народа или отдельно взятой личности в период процесса объединения казахских племен после распада империи Тимура, борьбы с иноземными завоевателями из первой книги трилогии И.Есенберлина в

переводе М.Симашко [8].

1. В одном котле невозможно варить головы сразу двух баранов. И кому довелось встретить двух волков, которые бы не передрались из-за ягненка?

2. Львиное сердце должно быть у того, кто правит людьми и берет на себя ответственность за них перед богом.

3. «О изменчивый мир!.. Сейчас, пока их жизнь в моих руках, они сгибаются в три погибели. А попробуй хоть на минутку обессилеть среди людей. Как от прокаженного, побегут тогда от тебя, и самый последний из них тут же переломает тебе спину! Такова жизнь, и изменить ничего нельзя...»

4. Нет на свете мук сильнее, чем болезненная мания преследования.

5. – Пусть каждый скажет, что думает! – предложил Джаныбек.

У казахов издавна учили так сыновей. И хоть немудреная была эта школа, но знания оставались на всю жизнь, а потом передавались следующему поколению. Младшим нельзя говорить раньше старших.

6. Но не только о сегодняшнем дне следует думать человеку, стоящему государству...

7. Одним лишь страхом хочет он сковать людей в единое государство. Недолговечный это клей – человеческий страх. Да и суровость лишь тогда приносит плоды, когда идет в ногу со справедливостью. Малейшее лукавство или отступление от правды – и жестокое самовластие выступает наружу, чтобы похоронить в скором времени все под собой. Разве не показал его предок Чингисхан, что это прямой путь к национальному вырождению?

8. Только теперь поняли люди то, что раньше понимали лишь отдельные дальновидные вожди и народные жырау-прорицатели. Без сильного единого государства не останется на земле казахов.

9. Завет отца своего, Джаныбека, помнил он: не может существовать казахское государство без своих городов. Долгая и жестокая предстояла борьба, но другого выхода не было...

10. Чего только не видела казахская степь, каких потрясений не пережила за свою многовековую историю! Кажется, не было на земле завоевателей, которые не прошли бы по ней с огнем и мечом. Но, как примятая копытами трава, снова расправлялся и оживал народ. Да, покуда корни в родной земле, не вырвать, не вытоптать его. Снова и снова оживет он!

В приведенных выше примерах переводного художественного текста исторической трилогии показаны социальные, групповые и собственно индивидуальные черты. Совокупность данных черт определяет исторический языковой образ эпохи разединения казахов и междоусобных войн.

Исходя из приведенных выше примеров, можно говорить об эволюции казахской языковой личности. Следовательно, речь идет о взаимосвязанности параметров исторической и современной личности относительно жизненных идеалов, иерархии ценностей в картине мира и моральных принципов, основанных на любви к родной земле, приоритете национального благоустройства, а также консолидации сил и возможностей в строительстве государства.

В данных ниже фрагментах даны, на наш взгляд, чрезвычайно важные характеристики языковой личности в плане речевого поведения, раскрывающие индивидуальность говорящего, его характер, намерения, жизненные ценности, моральные нормы. Читатель воспринимает психологическую и социальную характеристики говорящего, вычитывая из них дополнительную экстралингвистическую информацию.

1. Через некоторое время он услышал топот проехавших мимо коней и голос дочери:

– Напрасно удержал ты мою руку... Попались бы к нему в лапы, он бы не пощадил!..

– С женщиной, убившей родного отца, не мог бы я пробыть и одной ночи!

Мужское хладнокровие было в голосе говорившего, и хан понял, что это батыр Саян.

– В таком случае убей его сам!

– Какая женщина с чистым сердцем назовет мужем человека, убившего ее отца?

– Я не могу прийти с оружием на похороны брата, – тихо отвечал султан Жунус. – Что скажут люди!..

2. – Нет, я не требую отпустить его. Но чтобы решить его судьбу, необходимо созвать совет. Мы же не разбойники, а государство, и не к лицу нам подавать примеры беззакония...

3. – Нет лекарства от моего недуга, раз не нужен я стал родной земле!.. Смерти заслуживает мой поступок с этими людьми, но что для меня смерть?.. Никогда я не боялся ее и теперь не испугаюсь. Самое страшное наказание выбрал я для себя, и не оставлено мне другого пути. Завтра я навсегда покину родную степь.

Итак, «в выборе языковой личности в качестве объекта лингво-психологического изучения заложена потребность комплексного подхода к ее анализу, возможность и необходимость выявления на базе дискурса не только ее психологических черт, но и философско-мировоззренческих

предпосылок, этнонациональных особенностей, социальных характеристик, историко-культурных истоков» [1, 7].

В исследуемом нами переводном тексте трилогии к наиболее часто употребляемым «совокупностям людей» относятся *страна, народ, мир, династия, люди, род, племя, держава, союз, империя, население, государство, орда, правительство, вселенная, ханство, курултай, жуз, ру* земля и многие другие. В силу специфики исторического произведения совокупность *страна* реализуется в произведении следующим образом: *страна казахов, казахское ханство, казахская земля, земля казахов, вся страна казахов, Казахская степь, казахское кочевье, казахский народ, племенной союз, кочевое государство*. Лексемы *ханство, род, племя, жуз, ру* реализуют факт исторически и географически обусловленного объединения казахов и развития их родственных уз, выражая традиционную важность, первостепенность мужского начала, приоритет смелости, отважности в решении общих, важных для всех, вопросов: «Во много раз больше могла выставить Казахская степь смелых и отважных, но кто соберет их вместе, кто поведет в битву за общие интересы? Не находилось уже среди многочисленных султанов человека, который бы осмелился претендовать на всеобщую власть. Родовых вождей устраивали слабовольные и послушные ханы собственных жузов. Это была закономерная логика родового строя» [8, с. 231].

Таким образом, проведенный краткий анализ лексических средств убеждает, что представленность понятия «человек» в художественном тексте исторической трилогии разнообразна и своеобразна, а также намного расширяет границы лексикографической представленности и открывает новые аспекты для исследования.

1. Караулов Ю.Н. Предисловие. Русская языковая личность и задачи ее изучения // *Язык и личность*. – М.: Наука, 1989. – 216 с.
2. Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. – М.: Академический проект, 2001. – 990 с.
3. Розина Р.И. Человек и личность в языке // *Логический анализ языка. Культурные концепты*. – М.: Наука, 1991. – 204 с.
4. Крюкова Г.А. Социолингвистический аспект русского слова на материале концепта «государство» // *Русское слово в мировой культуре. Материалы X Конгресса МАПРЯЛ*. – СПб., 30 июня – 5 июля, 2003. Концептосфера русского языка: константы и динамика изменений / Под ред. Рогожиной Н.О., Химика В.В., Юркова Е.Е. – СПб.: Политехника, 2003. – 355 с.
5. Бельчиков Ю.А. Общественно-политическая лексика В.Г. Белинского. – М.: Изд-во МУ, 1962. – 132 с.
6. Новицкая В.В. Лексические средства выражения множества // *Исследования по семантике русского языка*. – Уфа: Изд-во БГУ, 1974. – С. 40-52.
7. Никитин С.Е. Языковое сознание и самосознание личности в народной культуре // *Язык и личность*. – М.: Наука, 1989. – С. 34-40.
8. Есенберлин И. Кочевники: Историческая трилогия / Пер. с каз. Симашко М. – Алма-Ата: Жазушы, 1986. – 672 с.

Түйін

Автор мақалада «адам» мен «көптік» ұғымдарының лексикографиялық көрінісі негізінде көркем аударма мәтіні мысалында тарихи ракурста тілдік тұлғаның дамуын қарастырады. Зерттеу авторлық контексті талдауға негізделген, ол тілдік және ментальдік құрылымның байланысына, «ойлау-тіл-сөйлеу» қарым-қатынастардың жүйесіне тоқталады. Тілдік тұлға индивидуалдыққа бейім сондықтан ол құрылым жағынан анық емес деп, автор оның құрылымының мотивациялық деңгейін сараптайды.

Summary

In the article author traces the progress of the lingual personality in historical fore shooting by example of translated fiction text on the base of the lexicographical representations of the «human» and «multitude» concepts. Research based on the studying of the author's context which leans on the interaction of mental, lingual structures and on the system of relations «thinking-language-speech». Author analyzes the motivational level of lingual personality's structure which can be more affected by individualization and accordingly is less clear in it's structure.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ БАСПАСӨЗ

Ш.Ауелбекова – аға оқытушы, шығыс тілдері кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Өр кезеңнің өзіне тән тыныс тіршілігі, саяси ахуалы, ғылым білімге деген көз қарасы, зиялы қауымы бар. Осыларға толықтай көз жеткіземіз десек, сол кезеңнің баспасөзіне тоқталғанымыз жөн.

Қазан төңкерісіне дейін қазақ тілінде он төрт газет және бір журнал шығып тұрған. Олар: *Түркістан уалаятының газеті* (1870-1882), *Дала уалаятының газеті* (1888-1902), *Серке* (1907), *Қазақ газеті* (1907), *Дала* (шығу мерзімі белгісіз), *Қазақстан* (1911-1913), *Ешiм даласы* (1913), *Қазақ* (1913-1918), *Айқап* (1911-1915), *Алаш* (1916-1917), *Бірлік туы* (1917), *Сарыарқа* (1917), *Ұран* (1917), *Үш жүз* (1917), *Тіршілік* (1917).

Қазақ баспасөз тарихында *Түркістан уалаятының газеті* мен *Дала уалаятының газеті* белгілі бір мақсатпен өкімет тарапынан ресми түрде шығарылып тұрған. Ал басқа газеттерді еліміздің, ұлтымыздың қамын ойлаған, сол үшін күрескен ер азаматтарымыз бен зиялыларымыз шығарып отырған.

1920 жылдардың соңы мен 1930 жылдардың басында елуге жақын газет журнал жарық көрген. Олардың ішінде облыстық партия комитетінің *Еңбекші қазақ*, *Советская степ*, *Ленинская смена*, *Жаңа арқа*, *Жаңа ауыл*, *Ленин жолы*, *Қызыл ту* газеттері шығарылып тұрған. Облыстарға қарасты *Колхоз*, *Колхозшы*, *Жаңа арқа*, *Ленин туы*, *Сталин жолы* сияқты аудандық газеттерде басылып тұрған. Бұл газеттер коммунистік партия мен совет өкіметінің ресми түрде шығарып тұрған басылымдары болатын.

Біз мақаламызда осы басылымдардың ішінен «*Түркістан уалаятының газеті*», «*Дала уалаяты газеті*» мен «*Айқап*» журналы жайында қысқаша мағлұматтар беруге тырыстық.

Қазақстанда шыққан тұңғыш басылымдардың бірі «*Түркістан уалаятының газеті*». Бұл газет 19 ғасырдың екінші жартысынан, яғни 1870 жылы ресми түрде Ташкентте басылып шыға бастаған. «*Түркістан уалаятының газеті*» алғашында орыс генерал губернаторының органы «*Туркестанские ведомости*» газетінің қосымшасы ретінде жариялана бастаған. Көп ұзамай жеке газет болып бөлініп шықты. «*Түркістан уалаяты газетінің*» алғашқы редакторы озық ойлы, білімді, шығыстанушы ғалым, генерал губернатордың тілмашы Ш.М. Ибрагимов болған. Ибрагимов бұл газетті он жылдай басқарды. Шығыс тілдерін жетік білген ол, газеттің қазақ тілінде таза шығып тұруына және газет материалдарының сапасының жақсы болуына көп көңіл бөлген. Қазақ халық әдебиетінен үзінділер, этнографияға байланысты материалдар жинап, осыларға байланысты бірнеше мақала жариялаған. Газет айына төрт рет, яғни екі саны қазақ тілінде, ал екі саны өзбек тілінде жарияланып отырған. Газеттің тиражы 240 тан аспағандықтан бүкіл қазақстанға таратыла алмады. Түркістан генерал губернаторының айтқанына қарағанда: «Бұл газет тек Түркістан аймағы үшін шығарылған жарғыларды билік басындағыларға естірту, маңызды ғылыми мақалаларды жариялау сияқты шектеулі мақсатта ғана басылып шығып отырған. Газетте роман мен әңгімелер жарияланбаған. Дау тудыратын саяси мақалаларға рұқсат етілмеген» дейді.

Бірақ уақыт өте келе газеттегі басылымдардың тақырыбы өзгере бастады. Қазақтардың мәдениеті, әдебиеті, тарихына байланысты құнды мақалалар жариялана бастады. Газет беттерінде халыққа пайдалы медициналық, ветеринарлық, ауа райы сияқты деректер басылып тұрған. Дегенмен жергілікті патша әкімшілігінің басшылығымен және қатаң бақылаумен шығып тұрған.

«*Түркістан уалаятының газеті*» бас аяғы он үш жыл шығарылып, 1883 жылы жабылды.

Патша өкіметінің тарапынан қазақ тілінде шыққан ресми газеттердің бірі «*Дала уалаяты газеті*». Бұл газет Омбы қаласында, 1888 жылының 1 қаңтарынан бастап, 1902 жылдың 12 сәуіріне дейін шығып тұрды. Газеттің шығарылу себебі 1882 жылы құрамына Ақмола, Семей және Жетісу облыстары кірген, Дала генерал губернаторлығының құрылуымен байланысты. Осы газет арқылы жергілікті халықты үкімет бұйрықтарымен таныстырып отырған.

«*Дала уалаяты газетін*» зерттеген ғалым Х.Бекхожин, газеттің мақсаты, бағыт-бағдары, көтерген мәселелері, оның қамтыған қоғам өмірінің салдары туралы былай дейді: «Газет жоғарғы биліктің бұйрығымен екі бөлімнен, бірінші бөлімі ресми, ал екінші бөлімі бейресми болып шығарылып тұрған. Ресми бөлімінде, өкімет тарапынан шыққан жарлықтар мен басқарма орындарына тағайындалған қызметтер жайындағы мағлұматтар қазақ және орыс тілдерінде жарияланып отырған.

Ресми бөлімінде империяда болған көтерілістер, қоғамда болған түрлі пайдалы жағдайлар, қазақ өмірінің тыныс тіршілігі жайында жазылған. Сонымен қатар жеріміздің географиялық жағдайы, тарихы, этнографиясы, жергілікті халықтың тілі, қоғамдық өмірі, әдет ғұрпы туралы мақалалар да жиі жарияланып отырған. Қазақ даласындағы мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығы, мектеп, білім беру жүйесі, қазақтар арасындағы сауаттылық, сауда саттық жайында жазылған мағлұматтар да жетерлік. Газет беттерінде түрлі мейрамдар, құттықтаулар, атақты адамдар-

дың қайтыс болғаны жайында мағлұматтар, билер мен болыстардың берген есебі, табиғи апаттар жайында түрлі хабарландырулар жиі жазылып отырған.» Сонымен қатар Абайдың өлеңдері мен Алтынсариннің бірнеше әңгімелері жарияланған.

Осыларға қарағанымызда газеттің бағыт бағдары мен мақсатының өте кең екенін көреміз.

Газеттің редакторы ретінде әр кезде И.Козлов, К.Михайлов, Г.Абаза деген кісілер қол қойылып отырған. Басылымның қазақшасын үзбей редакциялаған генерал губернатор канцеляриясының аға тілмашы Е.Абылайханов пен Д.Сұтанғазиндер болды.

Газет осылайша он төрт жылдай шығарылып, 1902 жылы сәуір айында жабылады.

«**Айқап**» журналы Мұхаметжан Сералиннің басшылығымен 10 қаңтар 1911 жылы Троицк қаласында Сосновскийдің (Троицкі қаласының мешань, «Степь» газетінің редакторы) «Энергия» баспасында жариялана бастады. Бұл журнал арап әріптерімен жазылған тұңғыш журналымыз болып есептеледі. Алғашында айда бір рет, кейінірек айда екі реттен жарияланып тұрған. Журналдың таралым тиражы 900-1000 данаға дейін жеткен. 1915 жылдың қыркүйек айына дейін 88 саны жарияланған. Кейбір жылдары 12-14 ке дейін, ал кейбір жылдары 24 саны басылған.

М.Сералин журналдың «Айқап» деп аталу себебін былай түсіндіреді: «Біздің қазақтың неше жерде «қап» деп қапы қалған кездері көп. «Қап» дегізген қапияда өткен істеріміз көп болған соң журналымызды да өкінішімізге лайықтап «Айқап» болды» дейді.

«Айқап» журналының редакторы Мухаметжан Сералин қазіргі Қостанай облысы Қарабұлақ ауданында туған. Әкесі қайтыс болған соң шешесі екеуі Троицк қаласына көшіп келеді. Бұл жерде жеті жыл медреседе оқиды. 1887 жылы он бес жастағы Сералин Қостанай облысының Бестөбе ауылында тұратын жездесінің жанына келеді. Жездесі қаладағы екі жылдық орыс қазақ мектебінде оқытады. Осыдан кейін Сералин ауыл мектептерінде мұғалім болып жұмыс істейді. Сералин 1890 жылы Троицк қаласына барады, сол жерде тұратын татарлардың атақты байы Яушевтың қол астына жұмысқа кіреді. Оның бұл бай адамның қол астында жұмыс істеуінің бір себебі бар еді. Сералиннің әкесі өлер шағында қатты қарызданады. Қарызын бермеден бақилық болады. Ол Қарақыз Қыпшақтың Жаппасбай деген саудагергіне 1000 сом қарыз екен. Жаназасын шығарып жатқан кезінде Жаппасбай келіп «қарызымды беріп кет» деп Сералиннің әкесінің табытына жабысады. Қазақ байларының арасында қарызды төлейтін ешкім табылмапты. Дәл сол кезде, сол жерден өтіп бара жатқан Яушев, оның қарызын төлеп, босатқан екен.

Саудагердің бұл жақсылығын ұмытпаған Сералин, оның адал қызметшісі болыпты. Қала мен ауылдарды аралап саудагердің ақшасын жинаған екен. Осы жұмысты істей жүріп, бай мен кедейлердің арасындағы айырмашылықты түсінген екен. Қазақтардың әлеуметтік саясаттан, мәдениеттен артта қалғанын түсінеді. Халқын осындай қараңғылықтан құтқарудың жолдарын қарастырады.

«Айқап» журналының шығу тарихы мен редакторы жайында Санк-Петербургтағы мемлекеттік тарих орталығы архивінде мынадай дерек тіркелген: Қостанай облысы Шұбар ауылының қазағы М.Сералин басқаруымен шыққан «Айқап» журналы төмендегі бағдарлама бойынша жұмыс істеуіне рұқсат берілсін: Бас мақала, шет мемлекеттерден хабарлар, мұсылмандардың әлеуметтік өмірі жайында хабарлар, жаңалықтар, әзіл мен өлең, әдебиеттер мен ғылыми мақалалар, баспаға келіп түскен жаңалықтар мен хаттар.

Проф. Кенжебайев «Айқап» журналында жарияланған мақалаларды тақырыбы мен мазмұнына қарай мына бөлімдерге бөліп қарастырады:

1. Әлеуметтік және саясат жайында мақалалар. 2. әдеби еңбектер мен әдебиет 3. ана тілі, әліппе, емле мәселелері 4. қазақ әйелдерінің жағдайы 5. медицина, экономика жайында үгіт насихат 6. Ішкі, сыртқы жаңалықтар 7. кітаптарға сын 8. тілші хаттары мен жауаптар.

М.Сералиннің «Айқап» журналында бірнеше мақаласы жарияланған. Бұлардың бірі, «Біздің жастарымыз», «Шаһар Троицк» атты мақалалары. Мақалаларының көбісінде халықты оқу жазуға, әдебиетін тануға шақырады. «Айқап» журналы әдебиетті халыққа таныту, үйрету мақсатында көптеген жұмыстар атқарды. С.Сейфуллин, Б.Майлин, М.Сералин, С.Торайғыров, С.Дөңентаев сияқты көптеген ақын жазушылар осы журнал арқылы халыққа танылды.

«Айқап» журналы 1915 жылы І дүниежүзілік соғысының басталуына байланысты, қаражат-тың жетпеуінің салдарынан тоқтап қалды. М.Сералин журнал тоқтап қалғаннан кейін «Степ» газетінде қызмет атқарады. М.Сералин 1929 жылы дүние салады.

1. Субханбердина Ү. «Қазақ баспасөзі тарихынан» Айқап журналы, – Алматы, 1995. – 6 б.

2. Абілқасымов Б. «Тұңғыштың тынысы» Ана тілі баспасы, – Алматы, 1992. – 18 б.

3. Остроумов Н.П. «Сарты, этнографические материалы» 1 басылым, – Ташкент, 1890. – 127 б.

4. Абілқасымов Б. «ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі» – Алматы, 1982. – 53-54 б.

5. Бекхожин Х. «Қазақ баспасөзінің даму жолдары» – Алматы, 1964. – 28 б.
6. Мырзахметов М. «Қазақ қалай орыстандырылды» – Алматы, 1993. – 128 б.
7. Кенжебайев Б. «Қазақ баспасөзінің тарихынан мәліметтер» – Алматы, 1956. – 15 б.
8. Атабай Қ. «Қазақ баспасөзі» – Алматы, 2000. – 160-166 б.

Резюме

Обзор газет и журналов начало XX-го века. Короткие справки о журналах «Газета Туркестанского Вилаята», «Айкын».

Summary

Review of newspapers and magazines beginning of the twentieth century. Short abstract of the journals "The newspaper of Turkestan Vilayat ", "Aikyn."

КОРЕЙ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ХЯНГА ДӘСТҮРІ

Г.Б. Тоқшылықова – аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Корей әдебиеті қиыршығыстық мәдениеттің бір бөлігі болып табылады. Біздің заманымыздағы I ғасырдың өзінде корей мәдениеті қытай иероглифін, жазуы мен тілін қабылдады. Фонетика-лық жүйесі жағынан да, құрылысы жағынан да корей тіліне мүлде ұқсамайтын қытай иероглифі тіпті XX ғасырдың басына дейін корей жазу мәдениетінде емін-еркін қолданылып келгені белгілі. Қытай иероглифімен бірге оның дыбысталуы да енгенімен, көп ұзамай ол корей тілінің фоне-тикалық жүйесіне сәйкес өзгеріске ұшырады.

Корей әдебиетіндегі поэзиялық және прозалық туындылар қытай тілінде жазыла бастады. Қытай тілінің корей елінде үстемдік алғаны соншалық, ол XIX ғасырдың соңына дейін ресми түрде барлық маңызды деген құжаттардың, әдебиеттің, тарихи және философиялық трактаттардың «мемлекеттік тілі» болып саналды. XV ғасырда қытай иероглифтерінің негізінде корей тілінің дыбыстарына дәл келетін, дыбыстық таңбалануы өте жеңіл өзіндік корей жазуы, ұлттық жазу ойлап табылғанына қарамастан, қытай тілі XIX ғасырға дейін «жоғарғы тіл», мемлекеттік тіл ретінде танылды. Корей мәдениетінің дамуында екі түрлі: ақсүйектік және халықтық бағыт болды. XV ғасырда корей алфавитін (1443 жылы корей ұлттық жазуы – хангыль) қабылдағаннан кейін де феодалдық ақсүйектер конфуцийшілдікті ұстанды, ұлттық жазуды менсінбеді, тіпті қарапайымдылығына, оңайлығына қарап бұл жазуды «әйел» деп атады [1, 11]. Ақсүйектер өз талғамы мен сұраныстарына тек қытай иероглифтері ғана толық жауап бере алады деп түсінді. Тарихи, діни-философиялық, беллетристикалық шығармаларды қытай иероглифтерімен жазды. Билеуші таптың кей өкілдері ғана халық арасындағы идеология, үгіт-насихат үшін ұлттық жазуды пайдаланды. Корей ақын-жазушыларының көпшілігі қытай ақындарының өлеңдерінен үзінділерді жиі алып отырды. Тіпті, бұл тәсіл поэтикалық шығармаларды безендіреді деген ұғым да болды. Корей суреткерлері әсіресе қытайдың тан поэзиясын үлгі тұтып, оны әдемі, керемет поэзия деп жоғары бағалады.

Демек, о бастан-ақ корей әдебиеті екі тілде жазылды. Әуелгіде корей тілінде және қытай тілінде жазылған туындылар бірдей қабылданып жүрді, бөлінген жоқ. Бөліну кейінірек басталды: корей тілінде жазылған туындылар «төменгі», ал қытай тіліндегі туындылар «жоғарғы» деп танылды. Жергілікті мәдениетке байланысты мәтіндерді жазу үшін – корей тілі қолданылса, рес-ми, тарихи туындыларды жазу үшін – қытай тілі қолданылып отырды. Ал туған тілді кемсітіп, оны дөрекі, тұрпайы деп қарау Ли династиясы кезінде шарықтау шегіне жетті. Өлем әдебиетінің көрнекті саласы болып табылатын француз әдебиетінде XVII ғасырда жанрларды «жоғарғы» және «төменгі» деп бөлу қалыптасқан болатын. Онда тек қана үстем тап өкілдері: корольдар, ақсүйектер, қолбасшылардың өмірі мен тіршілігі «жоғарғы» жанрға жатқызылған трагедия мен одаларда көрініс тапса; төменгі тап өкілдері: жұмысшылар, қолөнершілер, қарапайым адамдар тірлігі «төменгі» жанрдан саналатын комедия, элегиялық туындыларда ғана көрініс тапқан бола-тын. Бұл – әдебиеттің өмір сүріп отырған қоғамына қарай саясаттың ықпалынан шыға алмайтын-дығының жарқын бір көрінісі. Мұндай жағдай бізге де таныс, ана тіліміздің әлі күнге еңсесін тік-теп көтере алмай келе жатқандығы ешкімге таңсық емес. Корей тілі де осындай қағажуларды көп көріп, көп уақытқа дейін қытай тілінің көлеңкесінде қалып қойды. Соның салдарынан, корей әдебиетінде көзі

ашық, оқыған адамдардың арасында корей тілінде жазу қарапайымдылық, нағыз әдебиет тек қана қытай тілінде жазылу қажет деген түсінік қалыптасты. Бірақ, ұлттық жазу пайда болғаннан кейін Ли әулеті билеуінің екінші жартысында көптеген қаламгерлердің шығармалары қытай тілімен қатар ішінара корей тілінде де жазыла бастады. Тіпті, кейбір әдебиетшілер өз қаламдастарынан өзге тілді дәріптей бермей, туған халқының құндылықтарына көңіл бөлді талап етті. Әдебиет болмысты, ұлттың өмірін шынайы бейнелеуі қажет деп тапқан корей оқымыстылары қытайлық ежелгі үлгілерге көзсіз, шектен тыс елікті бермеуге, корей оқырмандарын ежелгі қытай өмірін ойдан шығарып жазған корей жазушылары шығармаларына сенбеуге шақырды. Сол үшін корейдің конфуциандық жазушыларының эпигондық әдебиетіне қарсы күреске шықты [1, 13].

Қытай өркениеті Кореяға конфуцийшілдік пен доасизмді әкелді. Қытай арқылы буддизм келді. Жатжерлік оқымыстылар мифтер мен ритуалдарда тұнып тұрған жергілікті мәдени түсініктермен байланысқа түсті. Буддизм халық арасына сіңіп кетті, келе-келе ол корей дәстүрлі мәдени мәтін-дерін сақтаушы да болды. Буддалық тәлімгерлердің ықпалымен ежелгі ритуалдық өлеңдер, миф-тер мен аңыздар жазылып алынды. Жазумен қоса, корей әдебиеті қытайдың прозалық және поэзиялық жанрларын да қабылдады. Әрбір жанрдың өзіндік атауы мен таңбасы болды. Поэзияда чольгу (қытайда цзюэцзюй), юльси (қыт. льюши), акпу (қыт. юэфу); ал прозада – чон (қыт. чжуань), ки (қыт. цзи), соль (қыт. шо), нок (қыт. лу) жанрлары пайда болды. Әдебиеттегі дәстүрлі роман, повесть, новелла секілді жанрлар корей әдебиетінде болған жоқ. Корей поэзиясында корей тілінде жазылған туындылар өзіндік жанрлық атауларын сақтап қалды, олар қытайдың да, еуропаның да жанрлық жүйесіне енбеді. Мәселен, сиджо – қысқа өлеңдер, каса – поэма типтегі көлемді өлеңдер. Соның ішіндегі ең маңыздысы әрі көнесі – хянга өлеңдері болып табылады.

Хянга – иду тәсілімен (*иду тәсілі – корей тілінің сөздері мен грамматикалық көрсеткіштерін фонетикалық таңбалау кезінде қолданған қытай иероглифтері*) корей тілінде жазылған, класси-калық корей поэзиясындағы әдеби жанрлардың бірі. Корей әдебиетіндегі жапондық хайку стилі-мен жазылған сиджо немесе Чосон әулеті кезеңінде ерекше қарқынмен дамыған каса жанрлары-мен салыстырғанда хянга жанрының өзіндік ерекшеліктері бар.

Хянганың 25 өлеңі сақталған. Олар екі буддалық жинақта: 11 өлеңі – «Кюне өмірінде», 14 өлеңі – «Үш мемлекеттің тарихи жазбаларында» қалып кеткен істер» атты тарихи ескерткіш «Самгук юсада» сақталған. Хянга өлеңдері 4, 8, 10 жолдан тұрады. 10 жолдан тұратын хянга үш шумаққа бөлінеді: екі төрт жолдан және соңғы екі жолдан. Біздің заманымызға дейін хянга әртүрлі пішін-де жеткендіктен, оның нақты өлшемі әлі күнге белгісіз болып отыр.

Корей тілінің ең ежелгі жазба ескерткіштері хянганы алғашында сэнэн-норэ немесе санвега деп атады. Хянга сөзін қазақ тіліне аударғанда «біздің өлең» деген мағынаны білдіреді, кей еңбектерде «Силла өлеңдері» немесе «атамекен жыры» деп беріледі. Қалай болғанда да ана тілін-де жазылған хянганың туған жер әуендері екені түсінікті. Хянганың «біздің өлең», «атамекен жыры» деп аталуы тегін емес. Себебі қытай иероглифтерімен жазу күшейіп, ханмун өлеңдері шарықтап дамығанда корей тілінде жазылған корей әдебиетінің ежелгі дәстүрі – хянга елеусіз қалды. Оны үнемі қытай поэзиясындағы Тан мемлекетінің поэзиялық туындылары – танси жан-рына қарсы қойып келді.

Хянга – «туған елдің әуені», «ана тілінде жазылған өлеңдер». Бұл Корей түбегінің оңтүстік-шығысында орналасқан, сонан VII ғасырда бүкіл түбекті өзіне бағындырған (VII-X ғғ.) Силла дәуірінде кеңінен тараған поэзияға берілген жалпы атау. Хянга өз кезегінде қытай тілінде туған поэтикалық туындыларға қарсы бағытталған дүние болғандықтан, корей әдебиетінде әуел бас-тан-ақ «өзінікі» мен «өзгенікінің» арасындағы бөлінушілік қалыптасты [2, 20].

Корей мемлекеттігінің ерте дәуірінде хянга секілді ұлттық мәдениеттің үлгілерін сақтап қалғандар – буддистер болды. 888 жылы Силла үкіметі күйрей бастағанда будда тәлімгері Тэгу мен жоғарғы лауазымды шенеунік Вихон екеуі бірігіп, хянганың алғашқы жинағын шығарып, оған «Самдэ мок» («Үш ғасыр поэзиясын біріктіру») деп атау берген. Бірақ өкінішке орай, бұл жазба ескерткіштер біздің дәуірімізге дейін сақталмаған. XIII ғасырда өмір сүрген сон мектебінің будда тәлімгері Ирэннің корей тіліндегі ежелгі поэзия үлгілерін жинап, жарияламақ болған ниетіне қарап зерттеушілер, осы ғасырдың өзінде «Самдэ мок» жинағының жоқ болуы мүмкін деген бол-жам айтады. Хянга өлеңдері алғашқы үлгілерінің

пайда болу кезеңін зерттеушілер VI-IX ғасыр-лар деп көрсетеді. Олардың қатарына «Содон туралы өлең» («Содонга») – Пэкче мемлекетінің билеушісіне айналған жас бала туралы; «Мыңқолды Кваным туралы өлең» («Кванымга») – соқыр баланың көз жанарын қайтарып беруін өтінген жыр т.б. жатқызады. Фольклорлық сарында жазылған хянгалар «Чхоеннің өлеңі», «Гүлдер туралы өлеңдер» деп танылса, корей әдебиетін зерттеуші ғалым М.Никитина «Хваран Кипх туралы өлең», «Туя ағашы туралы өлең» атты хянгаларды корей поэзиясындағы ең алғашқы пейзаждық туындылар деп санайды. Сондай-ақ ғалым «Хваран Чукча туралы өлең», «Хваран Кипх туралы өлең», «Кедр туралы өлең» атты хянгалар мәтінінің анағұрлым толық сақталғандығына және кейінірек туғанына қарап, бұл жекелеген авторлардың шығармалары болуы ықтимал дейді [3, 388].

Хянганың өркендеп дамуы біріккен корей мемлекеттігін күшейту кезеңімен тұспа-тұс келді. Өлеңдердің шығуы мен орындалуы ерекше әлеуметтік ұйым хваранмен байланысты болды. Хваран – әкімшілік пен әскерилерге адамдарды басқару ісін үйрететін ұйым, сонымен бірге ақын-абыздардың да қызметін атқарды.

Хянга – корей мемлекетін құрушылар туралы тарихи аңыздар мен ежелгі ритуалдық өлеңдерден туды. Хянга өлеңдерінде әлемді тану, түсіну мен ондағы хаос пен космостың өзара әрекеті моделі көрініс тапқан. Ежелде поэтикалық сөздер магиялық қызметке ие болды. Поэтикалық сөз космос әлеміндегі тәртіпті сақтау керек. Хянганы ритуалды өткізу үдерісінде абыз-ақындар шығарды. Ритуал прозалық мәтіндерде толық суреттелді, ал салт-жораларда басты орынды өлең алды. Әрине, ритуалдар көп болуы мүмкін, бірақ олардың бәрі бір ғана айқын мақсатқа ие болды: әлемде үндестіктің бұзылмауын қадағалау, демеу мақсаты болды. Салт-жораларды ұжымдағы маңызды тұлғалар: хваран, мәдени дәстүрді сақтаушы абыз, буддалық монах-ақындар (буддалық монахтар абыздық қызметті де атқарды) жүргізіп отырды.

М.И. Никитина хянга өлеңдерінің маңызын былайша түсіндіреді: «Поэзия жеке тұлға, қоғам, космостың арасындағы өзара қарым-қатынас мәселесін талдап, қарастырды, сол үшін ақын табиғат пен социумда тәртіпті орнатуға қабілетті, сөз өнерін меңгерген маңызды тұлға ретінде алға шығады. Қиыр Шығыстың дәстүрлі мәдениеті үшін табиғат пен социум бір-бірімен тығыз байланысты болды, ал сөз шебері осы екі әлемнің арасында делдал, сарапшы қызметін атқарды. Поэма-дағы ең сүйікті тақырып табиғат болды, бірақ корейдің пейзаждық лирикасында біз қираудың, бүлінудің немесе апаттың суретін кездестіре де, таба да алмаймыз. Себебі мұнда табиғат үнемі өз қалпында, өзінің мерзімдік ауысуларымен табиғи ырғағында, толық үндестікте өмір сүреді» [4, 26]. Корей халқы табиғатты ерекше қастерлеп, оған үлкен махаббатпен, жауапкершілікпен қарады. Олар табиғат үніне құлақ түрді, оны түсіне білді. Табиғатты қадірлеу адамдарға бостандық берді, адамның ішкі жан-дүниесінің, ішкі әлемінің тәуелсіздігіне әкелді.

Шын мәнінде корей әдебиетінде қандай да бір тартыстың трагедиялық шешімі жоқ. Көркем туындылардағы әрекеттің көпшілігі даму бастауын хаостан алғанымен гармониямен аяқталады, ал шығарманың кейіпкері космоспен байланысты болса «қайырымды», хаосқа қатысты болса «жауыздар» деп бөлінеді. Дәстүрлі прозадағы қайырымды кейіпкерлер өз қарсыластарына қарсы шығып, белсенді әрекеттер жасамайды, олардың мақсаты – «өз табиғатын» сол қалпында, таза күйінде сақтау. Жауызды жазалап, адамгершілікті бағалау билеушінің қолында.

Ғалым А.Ф. Троцевичтің көрсетуінше хянга мәтіндерінде екі адам: орындаушы мен адресат болады. Егер әлемдегі үндестік бұзылса орындаушы соны қалпына келтіруші, тәртіпті сақтаушы қызметін атқарады. Ритуалдың ішіндегі ең маңызды сәт адресаттың таңдауы болып есептелді, себебі адресат таңдауы дұрыс болса, ритуал сәтті өтеді. Адресат, талап бойынша «маңызды тұлға» болуы қажет, ол космостың күшіне ие, ұжымның тұтастығы мен амандығын ойлаған «үлкен» болады. «Самгук юсада» ритуалдың бірнеше типі көрініс тапқан. Олардың кейбірі жергілікті мифологиялық және шамандық дәстүрлермен байланысты болса, кейбірі буддалар мен бодхисат-твандарға арналған. Буддалық хянга «үлкен» мен «кішінің» ритуалдық қызметі жөніндегі жергілікті түсініктер негізінде құралады [2, 21].

Ритуалдар мен хянга мәтіндерінде негізгі көңіл «үлкеннің» «келбеті» деген ұғымға бөлінеді. «Келбет» түсінігі «үлкеннің» нақты физикалық сапасын (сұлулық, денсаулық), сол сияқты адами қасиеттерін білдіреді. А.Ф. Троцевичтің талдауына жүгіне отырып, хянга өлеңдеріндегі бірнеше ритуалдарды баяндап көрейік:

«Билеуші Кендок-ван. Чхундам ұстаз. Ерекше қадірлі Пхехун» (Силла дәуірінде, 742-764 жыл-дар арасында Кендок билік жүргізді) деген атаумен берілген хянгада үлкеннің дұрыс тәртібі және социумдағы гармонияны сақтаудың ритуалы сөз болады. 3 айдың 3 күні астананың шығыс қаппа-сында орналасқан павильонда отырған Кендок билеуші өзіне «жақсы киінген» монахты әкелуді бұйырады. Жанындағы қызметшілері қатаң мәнерде киінген, жаны ізгі монахты әкеледі, бірақ билеуші оны ұнатпайды. Ол оң жақтан шыққан қолында шиіе ағашынан жасалған дөңгелек кәрзең-кесі, үстінде сырып тігілген киімі бар монахты жанына шақырады. Монах өз есімі Чхундам екенді-гін, әр жылы 3 айдың 3 күнінде және 9 айдың 9 күнінде ол Намсан тауына барып, шай дайындап, оны Майтрейеге апарып беретінін айтады (Майтрейе – будда мифологиясындағы әлеуметтік тәр-тіптің буддасы, ол әлемді әділ буддалық билеуші басқарған кезде келеді). Кендоктың сұрауы бойынша Чхундам оған шай демдеп береді. Кендок бұл монахтың «Кипх хваранды құрметтей-мін» деген хянғаны шығарғандығын білетін, сондықтан одан елді татулықпен қалай басқаруға болатындығы жөнінде өлең шығаруын өтінеді. Монах оған «Елді татулықпен басқару туралы өлең» шығарып береді. Онда былай делінген:

Мемлекет – әкем,

Оған тәуелді – сүйікті анам,

Қол астындағылар – кішкене балалары.

Ал егер балаларды сүю керек деп ұқсақ

Олар да өмірін босқа өткізіп жүрген адамдар

Оларды тамақтандырыңдар да – басқара беріңдер!

«Бұл жерді тастап, біз қайда кетеміз» деп ойлайды сонда олар [2, 22].

Көріп отырғанымыздай, хянға 8 жолдан тұрады, ұйқасқа құрылмаған, негізгі айтайын деген ой алдыңғы орында тұрады. Бұл хянғаның мәнісіне тоқталатын болсақ, ол көктемнің соңғы айында мол өнім алу үшін жасалатын ритуал кезінде, яғни 3 айдың 3 күнінде туып отыр. Ритуалды орын-даушы – оңтүстіктен келе жатқан монах. Киімінде де белгі бар, ол инемен сырылып тігілген. Ал ине – корей халқының түсінігінде күннің әмбебап белгісі. Сонымен қоса, монахтың оңтүстікпен және күннің белсенділігі мен көп өнім беруді сұрайтын көктемгі және күзгі ритуалдармен байла-ныстылығы оның ұжым үшін маңызды ритуалдарды орындаушы, жоғарғы күштермен байланыс жасайтын орындаушы-абыз екендігін білдіреді. Чхундамның қолына ұстағаны қоңыр түсті кәр-зеңке, миф бойынша қоңыр түсті ыдыс ұстау өндірушінің, молшылықтың белгісін береді. Билеу-шінің ритуал өткізу үшін таңдаған монахы солярлық өндіруші сипатына ие. Бұл сипаттаулардың бәрі Чхундамды көктемгі ритуалдың негізгі орындаушысы ретінде таңдап алуға, оған әлемді үй-лесімділікпен, татулықпен басқару жөнінде хянға шығаруды тапсыруға мүмкіндік береді [2, 23].

Үлкеннің келбетін жөндеу ритуалы төмендегі хянгада көрініс тапқан. Билеуші Хесон-ван әлі бала, мұрагер болмаған кезінде досы Синчхунмен шашка ойнап отырып: «егер мен сені ұмыта-тын болсам, онда кедр ағашы өз бейнесінен айрылды дегенмен бірдей», деп оны ешуақытта ұмытпайтындығын айтып сендіреді. Бірақ билік басына келгеннен кейін өз уәдесін де, досын да ұмытып, Синчхунға ешқандай қызмет бермейді. Бұған қатты налыған Синчхун ренжіп, досына арнап өлең шығарады да, өлең мәтінін кедр ағашына іліп кетеді. Көп ұзамай ағаш қурап қалады. Сонда Хесон өз қызметшісін жіберіп, ағаштың қурап қалу себебін біліп келуді тапсырады. Қыз-метшісі Синчхунның әлгі өлеңін тауып алып, оны билеушісіне әкеп береді. Істің мән-жайын бір-ден ұққан Хесон дереу Синчхунды сарайына алдырып, оған жақсы қызмет бергенде кедр ағашы қайтадан тіріліп, көктей бастайды. Бұл хянғаның мәнісі: мұнда мәңгі өзгермейтін, тұрақты кедр ағашына тұрақсыз билеушінің келбеті қарсы суреттеледі. Билеушінің тұрақсыздығы әдептіліктің нормасы бұзылғандығын білдіреді. Билеушінің тұрақсыздығы табиғатқа да жайсыз әсер етіп, кедр ағашы қурап қалады, өзен суы лайланып, оған түскен айдың сәулесі бұлдыр боп көрінеді. Хянға өлеңі «үлкен» мен «табиғат» бір-бірімен тығыз байланысты деген ұғымды тағы бір растай-ды. Хянға мәтінін оқығаннан кейін «үлкен» – билеуші Хесон-ван өз әрекетін жөндейді.

Келесі «Енчжэ ұстаздың қарақшылармен кездесуі» деген хянгада жауды қуу ритуалы суретте-леді. Қартайған шағында Енчжэ ұстаз тақуа болу ниетімен Намсан тауларына аттанады. Жолда ол 60 қарақшының қолына түсіп қалады. Қарақшылар оны өлтірмек болғанда табиғатынан көңіл-ді жүретін Енчжэ жалаңдаған, ажал отын шашып тұрған жау қылыштарынан еш қорықпайды. Оның бұл әрекетіне таңырқаған қарақшылар атын сұрайды.

«Енчжэ» есімі өздеріне жақсы таныс қарақшылар одан хянга шығаруды талап етеді. Енчжэнің табан астында шығарған хянгасының терең мазмұнына риза болған қарақшылар оған әдемі өрнектері бар екі жібек мата береді. Олар-дың бұл әрекетіне рахаттана күлген Енчжэ: «Жер астындағы тозақтың тамыры – дәл осы байлық-қа қызығудан басталатындығын мен жақсы білемін. Сондықтан да мен жан баласы жоқ тауға кетіп, өмірімнің соңына дейін сонда тұрғым келеді. Мына жібекті алмаймын» деп сыйлықтарын кері қайтарып береді. Ұстаз сөзінің ақиқаттығына тәнті болған қарақшылар бәрі бір ауыздан қару-жарақтарын тастап, шаштарын тықырлап алғызып, оның шәкіртіне айналады. Ұстаздары-мен бірге олар мәңгілікке Намсан тауларына кетеді. Бұл хянганың мәнісі: әлемдегі тәртіпсіздікті (қарақшылардың бассыздық әрекетін) жойды, үлкен мен кішінің (ұстаз бен қарақшылардың ара-сында) қарым-қатынасында гармония орнатты.

Хянганың тууы мен орындалуы Силла дәуіріндегі ритуал – әлемдік тәртіпті сақтаушы, әлеу-меттік маңызды тұлғаның ролі жөніндегі түсініктерінен туған. Силла мемлекеті құлап, Коре мем-лекеті құрылғанда хянга және онымен байланысты ритуалдар пайдаланылған жоқ. Себебі Силла-дан кейін келген Коре әулеті қытай мәдениетін, дәстүрін үлгі тұтты. Бірақ, хянга өлеңдері ұмы-тылған жоқ. Жергілікті мәдени дәстүрлер ішінара корей тілінде шығарылған Коре өлеңдерінде көрініс тауып отырды. Ол мәтіндер ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып жетті.

Хянга – халық өлеңдерінің негізінде туып, корей қоғамдық өмірінде үлкен роль атқарған поэзия. Хянга еңбек үдерісінде, барлық дәстүрлі (календарлық) мерекелерде айтылды. Халықтың хянга өлеңдеріне деген сенімі күшті болды. Ел басына қандай да бір қиындық заман туғанда, табиғи апат немесе адам баласы қатты ауруға шалдыққанда, тағы да басқа жағдайларда олар хянга өлеңдеріне жүгініп отырды. Ел арасында хянганың ролі күшті болғаны соншалық, оларды адам бойындағы ауруды қуу үшін әндетіп оқыды, хянга мәтіндерін жаман аруақтарды қуу мақсатында қабырғаларға іліп қойды. Яғни, халық түсінігінде хянга «аспан мен жерді қозғалта алды, аруақтарды қашырды», тіпті бірде-бір «Шицзин одаларына» мұндай қасиет бітпеген деп түсінді [3, 398].

Силла дәуірінде хянга мемлекеттік және мәдени құндылық деп танылды. Корей тіліндегі поэзия – хянга халық тұрмысында ғана емес, буддалық рәсімдерде де кеңінен қолданылды. Ол тіпті буддалық рәсімдерде қолданатын, бірақ тыңдаушыларға түсініксіз санскриттік және қытай өлең-дерін ығыстырып шығарды деп айтуға болады. Корей халқының өз тілінде жазылған поэзиясын ерекше қастерлегені соншалық ол ұлттық рухани ұлы құндылық, ұлттық мақтаныш болып таныл-ды. Осыдан келіп, хянга өлеңдерін насихаттау, оны барлық елге тарату, таныту, аудару мәселесі туындады. Көптеген корей ақындары хянга өлеңдерін қытай өлеңдеріне салып аударды. Корей әдебиетінде хянга дәстүрінің кейбір элементтерін бойына сіңірген сиджо, каса, кае секілді поэ-зиялық жанрлар пайда болды.

1. Тэн А.Н. *Корейская классическая проза XVII-XVIII вв.* // В книге: *Корейская литература. Сборник статей Ан СССР. Институт востоковедения. Издательство Восточной литературы.* – М., 1959.

2. Троцевич А.Ф. *История корейской традиционной литературы (до XX в.). Учебное пособие.* – Изда-тельство Санкт-Петербургского университета. 2004.

3. Никитина М.И. *Поэтическое слово в корейской культуре.* // В книге: *Классическая поэзия Индии, Китая, Кореи, Вьетнама, Японии.* – М., 1977. – С. 387-402.

4. Никитина М.И. *Корейская поэзия XVI-XIX вв. в жанре сиджо.* – СПб. 1994. – С. 306.

Резюме

В этой статье говорится о жанре хянга в корейской литературе.

Summary

In this article devoted of genre khynga in Korean literature.

Қ.ЖҰМАДІЛОВТІҢ «СОҢҒЫ КӨШ», «ТАҢҒАЖАЙЫП ДҮНИЕ» РОМАНДАРЫНДА КӨРІНІС ТАПҚАН ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕР

А.Әзизова – магистрант, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қай халықтың болса да, оның ертеден келе жатқан өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі болады. Салт-дәстүрлер сол халықтың мінез-құлқын, қасиеттерін таныта алады. Мысалы, қазақтарға тән бауырмалдық, ақжарқындық, қонақжайлық. Әрине, бұл қасиеттер басқа халықтарда да кездеседі. Бірақ бұл қасиеттер әр халықта әр қырынан көрініс береді. Сонымен ұлт-тардың салт-дәстүрлеріндегі мінездері мен қасиеттері бір-біріне ұқсап, бірін-бірі толықтырады.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері осы ұлттың мінез-құлқын, қасиеттерін көрсетеді. Кейбір салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары сол халықтың тұрмысына, тәрбиесі мен мінезіне, сеніміне, ырымына қарай қалыптасып, келеді. Қазақта «Алты жыл аш болсаң да, атаңның салтын ұмытпа» деген мақал бар. Той-думандарда, жиындар мен мерекелерде орындалатын осы қазақ халқының салт-дәстүрлері оның ұмыт болмағанын паш етеді.

Романдық эпос тұрмысқа тікелей қатысты болғандықтан онда осындай әлеуметтік-тұрмыс көріністерінен хабар беретін салт-жоралар мол. Халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын көптеген ақын-жазушыларымыздың еңбектерінен, көркем шығармаларынан, биографиялық шығармаларынан кездестіре аламыз. Әр кейіпкердің іс-әрекетін әдет-ғұрып, салт-дәстүрлермен көркемдей отырып, оқырман жүрегіне жылы жеткізе білген шебер жазушыларымыз аз емес. Осы жерде Қабдеш Жұмаділовтің «Соңғы көш» романын ерте кезден бері қазақтың ауыз әдебиетінде кездесетін романдық-эпостық жырлармен салыстыра отырып талдасақ та болады. Себебі бұл романда да ауыз әдебиеті жырларында кездесетін түрлі салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ырым-жоралғылар молынан кездеседі, кейіпкерлерінің тағдырларынан да ұқсастықтар табылып жата-ды. Сол салт-дәстүрлердің бірнешеуіне тоқтала кетсек. Бірінші сөз болатын үйлену мен адамды жерлеуге байланысты өткізілетін салтқа тоқталсақ. Үйленуге байланысты қазақта түрлі ырым-жоралғы, ежелден келе жатқан дәстүрлеріміз жеткілікті. Соның бірі романда кездесетін әменгер-лік. Әменгерлік дегеніміз – атастырылып, қалыңмалы төленіп қойған қалыңдықтың немесе жас келіннің күйеуі қайтыс болған жағдайда артта қалған жесірді күйеуінің ағасына немесе інісіне қосуы. Қазақ халқының әменгерлік ғұрпын өлген туысының ошағы өшпесін, оның балалары жетімдік көрмесін, мал-мүлкі талан-таражға түспесін деген ізгі ниеттен туған ғұрып деп түсінгеніміз жөн. Романда Нұғыман байдың отбасы туралы сөз болғанда қазақтың ежелгі салты әменгерлікпен жолығамыз: «Дүрия да, Сәлім де Нұғыманның кіші әйелі Сақыпжамалдан туғанды. Бәйбі-шеден туған қыздар әлдеқашан ұзатылған. Жалғыз ұл бар еді, ана жылы азамат болған кезінде көкпар тартып жүріп, аттан жығылып өлді... Оның Керей ішінде қалыңмалы төленіп, әне-міне аламыз деп жүрген қалыңдығы бар-тұғын. Өлгендей бақытсыздықтан кейін екі жақ кезек арба-сып, көп сөйлесіп жүріп, ақыры жетіп отырған жесірді Нұғыманның кіші ұлы Сәлімге қаратып еді. Өткен жылы жайлау үстінде құдалыққа көп адам барып, келінді отаулап алып келген». Ал осы кездегі Сәлімнің жас шамасы да айтылып кетеді: «...дәл осы кезде жұрттың назарын өзіне аударып, сары ала қамшыны ат қып мінген, сегіз-тоғыз шамасындағы бір бала даладан тасырлата шауып келді... Үстінде кестелі барқыт мешпет-шалбар, басында үкілі тақиясы бар бұл бала – Нұғыманның жалғыз ұлы Сәлім болатын. Үй толы кісіні елең қылмай, келе-ақ әкесінің мойнына асыла кетті. – Ой, ақымақ, мына үлкен кісілерге сәлем берсейші, – деді Нұғыман ыңғайсызданып. – Ұят-ай, сені де үйленген жігіт дейді-ау?..» [6, 245]. Әменгерлік дәстүрмен баланың жас шама-сына да қарамау ежелгі дәстүрлердің бірі еді, алайды бұл оқиғалар бергі заманда болып жатса да ескі салт-дәстүрлердің әлі де қолданыс та болуы романға арқау болып отырған елде қазақы ескі дәстүрдің қаймағы бұзылмай, сол күйінше сақталып келе жатқанының белгісі деп түсінеміз.

Сонымен қатар романды оқи отырып кісі есімін ырымдап қою дәстүрін атап айтар болсақ Қанағат бидің әкесі Күдерінің есімін қойған кезді көреміз: «Ай артынан ай, жыл артынан жылдар өтіп жатты. Ысмайыл «бұл дүниеден, шынымен-ақ, тұяқсыз өтем бе?» деп жүргенде Айтолқын жүкті болып, шекесі торсықтай тағы бір ұл табады. Ысмайыл ат шаптырып, той жасап: «Күдерім-ді үзгенде жанған шырағым ғой» деп жаңа туған нәрестенің атын Күдері қойған екен» [6, 184].

Ат регеу. Ол – адамды сыйлауға арналған ізеттілік әдет-ғұрып. Ұлттық болмыс бойынша әйел-дер атасына, қайнағасына, қайнысына, қайынсіңілісіне атын атамау үшін қосымша ат қояды. Мұны ат тергеу деп атайды. Мұндайда қойылатын аттардың кейбірі мынадай: «Мырза қайнаға», «бай атам», «би аға», «тентегім», «еркежан», «шебер шешей», «ақ әже», «сырғалым», «шашбау-лым». Жеңгелері қайны-ларына әзілдеп, бойлары тапал болса «сұнғақтым», жайбасар болса «жүйрігім» деп те ат қояды. Халқымыздың осы бір ежелден келе жатқан дәстүрі Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көш» роман-дилогиясында да көрініс табады. Естайдың жеңгесі «Молда жігіт» деп атай-ды, себебі Естай жастайынан білім қуып, қалада оқиды. Сонымен қатар, шығарма кейіпкерлері Дүрияны жеңгесі Торғын «Бикеш» деп атайды. Осындай жеңгелердің қайны, қайынсіңілілерін, қайынағаларына ат қою дәстүрі жазушы шығармаларында молынан кездесіп отырады.

Арыздасу. Бұл фәнидегі (өмірдегі) тататын дәм-тұзы таусылып, өмірден өтіп бара жатқан ғаріп отбасымен, туған-туыстарымен, көрші-көлем, дос-жарандарымен соңғы рет тілдесіп, хош айтысады. Мұны арыздасу деп атайды. Арыздасуда бақилық болғалы жатқан пенде біліп, білмей жасаған қателік, күнә, кінәлары үшін жи-налғандардан, олар одан кешірім сұрайды. Бұл дәстүрді де жазушы шығармаларынан көре аламыз, дәл осы дәстүрді шығармада қолдана отырып, «Соңғы көш» шығармасы атауының шығу поэтикасын нақтылап көрсетіп кетеді. Қанағат бидің өмірден өтер алдында ағайын-туысын, балаларын, жан жарын қасына шақырып, хош айтысады, сол кезед ұлы Естай мен туған ұлындай болып кеткен Нұрбекке былай дейді «...жақында бір түс көргенін, түсінде Батысқа қарай жөңкіле көшіп бара жатақан елді көргенін айта келе «осы ел баяғы сендер келген ізбен Атамекенге қарай қайта жөңкіле көшетін сияқты, осы қазақтың соңғы көші болатын шығар. Егер де сондай бақытты күн туар болса мына елге өзің бас-көз болып, Атамекенге аман-есен алып өтерсің, балам!» – дейді Нұрбекке қарап. Дәл осындай өлер алдында хош айтысып, арыздасуды шығарманың басында Қанағат бидің әкесі Күдері бидің өмірден өтер алдында аға-йынмен соңғы тілдесуінде көреміз. Күдері би Балжанға «балам, өзінді туған еліңе, ағайын-туысы-ңа апарып табыстырамын деп уәде берген едім, әттең, орындай алмай барамын, баламдай болып кетіп еді...» деген көрініс те бар шығармада.

Ат тұлдау. Ер адам қайтыс болғанында мініп жүрген атының жалқұйрығын күзеп, оны бос жібереді де, өлген адамның жылында сол атты әкеліп сояды. Бұл дәстүрді ат тұлдау деп тұлдай-ды. Романда Қанағат бидің тұлпарын, би қайтыс болғаннан кейін жалқұйрығын күзеп, бір жыл-дан соң жылдық асында атты сояды.

Шығармада тағы да ырым-жоралғылардың қолданылуы жағынан көңіл аударарлық әйел дүниеге сәби әкелер кезде жасалатын ырымдардың да көрініс табуы: «...Бір-екеуі Ғалияның қасында қалып, өзгесі қазан-аяқ жақты айналдырып жүр. Лезде самауыр қойып, ет турап, «жарысқазан» жасаудың қамына кіріскен. Қазақтың ырымы бойынша, қуырдақ піскенше толғат-қан әйел де босанып қалуға тиіс. «Бәрі де осы қуырдаққа қарап тұрса, тезірек піссін» деп Естай отын жарып, су әкеліп, зыр жүгірді. Көрші әйел бір табақ етті қазанға салып, қуыра бастады... – Қара қазан бұрын пісе ме? Қара қатын бұрын туа ма? – деп дауыстады, жан-жағына қарап. – Әри-не, қара қатын бұрын туады...» [6, 492] Осы жерде де әйел босанар алдында жасалатын бірнеше ырымдар жасалады, бұлардың бәрі қазақтың ежелден келе жатқан, фольклордың бір бөлігіне айналған салт-дәстүрлері болатын.

Осындай зерттеулер жүргізе отырып жазушының шығарманы жазу барысындағы фольклорлық дәстүрлерді қолдануының ерекшелігін байқаймыз. Жазушы өз көаламынан туған туындыларында салт-дәстүр, ырым-жоралғылырамен қатар фольклорлық әстүрлердің бірі – мифологиялық көрініс – түс көру, оны жори отырып болашақты болжау әдістерін де кеңнен қолданады. Екі том-дық романда бірнеше бас кейіпкерлердің болашағы түс көру, соны жору арқылы көрінеді. «Бір қызық, шырма-шату түс көрді... Баяғы жас кезі екен дейді, бостандықта жүр екенмін дейді. Ауыл үстінде Қаражалда отырған тәрізді. Бұл бір топ адаммен Ақтасты кенерлеп, Қайрақтыны жайлаған Шөтік ішіне қайындап барған екен дейді... Қыздардың арасында ақ үкісі бұлғақтап, Күміс те келе жатқан-дай. Осы қызға баяғыда бір рет үйленген сияқты едім деп ойлайды. Енді бір мезетте асыр салып жүгірген балалардың ішінен өзінің екі ұлы Үрістем мен Дастанды көреді. «Бәсе, мен Күміске әлде-қашан үйленгенмін, мынау менің балаларым ғой», – Нартай ішінен. Әбден сағынған ұлдарына құшағын жайып тұра ұмтылады. Бірақ ана екеуі «көкелеп» келіп мойнына асылудың орнына, қаш-қақтап жоламайды. Мұны танымайтын сыңай көрсетеді... Енді бір қараса, қолына ұстап келе жатқан-ны көкпар емес,

жарқылдаған қайқы қылыш болып шығады. Соңында қапталдай шапқан елдің қолында да бір-бір қылыш... Оқ жаңбырдай жауып тұр екен дейді. «Баймұрат! Баймұрат! Азаттық үшін, туған ел үшін алға!» деп айқайлағысы келеді, бірақ үні шықпайды. Кенет дауыстары жер жарып, соңында ұрандап келе жатқан жұрттан да ешбір сарбаз қалмапты. ... Кенет қалың түнек-тің арасынан мылтығын кезей ұстаған жау солдатты шыға келеді. Жеңіске мастанған жау күлкісінен жексұрын не бар екен дүниеде? «Атсайшы енді, иттің баласы! Не қып тұрсың?» деп ақырады зығырданы қайнаған Нартай... Ол өз даусынан өзі шошып оянады. Ол біразға дейін жаңағы көрген түсін еске түсіре алмай, ақыры жобасын құрастырғандай болады. Қазақ жақсы түс көрсе, біреуге айтып жорытқанша асығады. Жаман түс көрсе, «Тәйірі, түс түлкінің боғы емес пе?» деп қолды бір-ақ сілтейді. Нартайдың қасында түс жорытатын да ешкім жоқ еді. Не үшін екен, соңғы кезде осындай бір түстерді жиі көретін болып жүр... Өйткенмен, бүгінгі түсі ұнамады өзіне. Қан-ша ырымшыл болмағанымен, түсінде жау қолында қалуын жақсылыққа жори алмады». [4, 69]. Нартай батырдың түрмеде жатқан кезіндегі көрген түсі өткені мен бүгінін және ертеңін дәл көр-сетіп, саралап береді, ол жерде жас кезіндегі ойын-сауықты, отбасын көрсете келе, ел үшін, жер үшін жанын шүберекке түйіп шайқасқан кездерін көреді, соңында өмірінде болмаған қызық жайттарды көреді, бұл сарбаздарымен бірге қашып келе жатыр екен, бір кезде сарбаздары да жоқ болып кетеді де, өзі жау қолында қалып қояды, жау батырды атып өлтіргісі келеді. Осы көрген түстері батырдың болашағынан хабар беріп тұрғандай. Өйткені алдағы өмірінде тура осындай шытырман оқиғалар күтіп тұр еді. Өміріндегі ең жақыны, бауыр еті балаларының өзі батырды көпшілік алдындағы ашық сотта әкелерінен теріс айналып, елдің алдында әкелеріне қарсы сөз сөйлейлі, батырға бұл өте үлкен ауыр соққы болады, өзінің туған жерінде болып жатқан жиында ең болмаса құлындарымды бір көріп, маңдайынан иіскесем деп тұрған әке өз ұлын көргенде есінен танып қала жаздады: «...Бірақ Нартайдың көретін сұмдығы әлі алда екен, бұған деген жан азабының ең ауырын да аяныштысын да әдейі соңына сақтапты. Өзінің үлкен ұлы Үрістемді әлдекім қолтығынан жетектеп сахнаға алып шыққанда, Нартай есінен танып қала жаздады. Бір көріп маңдайынан иіскеуге зар болып жүрген Үрістемі ғой... Тәңірім-ау, бұған не айтқызбақ сон-да? О, қу құдай, ендігі көрсетейін дегенің осы ма еді?!.. Манадан бері сыр бермей тұрған Нартай-дың осы тұста жүйе-жүйесі босап, басы айналып, тізесі бүгіліп кете жаздады. Баласының сөзі құлағына еміс-еміс қана жетеді. – Иә, ол халықтың жауы... Сондықтан менің де жауым. Бүгіннен бастап мен оны әке деп есептемеймін. Мен – халықтың баласымын... Нартайдың құлағы шыңыл-дап, бұдан ары не айтып тұрғанын естіген жоқ. Бір заматта есін жиып қараса, ұлы сөзін бітіріп, кетіп бара жатыр екен. Ол өзін ұстай алмай: – Үрістем, құлыным... келші, маңдайыңнан бір иіске-йін! – деді даусы жер астынан шыққандай тарғылданып. Қаны қашып, қағаздай ағарып кеткен Үрістем не істерін білмей, орта жолда сенделіп тұрып қалғанды. Әлдекім қолтығынан шап беріп ұстады да, ішке қарай ала жөнелді» [4, 164]. Бұның бәрі батырдың өзі түсінде көрген оқиғалар-дың өңінде шынға айналуы еді. Өзінің бауыр еті баласының өзіне қарсы сөз айтуы әке күтпеген оқиға болды, осы жағдайды да батыр түсінде көрген. Түсінің соңындағыдай батырдың ажалы жау қолындағы қарудан болады. Елі үшін аянбай жылдар бойы жауымен шайқасқа түсіп келген батырды Қытай өкіметі батырды өзінің туған елі алдында атып өлтіреді. Қарап отырсақ романда-ғы басты кейіпкерлердің бірі Нартай батырдың тағдыры да оқырманға фольклорлық дәстүрдің бірі – түс көріп, оны жору арқылы жетіп отыр.

Жазушының басқа шығармаларында да ежелгі салт-дәстүрлер, ырым-жоралғылар жиі кездесіп отырады. «Атамекен», «Сәйгүліктер», «Дарабоз», «Тағдыр», «Таңғажайып дүние», «Көкейкесті» романдарында ежелгі дәстүрлеріміз орынды қолданылып, әрқайсысының астарында үлкен мән жатыр. Романда қолданылған салт-дәстүр, ырымдар мұныменен бітпейді, шығарманың басынан аяғына дейін қазіргі кезде біз тек қана ауыз әдебиеті туралы кітаптардан ғана оқып-біліп жүрген қазақтың дәстүрлерімен кездесіп отырамыз. Мысалы, кісі шошынып ауырған кезде ұшықтап емдеу әдісі, байдың үйіне барған бидің байдың бәйбішесіне өз қолымен қымыз құйып беріп, ол қымыздан бәйбішенің ауыз тиіп, биге қайта қымыз құйып беру дәстүрі, мақал-мәтелдердің қолданылуы, жай ғана айтылып қоймай, әрбір мақал-мәтелдер бір сюжетпен теңестіріліп, бір іс-әрекет бір мақалға теңестірілу, тек аңыздарда ғана кездесетін жын-шайтандар туралы көріністер, діни-аңыздар, тек қазақ халқының ғана емес, сонымен қатар қытай халқының да адам жерлеу кезіндегі ырымдары да шығармада өте сәтті қолданылған. Қазақ халқында ежелден келе жатқан ескі дәс-түр – өлім

кезінде айтылатын жоктау өлеңде де романда көрініс табады. Қазақ халқының ұлттық ойындарын көрсетуімен автор өзге жазушылардан ерекшеленіп отырады. Әулие-бақсыларға құдайдай сенген аңғал халықты да осы шығармадан көре аламыз. Бір сөзбен айтқанда роман-диалогия дәстүр мен жаңшылдыққа құрылған десек те болады.

1. Жұмаділов Қ. «Соңғы көш» осылай туған // *Қазақ әдебиеті*, 1981. – 11 б.
2. Жұмаділов Қ. 8 томдық шығармалар жинағы. 5-том. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 536 б.
3. Жұмаділов Қ. 8 томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 504 б.
4. *Қазақ фольклорының тарихылығы*. – Алматы: Ғылым, 1993. – 325 б.
5. Қоңыратбаев Ә. *Қазақ фольклорының тарихы*. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 287 б.
6. Жұмаділов Қ. *Ақынның ақырғы күндері* // *Қазақ әдебиеті*. 22 желтоқсан 2000 ж. №51.

Резюме

В статье рассматриваются народные традиции, обычаи, приметы, обряды, мифологические сюжеты художественного мира известного казахского писателя Кабдеша Жумадилова. Отмечается удачное использование метода предвидения будущего через толкования сна в неразрывной связи с жизненными событиями. В статье пранализированы мифологические сюжеты и приемы их использования на материале романов «Последнее кочевье» и «Удивительный мир».

Summary

Folk traditions, consuetudes, signs, ceremonies, mythological subjects of the artistic world of the known kazakh writer Kabdesha Zhumadilova, are examined in the article. The successful use of method of foresight of future through interpretations sleep is marked in indissoluble connection with zhizennymi sobyatiyami. In the article of pranalizirovany mythological subjects and receptions them ispol'zvaniya on material of novels the «Last camp» of nomads and «Surprising world».

ОБЩАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ПРОИЗВЕДЕНИЯ «АХЛАГИ-НАСИРИ» (НАСИРОВА ЭТИКА) ХАДЖИ НАСРЕДДИНА ТУСИ

Лейла Рагими – Диссертант, институт рукописей НАНА

В творчестве одного из крупнейших ученых средневекового Востока Хаджи Насреддина Туси (1201-1274) произведение «Ахлаги-Насири» занимает особое место. Автор написал это произведение на фарси по желанию Насиреддина Абдулрагима ибн Али Мансура Мохтешема Гохестани и в его честь во время проживания в 633/1235 году в городе Гаин Гохестана.

Являющаяся первой и основной статьей книги «Тахзибул-ахлаг» на самом деле представляет собой вольный перевод с арабского языка книги Ибн Мискавеха Рази «Аттахаратул-араг». Автор при написании второй статьи «Благоразумие дома» вдохновлялся статьей Гезали «Кимья-саадет» (Химия счастья). Третья статья, то есть «Политика управления страной», представляет собой собрание теорий великих личностей. Произведение «Ахлаги-Насири» занимает особое место в ряду персоязычных книг, написанных простой прозой. Необходимо отметить, что такая манера письма по сравнению с другими стилями считается более сложной. Несмотря на то, что книга написана на фарси, тот факт, что в нем широко использованы слова и термины на арабском языке, длинные предложения, а также изложение велеречивым языком ряда вопросов об основах восточной философии, является наглядным доказательством того, что этот стиль письма труден и сложен одновременно.

Автор, говоря об основных темах книги, сначала дает об упоминаемой теме краткое и конкретное объяснение, а затем определяет его границы и предоставляет объясняющую информацию о «целях» темы.

Основной темой «Ахлаги-Насири» является «практическая мудрость». Автор раскрыл эту тему в 3 основных разделах, то есть под заголовком «Очищение морали», «Благоразумие домовитости» и «Управление страной». В целом, книга состоит из предисловия, 3 статей и

итогов.

Книга состоит преимущественно из 3 статей:

1-Первая статья: «Очищение морали» состоит из 2 частей: Первая часть – «Основы» из 7, вторая часть – «Цели» 10 глав;

2-Вторая статья: «Благоразумие дома» состоит из 5 глав;

3-Третья статья: «Правила управления страной» состоит из 8 глав.

Раздел книги, связанный с моралью, написан в 7 главах. В первой главе книги автор сообщает, что у каждой науки есть тематика, самобытный стиль и основы. Согласно Туси, «человеческие желания» представляет собой тематику науки Тахзиб (очищение морали). Из чего состоит чело-веческое желание, предел её степени совершенства, мощь и сила, пути совершенствования и основные преграды на пути достижения совершенства – все подобные вопросы составляют тема-тику науки морали.

Во второй главе книги дается объяснение «человеческого желания» или же «речевого желан-ия». Согласно Туси, суть человеческого желания заключается в самой сущности человека и обладает силой врожденного осознания, то есть чувствует сам себя, не нуждаясь в ином средстве. Произошедшее в организме изменение, все меры и деятельность возникают под воздействием и влиянием «речевого желания». Эта сущность не является телом и не может быть осознано ни одним телесным органом. Для более наглядного объяснения этого понятия автор старается дока-зать следующие 6 свойств: «Существование желания»; «Сущность»; «Несложность и простота»; «Тело и бестелесность»; «Умение познавать себя только самим собой»; «Будучи средством для всего, не познание ни одним из органов чувств».

Автор, в силу того, что «существование желания» наглядно, не видит необходимости в каком-либо доводе для его доказательства, так как каждый человек верит в существование, и не ищет никаких доводов для доказательства.

Доказывая «Сущность желания», автор пишет, что кроме Аллаха, все сущее или *cövhar* – джовхер (сущность), или же *araz* – араз (случайность). То есть если его существование зависит от другого независимого тела, такое сущее называют *araz*, нет, если сам независим и не зависит от другого самостоятельного, его называют *cövhar*. Затем приводит такой довод: так как в истине желания нет случайности свойства, то есть, обладая способностью сохранять в себе сознательные значения, она постоянно осознает новые значения, забывая остальные. Это изучение и забвение, будучи свойством случайности, дает нам такой результат, что если желание не может быть слу-чайностью, следовательно, оно сущность.

При доказательстве несложности и простоте автор отмечает 2 основных понятия – «простой» и «сложный». Желание выражает исключительно значение единства. Знаем и то, абстрактные существа не делятся на единицы (раздробляются на части). Если бы желание делилось на части, то и единицы раздроблялись бы. А о не раздроблении единицы мы хорошо знаем. И этим доказы-вает примитивность желания.

Что касается не ощущения какими-либо органами желания, его он объясняет так: «Органы чувств в силах осознать только тела и телесные предметы. Так как желание, не является не телом ни телесным, ощутить его органами чувств будет невозможно».

Автор, перечисляя силы человеческого желания в третьей главе книги, отделив его от осталь-ных сил, различает 3 вида:

1 – Растительное желание;

2 – Животное желание;

3 – Человеческое желание.

Каждое из этих желаний по отдельности также обладает несколькими силами:

1 – Сила *qaziyye* (питания);

2 – Сила *təntiyyə* (развития и взращивания);

3 – Сила воспроизводства и увеличения потомства. Сила питания растительного желания ото-бражается посредством четырех сил:

1 – Сила *cazibə* (притяжения) (прием пищи);

2 – Сила *masekə* (удержания пищи);

3 – Сила *hazimə* (переваривание пищи);

4 – Сила *dəfe təvadd* (выделение).

Сила *təntiyyə* (развития и взращивания) совершенствуется с помощью сил *qaziyyə*

(питания) и *müğäyyirä* (меняющей форму для получения пищи). Сила воспроизводства и увеличения потомства также проявляется в *qaziyyä* и в другом действии, т.н. *müsävvärä* (цветения или же оплодотворения)

1 – Сила непроизвольного чувства;

2 – Сила произвольного (волевого) поощрения;

Сила непроизвольного чувства состоит из 5 *zähiri* (внешних) и *batini* (внутренних) органов чувств, сила произвольного поощрения – из двух сил вождения и гнева.

Единственную силу, отличающую человеческое желание от других животных желаний, Туси называет «силой речи». Эта сила без нужды в дополнительных средствах, чувствует осознаваемые предметы и может отличить их друг от друга.

В четвертой главе книги Туси показывает, что человек «*äsräfi-mäxluqat*» (золото сущего), то есть самое славное из всего сущего. Затем отобразил выделение желание от тел и неживой природы и возвышение до самых высших человеческих категорий.

В пятой главе книги повествуется о совершенстве и недостатках желания, и отмечается само-бытность, то есть наличие в каждом существе только ему присущих свойств. Согласно Хаджи Насреддину Туси и у человека есть специфичные особенности, наличием которых он отличается от иных существ. Эта особенность есть сила «речи человека». Человек с помощью силы речи различает прекрасное от уродливого, хорошее от плохого, и с помощью силы воли (позволения) движется к нему (прекрасному или уродливому, хорошему и плохому). Именно с помощью этой силы поступки человека делятся на добрые и дурные деяния и, наконец, эти (добрые и дурные) деяния направляют человека к вечному счастью (если доброе деяние) или же к несчастью (если деяние дурное). Да, человек присущей ему самому силой призывается либо к счастью, либо к несчастью. Пользуясь «человеческим желанием» в правильной и достойной форме, возвышает себя до уровня совершенства. Наоборот, любая ошибка и халатность в использовании этой силы становится причиной деградации «человеческого желания» и, наконец, несчастья человека. Согласно Туси, совершенствование или деградация человеческого желания зависит от его позволения и воли. Говоря иначе, отследив верный путь, оставив позади этажи эволюции, достигнуть его высоких вершин, или же упасть в яму унижения – все во власти человеческого желания.

В шестой главе книги Туси объясняет, в чем заключается совершенство человеческого желания. Он совершенство человеческого желания делит на основе составляющих речевое желание двух научных и практических сил, на совершенство научной и практической силы. Автор указывает, что темой теоретической мудрости является совершенство научной силы, а темой практической мудрости – совершенство практической силы.

По мнению Туси, совершенство научной силы заключается в том, чтобы осознав науку овладеть просвещением, достичь до степеней существ и узнать их действительную сущность, и, наконец, достигнув считающейся источником существования всех существ абсолютную сущность, осознать мгновение *iövhid* и единения. И этим его душа, успокоившись, освобождается от оков изумления и подозрений.

Совершенством практической силы же называют адаптивное поведение человека своих возможностей и деятельности для достижения степени «нравящейся морали». После достижения вершины совершенства нравственности, человек должен заняться оставшимися двумя делами, то есть вопросами «благоразумия дома» и «управления страной». В итоге, если воля и возможности человека смогут осуществив на этой почве гармоничную деятельность, сохранить равновесие друг-друга, то он приобретет к вечному счастью.

В седьмой главе книги Туси повествует о «добре» и «счастье» в том ключе, что в действительности они оба (добро и зло) относятся к нужным условиям достижения совершенства. Согласно автору «добро» и «счастье» отличны друг от друга. Счастье есть само добро. Однако у каждого есть собственное счастье. Этого совершенства можно достичь только в результате сознательной деятельности и воли. Из этого предложения понимаем, что так как счастье людей получается в результате индивидуального сознания и воли, то счастье одного человека еще не означает счастья другого человека.

Затем автор, основываясь на теориях древних философов, декларирует виды счастья. Они называют, что «счастье» бывает четырех видов, а именно мудрости, доблести, беспорочности и справедливости. Это называют еще и «*äcnasi-fäzail*» (виды всех благ).

Туси считает подаренное Аллахом совершенному человеку счастье истинным счастьем.

По его мнению, только используя все силы своевременно, к месту и в надлежащей форме, можно достичь счастья. И наоборот, несвоевременное использование существующих сил человеческого желания создаст преграды для достижения счастья.

Во второй части первой статьи книги ведется речь о целях очищения морали и в десяти главах они объясняются. Первая глава о сущности характеров и о том, как меняется нравственность. Автор признает характер одним из привычек желания, так как он как качество привычки *bətiuz-zəval*. То есть скорость его исчезновения с уничтожением чрезвычайно мала. Согласно Хаджи, «характер» не натура, может быть своего рода привычка. Натурой называются врожденные качества человека. Однако привычка впервые возникла с помощью сознания и воли (позволения), а затем в результате повторных тренировок (опытов) и постоянного контакта с ним, укрепившись, стабилизируется.

Во второй главе «очищение морали» читается самым почетным делом и для доказательства этого утверждения приводит такое довод: человек, будучи самым славным существом этого мира среди всего сущего, то и работа, завершающаяся эволюцией человека, будет самой почетной из всех работ в мире.

В третьей главе отмечаются виды *kəramət* (уважение) и *fəzilət* (достоинство) морали. Хаджи указывает на равенство количества «блага желания» с числом сил желания. То есть в результате воспитания и движущей силы «речевого желания» овладеет благами «науки» и «мудрости», в результате воспитания и движущей силы «необузданного желания» овладеет достоинствами «науки» и «доблести», в результате очищения «животного желания» и подчинения его «умственному желанию» овладеет благами «чистоты» və «щедрости».

Как уже отмечалось, человек обладает двумя силами – «теоретической» (или же научной) и «практической». В результате очищения теоретической (или научной) силы получается блага «мудрость», в результате воспитания силы гнева – блага «доблесть», а в итоге, в результате воспитания силы вождения – достоинство «беспорочности». В результате очищения практической силы же приобретает блага «справедливость».

В четвертой главе автор декларирует виды «благ». «Разум», «скорость осознания (восприятия)», «ясность интеллекта», «легкое познание», «красота ума», «самосохранение» и «память (находчивость)» – все они относятся к «блага мудрости».

Туси видит «блага справедливости» состоящим из следующих 12 видов: «преданность», «беспорочность», «верность», «милосердие», «*siileyi-rəhm*» (связь с родней), «награда», «*hüsni-şirkət*» (соблюдение равенства), «*hüsni-qəza*» (не нарушение прав других при вынесении приговора какому-либо делу), «*təvəddüd*» (создание дружеских связей), «*təslim*», «упование» и «поклонение».

В пятой главе отмечает антагонизмы видов благ, то есть виды подлостей. Он декларирует невежество антагонизмом мудрости, трусость доблести, жадность, беспорочность, деспотизм справедливости. Согласно Хаджи у каждого достоинства есть свой предел, и если любое достоинство дойдет до крайней степени ниже или выше предела, превратится подлостью. Следовательно, достоинство находится в центре, а подлости в неограниченном количестве вокруг него. Линия достоинств подобна линии, нарисованной между двумя пределами, а линии подлости – на бесчисленные кривые линии, нарисованные вокруг нее. В результате впадения в крайности в ту или иную сторону перед каждым достоинством возникает 2 подлости (одно из них образуется когда достоинства выше, другое – ниже необходимого предела). Следовательно, перед указанными нами выше четырьмя основными достоинствами (мудрость, доблесть, беспорочность и справедливость) существуют 8 подлостей.

Шестая глава о различии между достоинствами и внешне схожими с достоинствами. Туси, намекая на ведущих себя подобно мудрецам, но в действительности являющихся подражателями мудрости или же изображающих себя беспорочными, но вовсе не являющихся чистыми душой людьми, указывает, что мудрость является неотрицаемой частью чистоты, щедрости и доблести. Хаджи видит отличным от истинной справедливости проявления справедливости для достижения богатства.

Седьмая глава о преимуществах достоинств справедливости от других благ, его особенностях и видах. Хаджи называют создание в делах равенства и отношений справедливостью. По его мнению, справедлив тот, кто может придать соответствие и созвучность нестыкующимся вещам. Такое лицо должно быть совершенным судьей средним и равным мерам. Истинным творцом справедливости и равенства является считающаяся

источником единства божественная совесть (человеческая совесть). Приобщаясь к благам справедливости человек приближается к мгновению божественной близости (близости к Всевышнему).

Восьмая глава посвящена овладению достоинствами и степеням счастья. Каждый человек может овладеть благами благодаря своим врожденному таланту, обучению и усердию.

Девятая глава о здоровом желании и о том, как сохранить достоинство. Как медицинская наука рекомендует человеку для сохранения здоровья организма пользоваться подходящими натуре, организму вещи, так и нравственные законы для сохранения здоровья желания требуют поддерживать отношения с людьми, имеющие общие свойства.

В последней главе «целей» Хаджи заводит речь о правилах лечения болезней желания, то есть гнусности. Как в лечении организма (медицинской науке) болезни лечатся своими противоположностями, так и в лечении желания, подлости уничтожаются их противоположностями. На лечебной арене в начале определяется, в чем болезнь заключается, затем полностью выясняются его причины и, наконец, приступается к лечению.

Вторая статья под названием «Благоразумие дома» состоит из 5 глав. В первой главе раскрывается значение «науки домоводства». Туси верит в то, что «наука домоводства» является наукой, облегчающей обеспечение быта. Иногда «наука домоводства» называется мудростью обустройства семьи. Согласно Туси, общая основа «науки домоводства» подобна охране равновесия между составными частями человеческого организма. Если есть равновесие, защищает его, нет, если же оно нарушено, старается заново восстановить его.

Вторая глава посвящена управлению, накоплению товаров и продуктов. В этой главе Туси видит управление в 3 основных делах – «заработке», «сохранение богатства» и «трате денег» – а затем намекает на особенности приемлемой и понравившейся профессии (специальности). Автор отмечает как одну из особенностей приемлемого дела и следование справедливости, чистоте и великодушию, дистанцированность от корысти и непогрешимость.

В третьей главе повествует о политике создания семьи. Согласно автору, основной причиной женитбы является «сохранение товара» и «продолжение рода». Он расценивает набожную женщину (хорошую супругу) как компаньона богатству мужа, помощницу мужу в домоуправлении и заместительницей в делах управления в его отсутствие. Туси предлагает 3 основных пути для управления женщиной:

- 1 – Мужчина должен быть грозным и гордым по отношению к мужчине;
- 2 – Мужчина должен обращаться с женщиной с лаской;
- 3 – Мужина должен организовать для своей женщины в домашних условиях занятие.

Туси в четвертой главе второй статьи (науки домоводства), высказывая свои мысли о воспитании ребенка, пишет, что после появления ребенка на свете ему должно дать красивое имя. Автор в продолжении главы разъясняет в продолжении главы различные этапы воспитания ребенка.

Хаджи в последней части книги рассказывает в 7 главах о правилах «управления страной»

В первой главе объясняется потребность народа в культуре, то есть жизни в общественном строе, и сущность и достоинства культурной науки (науки управления страной).

Туси указывает, что так как человек в одиночку со всеми делами (изучив профессию, специальность) справиться не в силах, для продолжения своего рода нуждается в помощи сородича (других людей). Автор после этого предложения приходит к выводу, что человек «*tadaniyyut-tabdir*». То есть он априори (по своей природе) обречен на жизнь в общественном строе. Следовательно, человек «будучи индивидуумом», только в рамках этого общества в пределах своего таланта и труда, может направлять развитие, в целом же общество, в котором он живет, к высшим целям. Хаджи называет это мероприятие «политикой». Если эти меры совпадут с «божественной мудростью», его называют «божественной политикой».

Во второй главе говорится о любви и его видах. Согласно Хаджи, одним из элементов (средств), необходимых для создания связей и общения между социумами, является создание «любви» между ними и призыв к единству. Человек, от рождения (по своей природе) будучи создан со склонностью к совершенству (развитию, эволюции), вынужден для достижения этой эволюции строить дружбу и отношения (объединяться) с другими особями своего вида. А для этого люди в силу природы ищут свою «любовь». Автор делит имеющуюся в людях любовь на 2 части:

- 1 – Естественная любовь (непроизвольная), например, как любовь материк ребенку;
 - 2 – Волевая любовь (волевая любовь).
- Волевая любовь и сама делится на 4 вида:
- 1 – Быстро возникает, и быстро улетучивается;
 - 2 – Постепенно зарождается, постепенно исчезает;
 - 3 – Постепенно зарождается, быстро пропадает;
 - 4 – Постепенно появляется, постепенно уходит.

В третьей главе Хаджи заводит речь о видах общества и появления городов. Как «волевые дела» человека делятся на 2 части, то есть «добро» и «зло», так и общества делятся на эти же 2 части. То есть, созданное с целью добра общество и возникший с помощью зла социум. Созданный с целью добра строй называется «*mādiyye-fazilā*» (совершенная община), возникший с помощью зла строй же «*qeyri-fazilā*» (несовершенным) обществом.

Так истина и добро не состоят из множества (то есть истина одна), вид общества *fazilā* – совершенного общества будет один. *Qeyri-fazilā* общество – несовершенное общество делится на 3 вида:

- 1 – общественное устройство *cahilā* (невежд);
- 2 – общественное устройство *fasiqī* (грешников);
- 3 – общественное устройство *zallā* (жестокых).

В четвертой главе говорится об управлении страной и особенностях шахов. Согласно Туси, управление страной может быть 2 видов:

1 – политика *fazilā* (совершенства) (ее называют еще *imamāt* – (руководство). Его цель заключается в эволюционном развитии людей и, в результате, достижении вечного счастья.

2 – политика *naqis* (несовершенная) (ее называют еще насильственным, фальшивым и коварным). Цель такой политики заключается в том, что пожертвовав людьми ради своих целей, проволочить в несчастье.

В пятой главе Туси делится мыслями о значении дружбы и о поведении в отношении друзей. Автор совершенным и счастливым считает того человека, который прилагает все усилия для нахождения хороших друзей и выделяет из полученного достатка долю и друзьям.

Туси в шестой главе описал правила поведения с людьми из различных слоев народа. Автор верит, что слои общественного устройства бывают не более 3 видов:

- 1 – с точки зрения славы выше слоя;
- 2 – с точки зрения славы ниже слоя;
- 3 – с точки зрения славы равна слою.

Если выше слоя, должен сохранить свою позицию, если ниже – должен довести себя до уровня этого слоя, а если равен со слоем, должен стараться повысить свои позиции.

Хаджи, посчитав особенности друзей и врагов, делит друзей на 2 группы: 1-истинные 2-ненастоящие друзья.

- الامين، المحسن، اعيان الشيعة، بيروت، دار التعارف للمطبوعات، سال: 1403 هـ. 1973 م. 11
- الكتبي، محمد بن شاکر بن احمد بن عبد الرحمن، فوات الوفيات، به تحقیق دکتر احسان عباس، بيروت، دار الحياء، بی تا، ج 4
- امینی نجفی، احمد، شرح جامع تجرید الاعتقاد، قم، نشر مرتضی، شهریور 1369 شمسی، ج 6
- آشنایی اقبال، عباس، تاریخ مغول، بی جا، امیر کبیر، بی تا، ج 2 در یک مجلد
- بهشتی اسرانی، محمد بن احمد، تقرید الاعتماد فی شرح تجرید الاعتقاد، به تصحیح و تحقیق، براتعلی حاتمى، کرج، دانشکده الهیات و معارف اسلامی، شهریور 1375 هـ ش
- طوسی، محمد بن حسن، اخلاق ناصری، تهران، انتشارات خورشید، بی تا
- علوی مقدم، محمد – اشرفزاده، رضا، برگزیده اخلاق ناصری، تهران، انتشارات توس، چاپ ششم، تابستان 1374 هـ
- مدرسی زنجانی، محمد، سرگذشت و عقاید فلسفی خواجه طوسی، تهران، انتشارات امیر کبیر، 1363 هـ
- مینوی، مجتبی – حیدری، علی رضا، تصحیح و توضیح اخلاق ناصری، تهران، انتشارات خوارزمی، چاپ چهارم، شهریور 1369 هـ ش
- مدرس رضوی، محمد تقی، احوال و آثار خواجه طوسی، بی جا، بنیاد فرهنگ سابق ایران، چاپ اول، 1354 هـ ش چاپ دوم: (اول اساطیر)، 1370 هـ ش
- مصطفی صدر الدین، منتخب اخلاق ناصری، بی جا، نشر هما، پاییز، 1373 هـ ش

Түйін

Шығыстың ортағасырлық ірі ғалымы Хаджи Насредин Туси шығармашылығында «Ахлаги-Насири» шығармасы маңызды орын алады. Автор бұл шығармасын Гаин Гохестан қаласында

тұрған кезінде Насиреддин Абдуррагим ибн Али Мансур Мохтешем Гохестанидің тілегі бойынша парсы тілінде жазды. Мақала «Ахлаг-Насири» шығармасының жалпы сипаттамасын арналған.

Summary

The article is devoted to the research of life and works by Nasiraddin Tusi, also “Aklaki-Nasiri”, products played a greater role in development of medieval literatures.

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АБАЙ ДҮНИЕТАНЫМДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

К.Конарбаева – магистрант, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қазақстан мен Орта Азияның ежелгі ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби (толық аты Насыр Мұхаммед Тархан ибн Ұзлық әл-Фараби) қазіргі Түркістан қаласына жақын жерде, Арыс пен Сырдария өзендерінің құйылысында орналасқан (бұрын үлкен орталық камал болып, қазір аумақ-ты қорған ретінде сақталған) ежелгі Отырар қаласында, қыпшақ ұлыстарынан шыққан әскери басшы – тархан Мұхаммед Ұзлақұлы отбасында дүниеге келген. Әбу Насыр жас шағынан талап-ты, оқуға жетік жас болып әкесінің де, ұстаз оқытушы-тәрбиешілерінің де назарына ілінген. Фараби грек, араб тілдерін жетік үйреніп, сол тілдердегі ғылым табстарын меңгеруге күш салады.

Әбу Насыр Әл-Фараби – түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, “Әлемнің 2-ұстазы” атанған ғұлама. Оның заманы “Жібек жолы” бойындағы қалалардың, оның ішінде Отырардың экономикасы мен мәдениетінің дамыған кезіне дәл келеді. Әбу Насыр Әл-Фараби Орта Азия, Парсы, Ирак, араб елдері қалаларына жиһанкездік сапарлар жасап, тез есейді. Ол жерлерде көп-теген ғұламалармен, ойшыл-ақындармен, қайраткерлермен танысып, сұхбаттасты. Тарихи дерек-тер бойынша 70-ке жуық тіл білген. Өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшыл философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларынан 150-ге тарта трактат жазып қалдырды. Шығармаларында көне грек оқымыстыларының, әсіресе, Аристотельдің еңбектеріне талдау жасады (Аристотельдің “Метафизика”, “Категория”, “Бірінші және екінші аналитика” сияқты басты еңбектеріне түсіндірмелер жазған). Арабтың атақ-ты ғалым-географы ибн-Хаукал өзінің “Китаб Масалик уә мамалик” атты еңбегінде және 13 ғасырларда өмір сүрген ибн-Халликан өзінің “Уфиат әл-аиан фи әл-Заман” атты еңбегінде Әбу Насыр Әл-Фарабидің арғы аталарының аттары (Тархан, Ұзлақ) таза түркі тілінде келтірілген. Бо-лашақ ғалым алғашқы сауатын туған жерінде өз тілімен ашса да, 12-16 жас шамасында керуенге ілесіп, білім іздеп Бағдадқа кетеді. Әбу Насыр Әл-Фараби дүниеге келгенге дейін 126 жыл бұрын түркілердің үлкен мәдени орталығы болған Фараб қаласы бейбіт жолмен ислам дінін қабылдаған болатын. Ол кез санасы ашық әрбір мұсылманға ислам діні ғылымымен шұғылдануды парыз еткен. Осы кезден бастап Әбу Насыр Әл-Фараби араб тілді ғалым болып есептеле бастады.

Әбу Насыр Әл-Фарабидің жас кезінен Бағдадқа баруының мынадай екі сыры бар. Біріншіден, сол кездегі Бағдад халифатын басқарған Аббас әулетінің сенімді уәзірлері негізінен түркістандық Фараб қаласынан болған. Екіншіден, Бағдад шаһары ғылым мен өнер жолына бет алған адамдар-ға қақпасын кең ашып, барынша жағдай жасаған. Бағдадта “Баит әл-хакма” атты ғалымдар үйі және әлемдегі ең бай кітапхана болған. Алғашқы кезде Әбу Насыр Әл-Фараби өзін ақын, әнші, күйші ретінде танытып, одан соң ежелгі грек ғалымдарының қолжазбаларын оқу арқылы күрделі ғылыми зерттеулермен шұғылдануға кіріскен. Фарабидің алғашқы ұстаздары Иса пайғамбарды “құдайдың баласы” демей, “пайғамбар” деп таныған несториандық христиандар болған. Ежелгі грек ғылымы мен араб ғылымының арасын қосқан осылар еді. Әбу Насыр Әл-Фараби дүниетанымы – екі әлемнің: көшпелілер мен отырықшылар өркениетінің және Шығыс пен Грек-Рим мәдениетінің өзара байланыстарының нәтижесі. Әбу Насыр Әл-Фараби заманының әлеумет-тік-саяси көзқарастарын, тіл мәдениетін, философиялық-гуманитарлық (философия, логика, этика, эстетика, саясат, социология, лингвистика, поэзия, шешендік, музыка) және жаратылыстану (астрономия, астрология, физика, химия, география, космология, математика, медицина) ғылым-дары салаларын терең меңгеріп, осы бағыттарда өзі де құнды ғылыми жаңалықтар ашты.

Бұхар, Самарканд, Шам, Мысыр, Александрия – араб, парсы елдерін түгел кезеді. IX-XI ғ.ғ. Орта Азияда ғылым-білім, философияның гүлденген уақыты болды. Сол кезеңдегі ортазиялық ғалымдар – әл-Фараби, Ибн Сина, әл-Хорезми, әл-Бируни және т.б. көне дәуірдің ғылыми мұрасы мен философиясын жинақтап, жаңа деңгейге көтерді. Олар Орта Азия халықтары тарихи байла-ныста болған барлық ұлы өркениет көздеріне үңілді. Бұлар көне грек ғалымдарының еңбектері мен көне үнді жазбаларының сырларын, Орта Азия халықтарына белгілі мұралары арқылы көне Қытай ілімін зерттеді және пайдаланды. Бұл кезеңде Батыс христиандары ортаазиялық ғалымдар – әл-Фараби, ибн Сина, әл-Бируни, ибн Рушдпен бой жарыстырар бірде-бір ғалым шығара алма-ды. Бұл кезеңде Орта Азия ғылымы әлемдегі алдыңғы орынға шықты. Бағдат халифаты мұсыл-ман әлемінің түрлі тарабынан, әсіресе, Персия мен Орта Азиядан ғалымдарды орталыққа жина-ды. Осы мақсатта халиф әл-Мамун Бағдатта «Байт ал-Хакма» атты ғалымдар үйін ашты және әлемдегі ең бай кітапхана қорын жинақтады. Бұл ғалымдар үйі ғылым мен өнер адамдарына қақ-пасын кең ашты. Алғашқы кезде Бағдат ғылымын атақты ортаазиялық математик Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми басқарды. Әл-Фарабидің кезінде Бағдат халифі әл-Мұхтадирдің ең сенімді уәзірлері негізінен түркістандық Фараб қаласынан болған (Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы. 1998 ж.). Ендеше, жасы елуге келгенде Бағдатқа ат басын бұрған ұлы ғұламаны білім іздеген шәкірт деп емес, осы ғалымдар үйіне шақыртумен келген ұстаз деп қараған дұрыс.

Фараби ғұмыр кешкен кезең Шығыс елінің оянуға бет алған ұлы өзгерістері мен өрлеу дәуірі болатын. Бұл кез – арабтың әдебиет тілі айта қаларлық дәрежеге, абырой-атаққа ие болып, мұсылмандар өлкелеріне кең қанат жая дамыған кезі еді. Осы кезеңде араб тілінде араб емес көп-теген халықтардан шыққан ұлы ғұламалар, данышпан ақын-жазушылар өз еңбектерін жазып қал-дырды. Сөйтіп, араб мәдениетін өркендетуге мұсылман дініндегі халықтар түгел қатысып, араб тілінде ұлы мәдениет жасалады [3].

Әл-Фараби көбіне Аристотель ізіндегі философ болған. Жалпы рисалаттарын біреулер 128, енді біреулер 100 дейді. Негізгі еңбектері «Рисалат фима янбағи ан юкадама кабла такалам әл-фальсафати» (философияның бет ашары), одан соң «Фасусул Хаким» (философияның тараулары) т.б. поэтика, математикаға арналады. Алдыңғы еңбектің жеке бөлімдері бірнеше кітап болып басылған. Соның бірі «Екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фарабидің құдайшыл Платон мен Аристотель философиясындағы пікірлер гармониясы жайындағы кітабы», «Ақыл сөзінің мағынасы», «Ғылымдардың тегі», «Әділ қала тұрғындарының дүние танымы» деген еңбектер [2. 304].

Қазақ әдебиеті тарихы үшін, әсіресе, Әбу Насыр әл-Фарабидің орны бөлек. Әбу Насыр әл-Фараби – қазақтың ескі мекенінде дүниеге келген даңқты ұстаз, заманының жан-жақты білімді адамы. Аты бүкіл әлемге әйгілі философ, математик, дәрігер, музыка зерттеушісі т.б. Әдебиет мәселелеріне қатысты «Риторика туралы кітап», «Жазу өнері туралы кітап», «Өлең өнері қағида-лары туралы трактат», «Өлеңнің ұйқасы мен өлшемі туралы кітап» шығармаларын айтуға бола-ды. (ежелгі дәуір тарихы)

Кейінгі кезде зерттеушілер әл-Фарабидің әдебиет саласындағы еңбектеріне назар аударып бас-тады. Бұл салада да білім атасының бітіріп кеткені бірталай деп, толық ауыз толтырып айтуға келеді. Ғұлама ғалымның «Риторика», поэзия өнері канондары хақындағы трактаты, «поэзия өне-рі жайлы трактаттары» әлі тиек боларында шеек жоқ.

Әл-Фарабидің екінші трактаты «Китаб ашшир» немесе «Поэзия кітабы» деп аталады. Бұл туындысы баспадан орыс тілінде шыққан «Логикалық трактаттарының» ішінде бар. Бұл да Әл-Фарабидің «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактатының» жалғасы іспеттес. Поэзия шындық-ты еліктеуден, соның бейнесін сомдаудан туады. Бір зат арқылы екінші затты түсіндіреді, салыс-тырып бейнелейді, сөздің қуатты күші адам мінін, мінезін түзеуге дейін апарады дейді ғалым.

Қазақ топырағынан шығып, Шығыс елдеріне барып мол біліммен сусындап, санаткер мұрала-рымен дүниеге жарқ еткен ұлы ғалым амамыз Әбу Насыр әл-Фарабидің құдіретті талантының бүгінде тоқсан тоғыз қыры ашылып отыр [3. 83].

Әбу Насыр Әл-Фараби өзінің философия көзқарастарында басты үш бағыт анық аңғарылады: ол дүниенің мәңгілігін мойындады, танымның болмысқа тәуелділігін растады, ақыл-парасат туралы ілімді саралады. Мәңгілік пен тәуелділік бастауларын құдіретті Алладан, аспан әлемінде-гі құбылыстардың мәнінен, ақыл-парасаттан, адамның жан-дүниесінен, түр мен материя арақаты-насынан іздеді. Аристотель қағидаларынан өз

дүниетанымына жақындарын қабылдады және оны осы тұрғыдан түсіндірді. Әбу Насыр Әл-Фарабидің философиялық көзқарасын тарихи жағдайда, оның өз дәуірімен байланысты қарағанда ғана терең түсінуге болады. Орта ғасырларда философиялық ойдың дамуы діни ілім негіздеріне сүйенді. Демек, Әбу Насыр Әл-Фарабидің философиялық ілімін де өз кезеңінің діни түсініктері тұрғысынан қарастырған ләзім. Бірақ ол бұл түсініктерді философиялық тұрғыдан дамытты. Ол, әсіресе, “Аспан астындағы дүние” ілімінен неғұрлым айқын көрінеді. Бұл Аристотельдің жасампаз ақыл жөніндегі көзқарасын әрі қарай дамыту еді. Жасампаз ақыл – тек “аспан астындағы дүниенің” қозғалыс себебі ғана емес, өз алдына логос. Осы дүниенің заңдылығы – жер бетіндегі дүниеге іштей тән ақыл. Жеке адамның ақылы әлемдік санамен ұштасса ғана дамиды. Соңғысы, яғни әлемдік сана – мәңгі. Адам болса дүние салады, өткінші. Осыдан барып жанның мәңгі екенін және басқа жаққа ұшып кетуін бекерге шығару туады, мұның өзі діни қағидалар мен философияның арасындағы күреске тиек болған тезис еді. Ұлы ойшыл философияға үлкен мән берді, оған көп үміт артты. Ол философияны қоғамды оятатын зерде, парасат шамшырағы, халықты әділетті қоғамға жеткізетін негізгі бағыт, ұрпақтар арасындағы рухани-мәдени сабақтастықты ғасырларға жалғастыратын құрал, әлеуметтік-этикалар күрделі мәселелердің шешімін, уақыт талаптарының жауабын табатын әдіс деп түсінді. Осы деңгейде дұрыс ойланып, оңды әрекеттену үшін философияның 9 қағидасын оқып-білу қажеттігін ескертеді. Мұндағы мақсат – тұтастықты, ақиқатты, ізгілікті, жаңа игілік көздерін іздестіру, соған қол жеткізу. Философ адамды өз болмысын өзі танып білуге тәрбиелеу ісіне үлкен мән берді. Бұл мәселені логикалық, этикалық, педогогикалық, тілдік тұрғыдан кеңінен саралап, бұларды бір-бірімен өзара сабақтастықта қарастырады. Рухани жоғарғы мақсат нышан-дарын адамдарды өзара байланыстыратын бастаулардан – жан-дүние үндестігінен, әдеміліктен, қайырымдылықтан, бақыттан іздестіреді. “Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы”, “Мем-лекет қайраткерлерінің қанатты сөздері” және т.б. саяси-әлеуметтік трактаттарында қайырымдылық пен бақыт мәселесіне кеңірек тоқталды. Қайырымдылық дегенде ақыл-ой, әділдік, бақыт және теңдік идеяларын құптаған ежелгі ойшылдар дәстүріне сүйенді. Тек бақыт туралы нақты білімі бар, оған жету жолдарын айқын білетін, соған сәйкес әрекет жасайтын қауым ғана қайырымдылыққа икемді екенін ескертті.

Әл-Фараби сезім мен ойлау, тәрбие мен іс-әрекет жүйесін жетілдіру мәселесіне қайта айналып соғып отырған. Білімсіз адамгершілік молаймайды, білімсіз адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан-дүниені тәрбиелемей үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылым-ға қолы жетпейді деп ескертеді.

Адамзат тарихында ғылыми ойдың үздіксіз даму барысында «өзін танымақтың» немесе «жан қуаты» туралы ойлардың қалыптасу жолдарын танып білу күрделі мәселеге айналып, бастан-аяқ қарама-қарсы көзқарастардың өріс алуына түрткі болды. Адамның өзін танымақтық жөніндегі ілімнің алғашқы қадамы көне дүние философтарынан басталса да, оны өз заманында ғылыми жүйеге түсіріп, қалыптастырған Фараби еңбегі ерекше көзге түседі. Жалпы «жан қуаты» немесе «өзін танымақтық» жайлы күрделі ой сарасына қазақ топырағында арғы заманда Фараби, соңғы дәуірде Абайға терең барлап барған. Абай өлеңдері мен қарасөздеріндегі жан қуаты жайлы ой толғануында «жан құмары», «жанның жибилі қуаты», «жан қуаты», «жанның азығы» т. б. осы іспеттес филос. сарындағы ойларын таратқанда: «Жан қуаты деген қуат-бек көп нәрсе, бәрін мұн-да жазарға уақыт сиғызбайды» – деп, айрықша ескертуінің өзіндік себептері бар. Бұл тұжырымынан ақынның «өзін танымақтығы» жөніндегі ілімнің тарихымен толық таныстығы анық байқалып, өз тарапынан ойларын кең түрде тыңдаушыларына молынан жеткізе алмаған өкініші де сезіледі. Жан қуаты жөнінде Фараби қолданған философиялық терминдер Абайдың өлеңдері мен жетінші, Он жетінші, Жиырма жетінші, Отыз сегізінші, Қырық үшінші қарасөздерінде сол түпнұсқадағы қапына немесе қазақы ұғымға сай балама сөздермен беріледі. Ақынның Он төртінші, Он жетінші қарасөзі мен «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек...», «Көзінен басқа ойы жоқ...», «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа...», «Алла деген сөз жеңіл...», «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі асыл тас... «өлеңдерінде арнайы сөз болып, талқыланатын ақыл, қайрат, жүрек жайлы филос. мағынадағы ойларының бастау алар көзі Фараби еңбектерінде жатыр [4].

Абай мен әл-Фарабидің ғылыми-философиялық, діни, ағартушылық, өнер т.б. салалардағы төркіндес, тектес, жақын келеді, бірін-бірі толықтыратын идеялары, ойлары мысал болады.

Олар-дың педагогикалық, тәлім-тәрбиелік мазмұндығы байланысы, тамырластығы осының бірден бір айғағы.

Фараби «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» атты еңбегінде адамның өзін танымақтығы жөнінде айтылатын ойларын «өсімдік жаны», «хайуан жаны», «адам жаны» деп жүйелейді. Адам жанына (интеллект), оның ішкі және сыртқы сезім мүшелеріне (хауас) талдау бергенде жүрекке үнемі шешуші мән беріп, ерекше даралай көрсетіп отырады. Жалпы жан қуаты жөніндегі танымға булай қарау мешаиын (перепатетиктер) мектебіндегілерге тән құбылыс. Бұл жөнінде Фараби мен Абайдың ой қорытулары сабақтас, өзара іліктес келеді. Фараби «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ, мұның үстемдігі бірінші емес» (эл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1973, 289 б.), – деп, жүрекке шешуші мән бере қараса, Абай да: «Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ менің ісім депті. Бірақ, сонда билеуші жүрек болса жарайды» деген тұжырымға келеді. Бұдан екі улы ойшылдың да жүрек жөніндегі танымдарының негізі бір екені, тек баяндау түрі басқаша берілгені көрінеді. Ақын Фараби ұйғарысындай жүрекке шешуші мән-мағына берумен қатар, оны ізгілік, рақым, шапағат атаулының шығар көзі, тұрар мекені деп біледі. Ойшыл-ақын көп көңіл бөлген мораль философиясы да осы танымға негізделген. Абай туындыларының өн бойына таралып отыратын адамгершілік, имандылық ойларының бәрі де осы көзқараспен ұштасады. Ақынның «хауас», «үш құю» (имани гүл), «жә уан мәрелік», «әділет», «шапағат» жайлы ой толғаныстарының желісі де осы таным шеңберіндегі ұғымдар. Бұлар Ф-дің жоғарыда аталған еңбегіндегі адамның жеке басының ең кемелденген (камили инсани) үлгі-өнегесі жайлы арналы танымы-ның негізіне саяды. Осы Фараби дәстүрінің жалғасы Абайдың «толық адам» жөніндегі ой-пікірі-нен айқын сезіледі. Абайда жиі сөз болатын «толық адам», «жарым адам», «адам болу», «инсани-аттың кәмәләттығы», «бенделіктің кәмәләттығы», «толық инсаниат», «адамшылық», «адамның адамдығы», «адам болу» т.б. атаулық мәні бар ұғымдар, сөздер тобы, ол жайлы пікірлердің шығар көзі Фараби еңбектеріндегі ой желісінен туындайды. Фараби «Табиғат ғылымдарының негіздері» (космогония) жайлы еңбегінде жалпы хакаса, әсіресе, оның хауаси хамса заһири деп аталатын сыртқы сезім мүшелеріне ерекше назар аударған. Фарабидің қоршаған орта болмысы-ның сырын тануда басты орын алатын сезім мүшелері – хауаси хамса жайлы филос. ұғымдары Абайдың Жиырма жетінші, Отыз сегізінші қарасөзі мен «Алла деген сез жеңіл» өлеңінде сол түп-нұсқадағы қалпында берілген. Ақынның «Жансыз жаратқандарынан пайда алатын жан иесі хай-уандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатын ақылды инсанды (адамды) жаратыпты» деген тұжырымы дүниенің жаралуы жайлы Фарабидің тәңірі әуелі жансыз дүниені, есімдіктерді, жан-жануарларды, содан соң ақыл иесі адамдарды жаратқан дейтін сатылы танымынан туындай-ды. Бұл таным Фараби көзқарасының әлсіз жері болса, Абай танымының да осал жағы болып табылады. Ойшыл ақын өз шығармаларында Фараби дәстүрімен хауаси хамса заһириге ерекше мән береді. Ақыл, сана дегеніміз бізді қоршаған өмір шындығының сыртқы бес сезім арқылы, яғни, танымның жибилі қуаты мен адамның санасында сәулеленуінен пайда болатын рухани құбылыс деп таниды. Абайдың ақыл мен сананың пайда болуы туралы дүниетанымының негізі Фарабидің «Ақыл дегеніміз тәжірибеден басқа ешнәрсе де емес» (эл-Фараби. Философиялық трактаттар, 295 б.) деген ой желісімен өзектес келеді. Фараби жан қуатын қозғалт тыратын қуат және танып білетін қуат деп екіге бөліп, адам бойындағы танып білетін қуатты ішкі және сыртқы жан қуаты ретінде қарастырады. Фарабидің бұл танымы Абайдың шығармашылығында сол түр-ғыдан психол. ұғымдардың баламасы ретінде сөз етіледі. Ақынның қарасөздерінде адамның сыртқы бес мүшесі мен ішкі сезім мүшелері бірлікте алынып, хауас ретінде түсіндіріледі. Абай-дың хауас ұғымы-көбінесе, бейнелеу қағидасымен (ахси жиһан) ұштасатындықтан, Қырық үшін-ші сөзінде адам бойындағы жан қуаты жөніндегі Фараби танымдарымен іштей сабақтасып жата-ды. Ақынның «адамды танымақтық» деп өз алдына сараланатын ұғымдары Фарабидің жан тура-лы ойларымен өзектес келеді. Фарабидің адамның дүниені танып білу қуатына (эл-қуат алмута-хаййла) ерекше мән бере қараған, негізгі ой желілері Абайда арнайы сөз болатын хауас, хауаси хамса заһири, хауас сәлем ұғымдарынан көрініс тапқан. Фараби жан қуаты жөнінде өзіндік соны ойлар желісін таратқанда, оларды өсімдік жаны, хайуан жаны, адам жаны деп үшке жіктеп, таным процесін адам жанына тән тума қасиет ретінде қарастырады. Осындай тұжырымдар Абай-дың Жетінші, Он тоғызыншы, Жиырма жетінші, Отыз сегізінші, Қырық үшінші

сөздерінде ұшы-расады. Жетінші сөзінде «жанның тамағы» жайында тоқтала келіп, Абай: «...өрістетіп, өрісімізді ұзартып құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді», – деп, оны жан құмары арқылы дамытын сезім тұрғысында түсіндіреді. Жиырма жетінші сөзінде хайуан мен адам арасындағы ерекшелікті олардың дүние тану үрдісіне қарай жіктеп, «...Һәмма мақлұққа да қара, өзіңе де қара, жаңды бәрімізде де беріпті. Жанның жарығын бәрімізге де бірдей ұғарлық қылып беріп пе? Адам алдын, артын, Һәм осы күнін – үшеуін де тегіс ойлап тексереді. Хайуан артын, осы күнін де бұлдыр біледі, алдыңғы жағын тексермекке тіпті жоқ» деп тану қабілетінің адамда зор сапалық ерекшелікте болатынын атап өтеді. Ақын Фарабидің түсіндіргеніндей жан құмары, жан қуаты деген қасиеттер тек адамға ғана тән нәрселер деп таныған [5].

М.Әуезовтің ақын мен Шығыс әлемі хақында сол кезеңде айта алмай кеткен ақиқатының емеуірін түсініп, осы бағытта зерттеулер жүргізді: біріншіден, Абай мұрасының Шығысқа қатысын анықтап, дәлелдеуде әрдайым М.Әуезовтің ой тұжырымдарын басшылыққа алды; екіншіден, Абай мұрасының шығысқа қатысын үш салаға топтастыра – а) Абай және Шығыс классиктері, ә) Абайдың исламиятқа қатысы, б) Абай және Шығыс хакімдері мен даналарының арасындағы мораль философиясы сабақтастығын зерделеді; үшіншіден, әл-Фараби мен Абайдың ғылымды жіктеу принциптерінің өзара үндестігі мен бір тектес келуін кешенді зерделеді; төртіншіден, Абай дүниетанымындағы “жан мен тән”, “жан сыры”, “жан құмары”, “жанның жарығы”, “жан қуаты”, “жанның тамағы”, “хауас”, “хауас сәлим”, “хауаси хамса заһири”, “иманигүл”, “толық адам”, “пенделіктің кәмалаттығы” тәрізді күрделі ұғымдарға сындарлы ғылыми тұжырымдар жасалды; бесіншіден, ойшыл танымындағы жүрек культі мәселесі М.Әуезов зерттеуінің негізгі нысаны болуы сараланды; алтыншыдан, Иасауи, әл-Фараби, Ж.Баласағұн дүниетанымдары және “Кабус-Наме” еңбегі мен Абай дүниетанымы арасындағы сабақтастық сарапталды [6].

Қорыта айтсақ, Әл-Фараби де, Абай да – ең әуелі ұстаз, ағартушылар, олардың бүкіл философиялық ізденістері мен пайымдаулары адамды барынша кемелдендіру, дамыту мақсатына арналған. Әл-Фараби адамдарды шынайы бақытқа жеткізу жолдарын табуды мұрат тұтса, Абай толық кемел адам (жәуанмәрттілік) тәрбиелеп шығару мақсатын көздеген. Екі ұлы ойшыл ұстаздың сөз саптауларындағы негізгі өзгешелік – әл-Фараби жалпыға арнай, теориялық жолмен толықтап айтса, Абай «қалың елі – қазағының» ыңғайына лайықтап, келте қайырып, қысқа да нұсқа айтады. Бірақ та олардың көздеген мақсат-мұратында бәлкендей алшақтық жоқ, көксегендері – адамның жақсы қасиеттерін, мінез-құлықтарын онан сайын асырып, жаманын жөндеу, осы арқылы оның көсегесін көгерту, шын бақытқа жеткізу.

1. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы, 2005.

2. Күмісбаев Ө. Терең тамырлар. – Алматы, 2009.

3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы, 1987.

4. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы.

5. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 344 б.

6. Отырар. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005.

Резюме

В статье анализируются эл-Фарабидің философские взгляды Аль-Фараби и о его творчестве в казахской литературе. А также, рассматриваются философские взгляды и взгляды воспитания Абая и Аль-Фараби

Summary

In the article analysed plots and reasons of east literature meeting in Kazakh literature. And also, analysed philosophical looks and looks of education of Abay and Al-Farabi.

ИРАН ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕ КӨРІНІС ТАБУЫ

Н.Әтейбекова – магистрант, Абылай хан атындағы ҚХЖ және ӘТУ,

Р.Садықова – доцент, ф.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазіргі заманымыздың негізгі талабының бірі – жан жақты дамыған, яғни білімді де тәрбиелі, мәдениетті және өз мемлекетінің мәдениеті мен тарихын жақсы білетін, оған жаны ашитын жас-тарды даярлау. Бұл қазіргі еліміздің мәдени саясатының басты бағыттарының бірі. Соңғы жылда-ры осы бағытқа байланысты жастардың шет елдерде білімдерін толықтыруларына, тәжірибе алмасуына байланысты көптеген іс-шаралар өткізілуде. Елімізді әлемге таныту мемлекет тарапы-мен қоса сол шет елдерде білім алып, жұмыс істеп жатқан қандастарымыздың да үлесі зор. Солар арқылы шет елдер қазақ жұртының мәдениетінің қандай екенін біледі, таниды. Сондай-ақ шет елдерде білім алып, тәжірибе жинақтап, қазақ мәдениетін танытумен қатар өз мәдениетіміздің тарихын білу керек.

Мәдениет ұғымының ауқымы кең екенін баршамыз білеміз. Мәдениетте әртүрлі үрдістер: материалдық, саяси әлеуметтік, көркемдік, моральдық құбылыстар қарастырылады. Сол себептен де әр салада жұмыс жасап жүрген маман иелері әртүрлі сала бойынша мәдениетке өз үлесін қоса алады. Мысалы, біз тіл мамандары шет тілдерде жазылған мағлұматтармен таныс бола, өзіміздің мәдениетімізге қатысты жайттарды жинай, салыстыра зерттей аламыз. Осылайша, мемлекетімізге өз үлесімізді қосамыз, өз халқымыздың мәдени мол қазынасын толықтырамыз.

Парсы мәдениеті – Азия аумағына кең тараған және кеңінен ықпал еткен мәдениеттің бірі. Та-рих қойнауына қарасақ, Иран мен Тұран бұрынғы заманнан бері көрші болған, кейде дауласып, кейде достасып келген. Дегенмен, бұл екі ел татуласу жақтарына аса мән берген. Қазақстан мен Иранның арасындағы мәдени байланыстар екі елдің өткенін еске түсіреді. Авеста және Шаһнама кітаптарында осы екі елді байланыстыратын дәлелдер берілген [1, 75 б.]. Шығыстың не батыстың өзіне тән мәдениеті бар екені хақ. Алайда, сол мәдениеттердің түпкі терең тамырына көз салсақ, бір мәдениетке тән элементтерді екінші бір мәдениеттен көруге болатынына көзімізді жеткіземіз. Бұның бірнеше себептері де бар, айтарлық тарихи оқиғаларға байланысты, сауда қатынасы арқы-лы енген элементтер және көршілес жатқан елдердің әсерінен және т.б. себептер арқылы енген элементтерді айтуға болады.

Парсы тілі және қазақ тілі, жалпы алғанда, парсы мәдениеті мен қазақ мәдениеті арасындағы байланыстарға келетін болсақ, әсіресе мәдениеттер арасындағы байланыс ертеректен басталға-нын байқаймыз. Сондықтан әрбір бейбіт кезеңнің олардың тығыз экономикалық, мәдени байла-ныс жасауларына мол мүмкіндік бергені де рас [2, 7 б.].

Парсы және қазақ халықтарын рухани туыстырып отырған қасиетті Ислам дініне байланысты. Орталық Азия көшпелілері арасында Ислам діні VII ғасырдың соңғы ширегінде тарала бастады. Бұл өңірде өзге конфессиялар да кеңінен таралғанымен, жергілікті тұрғындардың салттары мен діни ғұрыптары исламның әсерімен қалыптасқан. Ұлы Жібек жолы арқылы мұсылман елдерімен қатынастың өрлей түсуі Орталық Азия өңірінде мешіттер мен ірі діни мекемелер жүйесінің кеңеюіне септігін тигізді. Сол кездерден бастап қазақ елі де нағыз мұсылмандық қағидаларды қабылдап, құдайға құлшылық ететін болды [3, 80 б.].

Енді, біз осы орайда қазақ халқының мәдениетіндегі иран элементтері туралы қысқаша мағлұ-мат беріп өтсек. Қазақ мәдениеті дегенде, ең алдымен біздің көз алдымызға «киіз үй, алтыбақан текпен қазақ жастары, қазақтың ұлттық киімін киген жастар» тағы басқалар елестейді. Бірақ, бұн-дай көріністі өкінішке орай, тек мерекелік іс-шаралардан ғана, әсіресе біз «Наурыз, ұлыстың ұлы күнінде» көреміз. Шындығында, Наурыз көрінісі өте тамаша көрініс. Бәріміздің асыға күтетін ұлы мерекеміз Наурыз. Бұл – ирандықтардың да ұлы мерекесі. Олар да осы мерекені асыға, қуана күтеді.

Наурыз мерекесі – өте көнеден келе жатқан мейрам. Күні бүгінге дейін жер шарындағы көпте-ген халықтардың дәстүрлі мейрамына айналып отырған бұл мерекенің қашаннан бері тойланып келе жатқанын дәлелдейтін айту қиын.

22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні. Бұл күні күн мен түн теңеледі. Табиғат та, Жер-Ана да, жан-жануар да түлейді, жаңарады. Адамзаттың бойында қан жүгіріп, тал-теректер бүршік жарады. Қазақтың сайын даласын Қызыр баба кезіп, адам баласына құт-береке, бақ-дәулет сыйлайды. Самарқанның көк тасы еріп, қасиетті қара жер, қара топырақ бусанады. Ұлы

даланың төсінде қызғалдақтар құлпыра өсіп, бел-белестерге қызылды-жасылды кілем төселеді. Ұлан-байтақ Қазақстанның халқы жеті түрлі дәмінен наурыз көже жасап, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар-ды сақтап, ай бойы Ұлыстың Ұлы күнін тойлайды. Бүкіл Шығыс халқына ортақ бұл мейрамда араздасқандар татуласып, дүйім халық, мұқым ел ауызбіршілікте болады. “Наурыз тойының” басты мақсаты – халыққа молшылық, тоқшылық тілеу. Сол үшін де Наурыз көже беретін үйлер қазан-қазан көже жасайды. Оны тойып ішіп, артығын, құйып әкетуіңе де болады. Әрине, Наурыз көженің белгілі бір ережесі жоқ. Ең бастысы: бидай, тары, қамыр, ет, тұз, сүт, суы бар жеті дәм-нен құралуы керек. Қалғаны әркімнің тұрмыс жағдайына байланысты. Сол үшін де халық Наурыз көженің қамын ерте ойластыратын болған. Сөйтіп наурыз көжеге арнап соғымның жамбасын, жаясын, қазы-қартасын сақтайтын. Бұған қоса кәрі жілікті де сақтайтындар бар. Онысы қарттық-тың белгісі сияқты. “Қартайғанша аман болайық!” деген тілектен болса керек.

Наурыз (Ноуруз) иран халқының көнеден келе жатқан және де асыға күтер төл мерекесі. Наурыз яғни, жаңа жылды мерекелеу Иранда кең етек алған және бұл мерекені бүкіл бір ай бойы тойлай-ды. Сондықтан Наурыз мерекесі алдында да және жалпы наурыз мерекесінде іске асырылар шаралар мен осы мерекеге қатысты рәсімдер де өте көп. Мысалы: Наурыз мерекесіне ғана тән, өзіндік наным сенімі бар «һафт син» деп аталатын жеті нәрседен тұратын наурыз дастарханы. Жеті нәрсе де «син» әрпінен басталады. Яғни: [сиб] алма, [серке] сірке суы, [сәнджед] бұршақ, [сәбзе] көк шөп, [секке] тиын, [сәмәну] халваның бір түрі және [сомақ] жиде [4]. Аталған Наурыз дастарханына қойылатын жеті нәрсенің әр қайсының өзіндік беретін ерекше мағыналары және мәні бар. Атап айтсақ: алма-жеміс мол болсын деген ниетпен, сірке суы – зұлымдық, бәле жала-ны аластату мақсатында, бұршақ-мейірімділік пен махаббат нышаны, секке – күй қуаттылықтың белгісі. Осы жерде иран халқы мен қазақ халқының Наурызға байланысты ұқсас жатқан жері ирандықтарда «һафт син» дастарханы бұл Наурыз мерекесінің маңызды бөлігі болса, ал қазақ халқында «Наурыз көже» ұлыстың ұлы күнінің басты тамағы болып есептелінеді. Қазақтарда Ұлыс күні жеті түрлі заттан-соғымнан қалған сүр ет, езілген құрт, бидай (тары, күріш), пияз және сәбіз қосылған қазан толы «Наурыз көже» пісіріледі. Сүр ет – қыс тағамымен қоштасуды, ал құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен қауышуды (жаңа тіршіліктің басталуы мағынасында) білдіреді. Ирандықтар жеті нәрседен тұратын тағам түрін қойса, ал қазақ халқы жеті нәрседен тағам әзірлеуді. Бұдан «жеті» санынан екі халыққа да ортақ қасиеттілігін көруге болады.

Сондай ақ, иран халқы үшін «он үш» саны бақытсыз сан болып табылады. Бұл санға ирандық-тар ерекше мән береді. Бұны «сиздәһ бэ дәр» (үйден тысқары он үш) делінетін наным-сенімді іске асыру шарасынан байқауға болады. Иран халқы фәрвәрдин айының он үшінші күні, яғни жаңа жылдың он үшінші күнінде бүкіл жанұясымен «он үш» біздің табалдырығымызды аттама-сын деген ниетпен көкке, өзен, көл жағасына, яғни табиғатқа шығып кетеді. Осы күні тұрмыс құрмаған қыздар арнайы жаңа жыл дастарқанына әзірленген «сәбзені» (көк шөп) тұрмысқа шығу ниетінде байлап «сиздәһ бэ дәр сал э дигәр бэ хане йе шоуһәр» (он үшінші күнде келесі жылы кү-йеуімнің үйінде) деген жолдарды айтып ырымдайды. Ирандықтар Наурыз мерекесінен біраз күн бұрын осы «сәбзені» өсіріп, оны «сиздәһ бэ дәр» күніне дейін сақтап сосын оны суға ағызып жі-береді. Бұндағы Ирандықтардың ойы осы «сәбзэ» жаман қасиеттерді бойына жинады, енді сумен сол жамандықтар кетсін дейді. Қазақ халқы да «он үш» санына қатты көңіл бөлген. Оған дәлел «он үш жас – мүшел басы», яғни қауіпті сан деп санаған. Иран халқының тағы наурыз мерекесі кезінде, яғни жаңа жыл кезінде өткізілетін жаңа жылдық іс-шаралардың бірі – чоһар шанбэ йе сури деп аталады. Чоһар шанбэ йе сури ескі жылдың соңғы сәрсенбісінде тойланатын мейрам. Бұл мейрамды тойлау барысында ирандықтар үй ауласында, көше бойында қуарған ағаштан үйме жасап, оны жағып, оттың айналасында билеп, оттың үстінен секіреді. Иран халқы (көбінесе жас-тар) оттың үстінен секіргенде мынандай өлең жолдарын айтады: «зәрдіе мән бэ то, сорһие то бэ мән» (маған сенің қызыл алауың, саған менің бозғылттығым, бойымдағы сары түс) [4]. Бұл өлең жолдарын айтып оттан секіру – менің бойымдағы ауру кетіп, сенің бойыңдағы жалындаған от маған берілсін деген ниетте жасалынады. Мұндағы қызыл түс – денсаулық белгісі болса, ал сары түс ауру, дерттің белгісі. Осылайша ирандықтар отпен бойларындағы ауруды аластатқан. От өшкеннен кейін күлін міндетті түрде ағынды сумен ағызып жібереді. Яғни пәле-жала осымен кет-сін деген ниетте. Осындай отқа табынуды қазақ халқынан да көруге болады. Бұрынғы кезде қазақ халқы

Наурыз мерекесін тойлаған күні қараңғы түсе екі жерге үлкен-үлкен от жағатын болған. Адамдар жас ерекшеліктеріне қарай топ-топ болып, осы екі от ортасынан өтіп бара жатып, қолда-рындағы бас жағына майлы шүберек ораған таяқтарын тұтатып «алас, алас, пәледен қалас» деп айтып, айнала төңіректі отпен тазалап шығатын болған. Әрине көбінесе бұндай іс-шараны жасы үлкен кісілер істеген, ал жастар жағы болса жанып тұрған оттан секіретін болған. Алайда, қазақ мәдениетінде болған иранның оттан секіру элементін қазір көрмесекте, қазақ халқының әлі күнге дейін отпен үйді аластауын, баланы ұшықтауын көруге болады. Яғни, бұл сол элементтің бір ұшқыны.

Осындай, қазақ мәдениетінен көрінетін иран элементтерінің бірі қазақ тілінде кездесетін мың-даған парсы тілінің сөздері мен қазақ халқы арасында кездесетін мыңдаған адам есімдерін де айтуға болады. Қазақ тілінде парсы және араб тілінен енген сөздерден саны, зерттеушілердің пікірлері бойынша, шамамен 10-15 пайызды құрайды. Бұлар, негізінен XVIII-XIX ғасырларда енген сөздер. Бұлардың қатарында жалпы абстрактілік түсінік, оқу-ағарту және мәдениет термин-дері бар, мысалы адамзат [адамизад], айбат [Һәйбат], ғазал [ғәзәл], пешене [пешене], шарайна [чарайна], ақиқат [хағиғат], ақпарат [аһбар], ақырет [аһрет], аспаз [ашпаз], әдеп [одаб], әділет [одалат], бақша [бағче], ғашық [ошеғ], дана [доно], дариға [дариго], дәреже [дәрәдже], дәстүр [дастур], жануар [джанвар], жаһан [джаһон], жұма [джоме], зерек [зирәк], нан [нон], патша [подә-ша], зындан [зендон] және т.б. [5]. Қазақ тіліне енген парсы тілінің мыңдаған сөздерінің ішінде кеңінен әрі күнделікті біздің қолданып жүрген сөздеріміздің бірі – апта күндері. Парсы тілінде «шәнбе (сенбі), йекшәнбе (жексенбі), дошәнбе (дүйсенбі), сешәнбе (сейсенбі), чохаршәнбе (сәр-сенбі), пәнджшәнбе (бейсенбі), джомме (жұма)» болса, қазақ тіліне бұл сөздер «дүйсенбі, сейсен-бі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі» түрінде енген. Қазақ тілінде де парсы тілінде де апта атаулары бірдей болғанмен аптаның басталуы әр елде әр қалай. Мысалы, қазақ халқы апта күнін «дүйсенбіден» бастайды, ал иран халқы «сенбіден». Алайда, қазақтарда бұрын аптаны «сенбі» күнінен бастаған. Сондай ақ ата бабаларымыз жыл мезгілдерінің атауларында да парсы сөздерін қолданған. Мысалы, олар қысты «зымыстан» парсыша «земестан», ал жазды «табысқан», яғни парсыша «табестан». Парсы тілінен қазақ тіліне кейбір сөздермен қатар -кер, -паз, би-, не- сықылды жұрнақтары сөздерге тіркеліп, әр-алуан жаңа сөздерді жасауға септігін тигізген. Мысалы, талап-кер, жауап-кер, айып-кер, айла-кер, ас-паз, өнер-паз, жыл-нама, ауру-хана, ас-хана т.б. Сондай-ақ, парсы тілінің болымсыздық жұрнағы би-, бей-, на-, не-, қазақ тіліндегі көптеген сөздерде пайдаланылады; бей-бақ, бей-ғам, бей-шара, бей-таныс, бей-мәлім, бей-тарап, на-хақ, на-мәрт, на-разы т.б. Бұл сөздердің барлығы дерлік қазақ тілінде төл сөздеріндей қолданыс-та, бұл аса зор мәдениеттің ұзақ ғасырлар бойғы сіңісудің нәтижесі болса керек. Қазақстанның бас қаласының парсы тіліндегі «Астана» сөзімен аталғаны да және қазақ валютасын «теңге» деп атауымыздың да Иран мәдениетінің ежелден келе жатқан әсерінің әлде де күшті сезілетінін көр-сетсе керек. «Астана» парсы сөзі «Астанэ» қазақ тіліндегі негізгі беретін мағыналары «кіре беріс, патша сарайы, табынатын қасиетті жер» болып табылады, ал «теңге» сөзінің беретін мағынасы «ақша, күміс не алтын тиын» және бұл сөз ауыз екі парсы тілінде «тәнге» немесе «тенге» деп айтылады [6].

Қазақ тіліне шеттен ауысқан түрлі лексикалық элементтердің ішінде ең керекті орын алатын араб және парсы сөздері болып табылады. Қазіргі қазақ тіліндегі парсы лексика элементтерін негізінен екі топқа бөліп қараған жөн деп білеміз. Бірінші топқа – қазақ тіліне ежелгі заманнан еніп, әбден сіңісіп, өзінің алғашқы фонетикалық тұлғасын өзгертіп жіберген сөздер жатады. Мұн-дай лексикалық элементтердің шеттен ауысқан сөздер негізінен ұмытылып та кеткен деуге бола-ды [7]. Екінші топқа – қазақ тіліне онша сіңісе қоймаған, бірақ қазақ оқушысына бұрынғы қисса-дастандардан жақсы таныс араб-парсы элементтері жатады. Парсы сөздерінің қазақ тіліне ауы-суы талай-талай ғасырларға созылған ұзақ та күрделі тарихи процесс болғанын естен шығармау керек.

1. عابدینی م. ح. سیمای فرهنگی قزاقستان. تهران: بین المللی الهدی، 1384. - 75-76 ص.

2. Исабеков Д. Қазақ-Иран мәдени байланыстарының өткені мен болашағы (семинар материалдары). – Алматы, 2001. – 7 б.

3. Озганбаев Ө. Дәстүрлі достық аясында. Қазақ-Иран мәдени байланыстарының өткені мен болаша-ғы. (Халықаралық семинар материалдары). – Алматы, 2001. – 77 б.

4. Рүстемов Л.З., Самарэ И. Парсы тілінің ізашары. – Тегеран, 1994. – 495 б.

5 Садықова Р.К., Пилтанг Ж. Қазақ және парсы тілінде мағынасы бірдей сөздер. – Алматы, 2007. – 50 б.

6. Рубинчик Ю.А. Персидско-русский словарь. – Тегеран, 1997.

7. Садықова Р.К. Тұр-тұс атауларының аудармада берілуі «Абай жолы» роман-эпопеясының парсы тіліне аудармасы негізінде: филол. ғылымд. канд. ... диссерт. – Алматы, 2010. – 150 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются сходства обычаев казахского и иранского народов.

Summary

This article features out of the similarities of customs of Kazakh and Iran people.

ҚАЗАҚ АЙТЫСЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қ.Досанова – магистрант, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қазақ айтыстарының жеке жинақ болып та, әр түрлі газет, журнал, хрестоматияларда үзінді кү-йінде де басылып жарық көру мерзімі ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады. Бұлардың іші-нен В.В. Радлов құрастырған халық әдебиеті нұсқалары жинағын айрықша атаған жөн. В.В. Радлов осы жинағына өзінше топтастыра отырып, «Ұзатқан қыздың өлеңі» деген тарауда «Жар-жарды», сондай-ақ «Қайым өлең» деген атпен «Жанақ пен Түбектің айтысы», «Ұлбике мен Күдері Қожа», «Мөнек пен Опан қыз», «Шортанбай мен Орынбай» айтыстарын, ал «Жұмбақ» деген бөлімде қыз бен жігіттің жұмбақтасу айтысын алғаш рет орыс таңбасымен қазақ тілінде бастырады [1; 10]. Бұл шығармалар «жыршы қалай айтса, дәл солай...» жазылуы жағынан да, тұңғыш рет жанрлық топтастырылуы тұрғысынан да құнды.

Кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарында-ақ зерттеушілеріміздің алдында қазақ айтыстарын жанрлық тұрғыдан топтастырып, ғылыми бағалау міндеті туды. Бұл мақсаттағы алғашқы елеулі еңбек деп, М.Әуезовтың 20-жылдардағы қазақ әдебиетінің тарихына арналған зерттеулерін [2] атауға болар еді. Автор бұл еңбегінде қазақтың ауыз әдебиетін: салт өлеңдері, батырлар әңгімесі, халық дастандары, тарихи өлеңдер, ертегі, айтыс өлеңдер деп жіктеп бөліп, айтыс өлеңдерінің жанрлық ерешеліктерін талдап, оны қазақ халқының әлеуметтік өмірімен тығыз байланыста алып мұқият қарастырады.

С.Сейфуллиннің 30-жылдардағы еңбегінде де халық ауыз әдебиеті нұсқалары жанрлық жағынан осы тектес етіп топтастырылған. Автор оны зерттеуінде: «Ауыз әдебиетінің тіл өнерінің дені айтыс өлеңдер, ал соның ең көне түрі – «Аужар», «Бәдік», «Жұмбақ айтыс», «Әзіл өлеңдер», – деген ұстамды пікір айтады.

Қазақ халқының бай ауыз әдебиетімен қоса айтыс үлгілерін ғылыми жіктеп, оның халықтық сипатын жан-жақты ашып талдау – бұдан кейінгі жазылған зерттеу еңбектердің үлесіне тиді. Жазушы С.Мұқанов 1942 жылы «Айтыс» жинағына жазған алғы сөзінде қазақ айтыстарын халық өмірінің жарқын көрінісі, шындықты көркем бейнелейтін әдебиеттің бір мол саласы дей келіп: «...одан (айтыстан – Қ.Д.) халықтың қуанышы да, қайғысы да, саяси шаруашылық тұрмысы да, мәдени дәрежесі де, замана идеологиясы да, әдет-ғұрпы да, жалпы әдептілік және жеке адамдардың қарым-қатынастары да, заманына лайық өрбіген тартысының формалары да көрінеді» [3; 7], – дейді.

С.Мұқанов өз зерттеулерінде қазақ айтыстарын: 1) Әдет-ғұрып айтысы; 2) Қайымдасу айтысы; 3) Жұмбақ айтысы; 4) Дін айтысы; 5) Ақындар айтысы деп таныстырады. «Бұл жерде автор жұмбақ айтысы мен дін айтысын жеке түр есебінде ақындар айтысынан бөліп алып, оны тудырушы-лардың да бір кезде ақындар болғанын, бұл айтыстардың мазмұн-сипатымен жалпы ақындар айтысының бір түрі екенін ескере бермеген тәрізді» [1; 13] – деген ой айтады осы жіктеуге орай М.Жармұхамедов.

Орта мектепке арналған қазақ әдебиеті оқу құралында Қ. Жұмалиев айтысты: 1) Бәдік айтысы; 2) Жар-жар; 3) Мал мен адамның айтысы; 4) Өлі мен тірінің айтысы; 5) Жұмбақ айтысы; 6) Салт айтысы: а) Қыз бен жігіттің айтысы; ә) Ру айтысы; 7) Осы күнгі айтыстар деп жеті топқа бөледі [4; 117-137]. Мұнда ақындар айтысы салт айтысына қосылып талданып, өзіндік беті айқын, өзекті сала – ақындар айтысының ара-жігі дараланып ашылмай қалған.

Қазақ айтыстарын жіктеп топтастырудағы кейбір даулы мәселелер М.О. Әуезов зерттеулерінде ғылыми дұрыс шешімін соңғы басылуындағы айтысқа байланысты жазған тарауларында айтыс өлеңдерін ірі екі топқа бөліп қарастыруымен тапқан. Олар: 1. Әдет-ғұрып айтысы; 2. Ақын-дар айтысы. Автор әдет-салт айтысына рушылдық, жұмбақ, дін айтыстарын жатқызады. Сондай-ақ, М.Әуезов ақындар айтысын түре, сүре айтыс деп ірі екі жүйеге бөледі. Ал бір-бір ауыз өлең-мен шектелетін түре айтыстың өзін қайым өлең, қара өлең деп екі сатыға жіктейді де, бұларды кәнікті ақындармен қатар, айтысқа жаңа машықтанып жүрген көпшіліктің де сүйіп қолданатынын да айтады. Сонда бұл түре айтыс үлгісі сүре айтыс деп аталатын кәдуілгі ақындар айтысына барып жалғасатын алғашқы сатысы, яки соның бастамасы тәрізді болып көрінеді.

М.Әуезов бұл зерттеуінде [2] қазақ айтысына тән ерекшеліктерді жан-жақты талдай отырып, Қазақстанның қайсыбір сипаттарын да жете әңгімелеген. Мәселен, автор Жетісу өңірінде «Тау өлең», «Су өлең», «Жер өлең» секілді айтыс өлеңдердің мол болғанын атап көрсетеді.

Бізде осыған ұқсас еліміздің кәсіп-шаруашылығына байланысты мал мен адам, яки үй іші, от басы, ошақ қасына қатысты тіршілікке сәйкес туған, басқа айтыс түрлерінен құрылыс бітімі өзге-ше, жеке бір сала айтыстар да бар («Әке мен бала», «Атасы мен келіні», «Шәкірт пен жалқау-лық» т.б.) [1; 10].

Бұлар көбінесе көшпенді шаруа жайын әңгімелеп, кейінгі буын жастарға тәлім-тәрбие беру, оларды еңбекке, оқу-білімге баулу мақсатында туған. Осындай тәрбиелік, білімдік сипаттарына қарап, бұл топтағы айтыстарды дидактикалық (тәлім-тәрбиелік) айтыстар деп атауға да болар еді [1; 15].

Қазақ айтыстары туралы жазылған үлкенді-кішілі зерттеулердің бәрінде дерлік айтысты әдеби ірі жанрдың біріне (драма, яки роман, поэма) теліп талдау жиі ұшырайды. Мәселен, Б.Кенжебаев белгілі «Біржан-Сара» айтысын өлеңмен жазылған роман десе [5; 213], Е.Ысмайылов жалпы қазақ айтыстарын түгелдей сюжетті поэмаға қосуды құптайды [6; 123].

Айтыстың диалог түрінде келуі оны сырттай болса да, драмалық туындыға жақындастырып, екеуін бір-бірімен ұқсас ететін тәрізді. Ал енді драмалық жанрға келсек, олардың бәрі бірдей сахна заңына лайықталып жазылған, әрбір образды, ұсынар идеяны актерлар ойыны арқылы бейнелейтін, табиғи бітімі тіпті басқаша шығармалар емес пе? Сондықтан, айтыстың ерекшелік белгілерін әңгімелегенде, оның алғашқы қайсыбір театрлық элементтерін ғана атап айту мен оны тікелей драмалық жанрға жатқызуды бір-бірімен әсте шатастырмаған абзал.

Қазақ айтыстары өзінің туыс бітімінде тұрмыс-салт жырларының (сыңсу, тойбастар, беташар, жұбату, қоштасу, наурыз өлеңі т.б.) көптеген ерекшелік белгілерін бойына мол сіңірген жанр. Жалпы айтыс жанрына М.Әуезов атап көрсеткен кейбір драмалық сипаттар да, әдебиеттегі жыр, толғау, дастан секілді эпикалық жанрдың ерекшелік-белгілері де жат емес. Қазақ айтыстары – ғасырлар бойы халық өмірімен біте қайнасып, қалың бұқара басынан кешірген әлеуметтік-қоғамдық тұрмыстың қат-қабат көріністерін көркем бейнелейтін, кешегі үстем тап өкілдерінің озбырлығы мен әділетсіздіктерін жұрт алдында тезге саларлық әшкерелегіш қасиеттері мол уытты жанр.

Ғалымдардың түрлі жіктеуіне қазақтың ауызша кәсіби мәдениетінің түрлерінің дамуы мен шығу тегін зерттеуші ғалым Е.Тұрсынов та өз пікірін айтады. «Жеңілден күрделіге» ұстанымы бойынша автор айтыстың барлық дерлік түрлерін келесідей кезекте атайды:

- А) «Жар-жар»;
- Ә) «Бәдік» қарғысы, «бәдік-айтыс»;
- Б) «Қайым-айтыс»;
- В) Қыз бен жігіт айтысы;
- Г) Жұмбақ айтыс;
- Д) Тартыс;
- Е) Би-шешендер айтысы;
- Ж) Тақпақтасу;
- З) Ақындар айтысы [7; 250-251].

«Әдебиеттану ғылымындағы жанрлық жіктеулерді негізге ала отырып айтыс өлеңдерін:

- 1. Тұрмыс-салт айтысы: а) «Бәдік»; ә) «Жар-жар»; б) «Қыз бен жігіт қайымдасулары»; в) Төрт түлік мал туралы айтыс; г) Дидактикалық (Тәлім-тәрбие) айтыс;

2. Ақындар айтысы: а) Жұмбақ айтысы; ә) Ру айтысы; б) Дін айтысы; в) Жазба айтыс деп топ-тастырып бөлу жөн болар еді» [1; 16-17], – деген ой айтады ғалым М.Жармұхамедов өз зерттеуінде.

Ғалымдардың жоғарыда келтірілген жіктеулері әр қилы болғанына қарамастан, өзара ұқсас-тық бар екені анық. Шартты түрде айтылған осы пікірлерге назар салар болсақ, қазіргі заманда тек қыз бен жігіт айтысы мен ақындар айтысы ғана өз белсенділік күшін жоймаған тәрізді. Кері-сінше, күннен-күнге дамып, құлашы кеңге жайылуда. Бұрынғы ғасырларда «Жар-жар» айтыс қатарында саналса, бүгінгі таңда орындалу сипатына қарай айтыс формасына келмейді. Сондай-ақ, қазіргі айтыстың өткен ғасырлардан өзгешелігі – телеарналық және радиохабарлық жобала-рының пайда болуы. Бұл, әрине, ең алдымен, заманның өркендеуі, техниканың дамуының ықпа-лы. Мұның өзі айтысты насихаттауда зор үлес қосуда.

1. Жармұхамедов М. Айтыстың даму жолдары. – Алматы: Ғылым, 1976. – 168 б.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Қызылорда-Ташкент, 1927.
3. Айтыс, I том. – Алматы, 1942. – 379 б.
4. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті, I бөлім. – Алматы, 1950. – 292 б.
5. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XIX ғ. басындағы демократ жазушылары. – 329 б.
6. Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы: ҚазМем.көр.әдебиет, 1956. – 296 б.
7. Кожаметова Ж.А. К вопросу о классификации казахского айтыса // Вестник КазНУ. Серия филоло-гическая. №9 (108). 2007.

Резюме

Вопросы, рассматриваемые в статье. Жанровая классификация казахского айтыса. Особенности казах-ского айтыса. Исследования казахского айтыса.

Summary

Abstract. The issues dealt in this article. The Genre categorization Kazakh's aitys. The Particularities Kazakh's aitys. The Studies taught Kazakh's aitys.

ЛИРИКА-ПУБЛИСТИКАЛЫҚ ПОЭМАЛАРДАҒЫ РУХАНИ ҮНДЕСТІК ПЕН АҚЫНДЫҚ ТАНЫМ ӨЗГЕШІЛІГІ

Ж.Д. Қалиева – магистрант, М.Х. Дулати атындағы ТарМУ

Поэма – көркем әдебиеттегі басты жанрлардың бірі. Қазақ әдебиетінің тарихына көз жүгірт-сек, оның даму кезеңдерінің әр тұсында да поэманың өзге ірі жанрларымен қатар іргелі де маңыз-ды орын алып келе жатқанын көру қиын емес [4, 121].

Әміркүл Мырзақұлұлы эпикалық туындыларға д құлаш ұрған ақын. Ол поэма жанрының ішкі байлығын кең пайдалануға тырысқан ақындардың бірі. Қазақ поэзиясының түбегейлі бір саласы жыр-толғау болса, жазба ақындардың өкілі ретінде дәл осындай бағытпен поэмаларын дүниеге әкелген.

Жанрлық ішкі ерекшеліктері тұрғысынан келгенде, 20-жылдары қазақ поэмалары екі салаға жіктеле түсетінін көреміз. Біріншісі – ежелгі дәстүр бойынша жазылған шын мәніндегі сюжетті поэмалар болса, екіншісі сюжетсіз лирика-публицистикалық поэмалар. Әміркүл Мырзақұлұлы-ның сюжетті поэмасы «Жетім баланың зары» 1962 жылы жазылған еді. Ақынның осы поэмасы жазылған қойын дәптерінің бір бұрышында мынандай жазбаларға көзіміз түсті: «Алматы қаласы. Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет және көркем өнер институтының директоры Базарбаевқа. Город Джалбул дом народного творчество при обл. управление культуры Аубакирову».

Бұл жазбадағы мәліметтерге көз жіберсек, поэманың бір нұскасы жоғарыдағы мәдениет ошақ-тарының мұрағаттарында сақталып жатуы ғажап емес.

Жоғарыда айтылғандай, сол сөз болған сюжетті поэмалармен жарыса жарық көріп, жұртшы-лық назарына түскен екінші сала лирика-публицистикалық поэмалар екенін байқаймыз.

Әміркүл ақынның келесі поэмасы «Жұмыр жер мен әз адам» осы лирико-

публицистикалық поэмалардың қатарына енеді. Себебі, лирико-публицистикалық поэмалардың сюжетті поэмалар-дан басты-басты айырмалары бар. Ең басты айырма, поэмалардың бұл түрінде шын мәніндегі сю-жет болмайды. Екіншіден, сюжетті поэмалардағыдай нақтылы адамдардың арасындағы қарым-қатынас көріне бермегендіктен, көбінесе нақтылы адамдардың бейнесі де жасала бермейді [4, 123].

Лирико-публицистикалық поэмаларда ақын қоғам өмірінің белгілі бір кезеңдерін, не нақтылы бір кезеңін жинақтап, түйінделіп бейнеленеді де, сол заман көрінісін көзге елестеп отырады. Қазақ әдебиетіндегі лирико- публицистикалық поэмалар, ең алдымен, ұлттық дәстүрге сүйеніп жасалды деуге негіз бар. Лирико-публицистикалық поэмаларда сол толғау жырдың көптеген көр-кемдік элементтері ұшырайтынын көреміз. Бірақ лирико-публицистикалық поэмалар толғау жыр емес. Бұның толғау жырдан бөлек тың сапалары бар [4, 121]. Міне, дәл осындай соны ізденістер мен тың сапаны Әміркүлдың «Жұмыр жер мен өз адам» поэмасынан көре аламыз. Поэма он бір буынды қара өлең ұйқаспен, төрт тармақты шумақпен, үш бунақты тармақпен жазылған шығар-ма. Идеясы жағынан адам баласының Жер-ананың қадірін түсінуге, оны құрметтеуге, табиғат байлықтарын қорғауға шақыру болып табылады. Мазмұны жағынан әрі философиялық, әрі эко-логиялық тақырыптар іштей ұштасып жатқанын төмендегі шумақтардан байқаймыз:

*Жұмыр жер асты-үстімен қабат-қабат,
Өз адам іздей берсе бәрін табад.
Өмір де, өлім де бар – іздегенге,
Мың жылдар адам үшін болған сабақ.
Адамның жеке жасы азғантай- ақ ,
Сонда да жерге қарар жасқанба-ақ.
Ей, өз адам! Жасың кіші, Жер Ұлы ғой,
Ұлы жерді қаталданбай көрсеңші аяп.*

Жалпы поэманың тақырыбы «Жұмыр жер мен өз адам» болып аталуының өзі шығарма мазмұ-ны мен идеясының тереңде жатқандығын аңғартады. Бұл поэмаға арқау болған «Жұмыр жер мен өз адам» атауларының шығу төркіне терең үңілер болсақ, алдымен «өз» атауының тарихын біліп алуды жөн көрдік. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» 2-томында: «Өз араб тілінен енген сөз сын. 1. Ғазиз ардақты, сыйлы, жақсы. 2. ауыс. Қасиетті,киелі 3. Көне, бұрынғы. 4. // тар. Дәстүрлі қазақ қоғамында асқан әділдігімен, ерекше қайраткерлігімен даңқы шыққан ел билеушісіне ғана берілетін мәртебелі ресми атақ» [6, 378].

Ал ақын ұғымында поэма желісінде басты категория ретінде «Өз адамының» сыры тереңде жатыр. Сан жылдар бойы Жер-ананың төсінде еңбек етіп оның қадір қасиетін жете түсінген диханшы ақын Әміркүл адам баласы мен жұмыр жердің бірге үйлесімді ғұмыр кешуі жайында кеңінен толғанады. Мұнда баса назар аударатын жайт; тек қана қазақ қауымында, жұмыр жер доңғалақ, дөңгелек екенін ықылым заманнан көшпенділер болжап қойған. Алдымен, арнайы сөз-діктен «Жұмыр» сөзінің сын есім ретіндегі бастапқы мағынасына назар аударсақ: «Жұмыртқа сияқты жұп жұмыр домалақ. Ал. жұмыр жер – жер шары, жер беті» деген сөз тіркестерінің бейнелеуіш мағынасында қолданылады екен [7, 566]. Бұл поэтикалық оралымға нақты мысал, төмендегі шығармалардан алынған үзінділер. 1. *Жұмыр жердің бетінде, мұндай мол суды әлі күнге ешкім осыныя биіктікке көтеріп көрген жоқ* (А.Сейдімбеков). 2. *Жұмыр жер, барлық ел, бар адам; Эфирге құлағын тосады, ғажайып бір хабар тараған «Адам Марсқа ұшады!»* (М.Рашиев, Қанатты қиял). 3. *Оқ атпасын ешкім де өмір деген тым ыстық. Жұмыр жердің, үстінде, Бұзылмасын тыныштық* (Ө.Дүйсембиев, Көңілді).

Табиғаттың ошағы, тіршіліктің қайнаған ортасы Жер ананың тартқан қасіреті санасыздардың кесірінен, ал тіршілік атаулы мақұлықтардан адам баласының жеке даралайтын қасиеті ол – сана-сы мен ақылы деген ой түйеді. Сондықтан Әміркүл қарапайым адамнан өз адам деңгейіне көтере-ді. Оған мына жолдар дәлел:

*Тажалмен есі жоқтай ойнамағын,
Күн туды шындап енді толғанатын,
Ей, адам! Өмірді ойла ұзақ жасар,
Сол үшін «өз адам» деп болған атың.*

Ақын миллион адамның қасіретін де қуанышын да қайыспаған Жер ананың асқақ

қасиетіне тамсанады. Оның қасірет деп түсінгені санасыздар мен ессіздерің жауыздық қолынан туатын зор-лық-зомбылық. Ақын танымы, әз адам ақылдың бастауымен жүріп, саналы еңбек ететін жан, осы сияқты әрбір жан өмірде өз орнын табу үшін бейнетпен, адал тер төгу керек.

*Ізденсең өмір кілті табылады ,
Тек қана саналы еңбек! Бағын әлі
Жұмыр жер түс түріңді таңдамайды,
Жер анаға еңбектен де табын әлі.*

Өміркүл ерінбей, жалықпай аянбай тер төгіп, бейнеттену арқылы еңбегінің тәтті жемісін көріп, жаны рахат күй кешті. Оның ақындық жүрегі мұны жырламай тұра алмады, әрі оны аза-маттық парызым деп санады.

XX ғасырдың 60-шы жылдары көрнекті ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтың «Адамға табын, жер, енді» поэмасы. жарық көріп, бүкіл халықтық рухани мұрасына айналғаны айдан анық. Аталмыш поэма да жанрлық тұрғыда лирико-публицистикалық поэма екені баршаға мәлім. Бұл шоқтығы биік туындыда сол заманда үлкен саяси маңызы бар оқиға, яғни адамзат тарихында тұңғыш рет ғарышқа самғауы, Ю.Гагариннің ерлігі әлемге ерекше пафоспен паш етіледі. Сонымен қатар, ақын Олжас Жер ананың мәңгі қасіреті экологиялық проблемалары да ақындық жүрегімен аяныш білдіріп күйіне жырлайды:

*Жұмыр Жер қалай ғана жыламайды,
Көрген ол құйын,
Боран,
Құлағайды.
Құла түз құлазыған,
Қаңыраған
Безбүйрек мына бізді кіналайды [5, 21].*

Мемлекет және қоғам қайраткері, маңдай алды ақынымыз Олжас пен қарапайым жер төсінде еңбек еткен бағбан-диханшы, дарынды шайыр Өміркүлдың арасындағы рухани үндестікті, ой бірлігі мен мазмұн сәйкестігін байқау қиын емес шығар. Десек те, Жер ананың қадірін жете түсінген Өміркүлдың жан-дүниесінің тазалығы, Жер-анаға жанашырлығы бүкіл адамзатқа бейбіт өмір тілегімен сабақтастырады

Әр ақынның өзіндік ойы, үні, бояуы тілі болу шарт. «Отты сезім, ойға бай тіл табу» – негізгі талаптың бірі. Поэзия адам жанының сырларын аша отырып, оның рухани бейнесін қалыптасты-руда ерекше қызмет атқаруы тиіс, ол үшін поэзия ең алдымен шын мағынасындағы өнер дәреже-сіне көтерілуі шарт деген ұғым Ә.Мырзақұлов шығармашылығында мықты орын тепкен эстетикалық принцип.

Осыған орай, поэманың көркемдік ерекшелігіне келер болсақ, Өміркүл қаламының поэтика-лық тілдегі ажарлау мен құбылтудың сан алуан түрін жіті мұқияттылықпен, асқан эстетикалық талғаммен қолдана білгендігіне төмендегі шумақтар мысал бола алса керек:

*Адамзат біле білсең зергерлісің,
Оны да біл Жер-ананың перзентісің.
Өмірді Жер-анаңмен жайнататын,
Күн туды ойланатын ертеңісің.*

Бүкіл адамзат атаулысының барлығы Жер ананың перзенті, саналы өмірімен жайнататын сүйікті ұрпағы деп түсінеді. Келтірілген мысалдағы екі нәрсемен құбылысты салыстырып және жанастырып-жақындату негізінде астарлы мағына беріп тұрған асты сызылған жолдардағы бей-нелі сөздер метафора болып табылады. Жұмыр жердің қасиетін ардақтаған ақын жүрегінен жыр тиегін былайшы ағытады:

*Ажары ақ мақтадай үлтілдеген,
Жастары қайғырып бір күрсінбеген.
Шаттықтан қуанышты сарай салып,
Өмірдің бетін ашты жұрт білмеген.*

*Іргесі граниттен қаланғандай ,
Мүддесі гауһар тастан жасалғандай.
Жер-ана! Қандай қамқор шебер едің?
Әз адам мұнда түгел жасарғандай.*

Мұндағы ақын тіліндегі қолданылған теңеудің тамаша үлгісін көру арқылы Әмірқұлдың әде-биет теориясынан білімінің сан тарамды кендігін байқауға болады.

Сонымен қатар, келесі келтірілген мысалда кезекті троптардың бірі – метафораны көреміз:

*Жұмыр жер сырың терең дуалысың,
Сананың бердің шексіз қуанышы.
Аялап әз адамды өсіргенмен,
Сүйте тұра ессіздердің құралысың.*

Әмірқұлдың поэмасы көркемділігі жоғары, идеялық мазмұны терең туынды деп білеміз. Ақынның жүрегіндегі жазулары асқақ қиялға құлаш ұрған, жарқын болашаққа сенетін лирикалық кейіпкердің сөзі. Халқымыздың тәуелсіздік алып, Жер анаға деген қамқорлығы артып, саналы еңбекпен ғұмыр кешеріне ақын кәміл сенеді.

*Келді кез тізгін тиер саналыға,
Қамқор боп жұмыр жердің адамына,
Тәуелсіз Қазақстан алда келед,*

Нұр жаусын көш бастаған қадамыңа!

Ә.Мырзақұлұлы шығармалары алдымен өзінің эстетикалық сипатымен күшті. Ол ешуақытта табиғатты адам тағдырынан, қоғам өмірінен бөліп алған емес. Табиғаттың объективтік құбылысы арқылы ақын лирикалық өз көңіл-күйін анық танытады, сөйтіп адамның өмірі мен табиғат құбы-лысы диалектикалық бірлік табады.

Табиғат әлденендей жұмбақ, түсініксіз құбылыс емес, ол – лирикалық қаһарманның жақын сырласы, әдемілік пен сұлулықты ұғындырушы керемет күш. Сонымен қатар, лирикалық кейіп-кердің танымдық эстетикалық деңгейін білдіретін көркемдік құбылыс. Ақын табиғатты көбіне-көп лирикалық-философиялық тұрғыдан ұғынып жырлайды.

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, «Санат», 2007. – 360 б.
2. Қазақ совет әдебиетінің тарихы. III-том. Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы. – Алматы 1967 – 662 б.
3. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: «Мектеп», 1978. – 192 б.
4. Нарымбетов Ә. Қазақ совет поэмасы. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1977. – 240 б.
5. Сүлейменов О. Таңдамалы туындылары. Поэмалар, сценарий / Ауд. Мырза әли Қ. – Алматы: Жібек Жолы, 2005. – 336 б.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст. Қалиев Ғ., Бизақов С., Нақысбеков О. және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст. Қоңыратбаева Ж., Қалиев Ғ., Есенова Қ. және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.

Түйін

Научная статья посвящено творчеству А.Мырзакулы. Представлен всесторонний анализ лирико-пуб-лицистической поэмы А.Мырзакулы. «Жұмыр жер мен әз адам».

Summary

The article is devoted to A.Murzakulov's activity. In the article the detailed of liryco-publicistic analysis of A.Murzakulov's poem «Round land and respect person».

ҚАЗАҚ АҢЫЗДАРЫНДАҒЫ ШЫҢҒЫС ХАН ОБРАЗЫ

А.Нусипов – магистрант, филология, әдебиеттану және әлем тілдері
Факультеті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Шыңғыс ханның қазақ әдебиетінен алар орны мен бейнесі жайлы көлемді зерттеу жұмысы жоқ десе де болады. Арнайы тоқталған ғалымдар болғанымен, дәл біз атаған тақырып негізінде еңбек жазған адам жоқ. Біз, осы мақсатта қазақ әдебиетінің шығармашылық өкілдерінің көркем туындыларын ғана емес, ауыз әдебиеті үлгілеріне аздап тоқталамыз.

Сондықтан толеранттылық, сыни ойлау, тұлғаның еркіндігі және ашықтығы және ашық қоғам демократияның іргетасын қалайды және қоғамның дамуына, алға қарай жылжуына жағдай туғызады.

1. Президент ҚР Н.Ә. Назарбаевтың Тәуеліздіктің 20 жылдығына арнаған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі. 16 желтоқсан, 2011.

2. Ушинский К.Д. Материалы к 3-му тому «Педагогической антропологии». – Собр. соч. в 11 томах. Т. 10. – М., Л., 1948, 1951.

3. Декларация принципов толерантности // Век толерантности: Научно-публицистический вестник. – М.: Изд-во МГУ, 2001.

4. Перепилицына М.А. Воспитание толерантности у будущих учителей // Воспитание толерантности: взаимодействие различий: Сб. науч. и метод. тр. / Под ред. Сергеева Н.К., Ботырко Н.М. и др. – Волгоград, 2004.

Резюме

В данной статье рассматриваются воспитание толерантности в ВУЗе, а студенчество представлено как особая социальная категория, специфическая общность людей, организованно объединенных институтом высшего образования.

Summary

This article deals with the problem of tolerance upbringing in high school and its pedagogical aspects. The students are presented as the special social category by higher education institute.

ҚАЗАҚТЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Б.Жанкушков – аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Мақал-мәтелдер ең белсенді және кең тараған ауызша поэтикалық-шығармашылық мұралардың бірі. Олар арқылы ғасырлар бойы ата-бабамыз өзінің әлеуметтік-тарихи тәжірибесін пысықтап жинаған. Олар – халықтың қолдан жасап алған заңы, тұрмыста кездескен әртүрлі жағдайларды түсіндіретін оқу құралы. Себебі, олар арқылы жеткізетін ой-түйінді, ойды бір ауыз сөзбен жеткізе аламыз. Сондықтан халқымыз «жүздің көркі – сақал, сөздің көркі – мақал» деп жоғары бағалайды. Әрине, мақал-мәтелдердің ауқымы жан-жақты зерттелген, көптеген мақалалар жазылған, салыстыра-салғастырыла отырып, ғылыми зерттеу жұмыстары қорғалған. Негізінде, мақал-мәтелдерді халқымыз педагогикалық бағытта қолдана білген, оның адам, жас ұрпақ, бала тәрбие-сінде алар орны ерекше.

Мақал-мәтелдерді халық өмір тәжірибесі мен қоғамның материалдық және рухани қажеттілігі негізінде қалыптастырған. Олар ұрпақтан-ұрпаққа, атадан-балаға таралып,

жеткізіліп тәрбиелік негізде адамдардың өмірлік ұстанымына, қағидасына айналды.

Мақал-мәтелдерге халықтың танымын арттыру көзі ретінде қарау үлкен қызығушылық тудырады. Орыс халқы мақал-мәтелдерді қанатты сөздерге («крылатые слова») жатқызса, итальяндық-тар «халық мектебі» деп атайды, ал шығыс халықтары «жіпке тізілген маржанға» теңейді.

Мақал-мәтелдер жайында М.Горький былай дейді: «Адамдардың еңбек процесінің нәтижесін-де пайда болды. Бұл көркем өнердің пайда болуына адамдардың еңбек тәжірибесін сөздік форма-да ұйымдастыруға ұмтылу себеп болған еді». Біз, мақал-мәтелдерді адам баласын еңбексүйгіш-тікке, имандылыққа, жақсылық жасауға, оқуға, ізеттілікке, әділдікке, өз елін сүюге баулитынын білеміз. Еңбек адамды мұратына жеткізудің баспалдағы секілді, «Еңбегі бардың – өнбегі бар», «Еңбексіз тапқан мал, есепсіз кетер», «Түстік өмірің болса, кештік мал жина» деген сияқты мақалдар баланы еңбекқорлыққа жетелейді.

Сонымен бірге, В.Даль мақал-мәтелдерден халық ақылының жарқылын, жүректің үнін естіген, тұрмыс даналығының өмірлік күшін сезінген. Ол мақалдарды «халықтың тәжірибесінен туында-ған асқан даналық пен тазалықтың ережелер жиынтығы, халық ақылының қаймағы, халық тұр-мысының ақиқаты» деп атаған [1].

Мақал-мәтел, көбінесе, бүкіл адам баласына ортақ жайларды сөз қылады. Сондықтан бір халықтың мақалын екінші бір халық еш жатырқамайды. Мақал-мәтелдер түсінігінің анықтама-сында ұлттық ерекшелік мол. Башқұрттар: «Мақал айтсаң – жол көрсеткенің, мәтел айтсаң – жаныңды жұбатқаның» дейді. Ал қарақалпақ ағайындар «Ақылды адам мақалсыз сөйлемейді» десе, қырғыз халқы: «Дана әке ұлы мақалмен бай» деп мақал-мәтелдерге өз тұжырымын береді.

Ата-бабамыздың ұзақ тарихында жас ұрпаққа тәрбие берудің бай тәжірибесін жинақтап, өзіндік салт-сана мен дәстүр рәсімдерін туғызғаны хақ. Сол тұрақтаған ереже-қағидалар адамның іс-әреке-тінің қоғамдық ортада шектелген нормалары мен принциптерінің көріністері ретінде қалыптасты.

Қыр баласы ес білгеннен із кесіп, жол қарап, жұлдыз бағдарлап өсетіндіктен, көз қырағы, құлағы сақ, қияндағыны шалатын болды. Қайда жүрсе де ақынның мақал мен мәтелді, ертегі мен жұмбақты, терме мен шежірені жадына сақтап, халық даналығын өзіне рухани азық етті.

Кез келген ер азамат әрі жауынгер, әлі шаңырақ иесі болып тәрбиеленеді. Халықтың «Өнерді үйрен», «Жігітке жетпіс өнер де аз», «Шебердің қолы – ортақ» тәрізді мақалдары сондай талап-тардан туған.

Халық даналығы жақсы мен жаманды салыстыра суреттеп, жақсының жақсылығын халыққа тигізер пайдасына қарай бағалайды. «Басыңа іс түссе, жақсы көмек етеді, жаман күліп өтеді», «Жақсыдан әкім қойсаң, елді түзетер, жаманнан әкім қойсаң, елді жүдетер» деген түйіндері соны көрсетеді.

Халық адамгершілік қасиеттің жоғары түрі ар-ұят, намыс, ождан сақтау деп біледі. «Жаным – арымның садағасы», «Өлімнен ұят күшті», «Ақылың болса, арыңды сақта, ар ұят керек әр уақыт-та», «Жігіттің құны – жүз жылқы» іспеттес мақал-мәтелдер соның айғағы.

Жөргегінен бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген халқымыз адамды аздырып тоздыратын: өті-рік, өсек, еріншек, мақтаншақ, бейбастық т.б. сияқты мінездерден сақтандырып келген. «Өтірік өрге баспас», «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам», «Өзін-өзі мақтаған өліммен тең» деу арқылы өті-рік өсек айтудан, мақтаншақ болудан жас ұрпақты аулақ болуға шақырады.

«Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Көпті жамандаған көмусіз қалар», «Көппен көрген ұлы той», «Көпті сөкпе, кенді төкпе» т.б. мақал-мәтелдер адамгершілік билікті, ел тілегін ойлауды дәріптейді. Көпшіл болу – атадан балаға ғасырлар бойы өсиет етіп келе жатқан нұсқа. Ол – халықтың ұғымында азаматтың адамдық басты белгісі.

Халық даналығы ер азаматтың ерлігін, ел-жұртын ардақтаған адамгершілік қасиеттерін, елім деп еңіреген ердің өнегелі істерін арттағы ағайын-туысқа, аға-ініге, жастарға үлгі-өнеге етіп отырды. Сонымен бірге, «Ата тұяғын тай басар», «Ел намысын ер жоқтар» деп жас ұрпаққа әрі сеніп, әрі оның сондай болуын қалап, әрі сондай болуға үндеді.

«Ердің екі сөйлегені – өлгені», «Қоянды – қамыс өлтіреді, ерді – намыс өлтіреді», «Ел-жұрты бардың жұтамы жоқ», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Ақымақпен тойға барғанша, ақылдымен бірге тас тасы» деген сынды көптеген мақал-мәтелдерді баланың жас кезінен бастап үйретіп, дұрыс тәрбиеге баулысақ, әр баланың бойына мол рухани азық жинайтынымыз анық.

Ұлттық тәрбиемізде баланың адамгершілігі мен мәдениетін қалыптастыру тәрбиесін жүзеге асыру проблемасы – педагогиканың өзекті мәселелердің негізгісі. Ал, тәрбие дегеніміздің өзі, адамның жан дүниесін ізгілікке баулу болып табылады. Негізгі адамгершілік сапаларына – таза-лық, әділдік, ұқыптылық, жауапкершілік, ар, намыс, гуманизм, еңбексүйгіштік, үлкенді сыйлау сияқты қасиеттерді жатқызамыз. Халықта: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген мақал балаға берілетін тәлім-тәрбиенің бастауы отбасынан басталатынын көрсетеді. Отбасынан алған баланың мәдениеті келешектегі қоғамдық орындарда анық байқалады. Ұлы Абайдың: «Балаға көбіне үш алуан мінез жұғады: біріншісі – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбы-сынан. Бала осы үшеуінің қайсысын жақсы көрсе, соған ұқсауға тырысады», – деуінде үлкен шындық бар.

Келешек ұрпақ қамын ойлаған ата-бабаларымыз арқашанда тәрбиеге ерекше көңіл бөлген. «Қыз өссе – елдің көркі», «Балаға байқап сөйлесең, ақылыңа көнер, байқамай сөйлесең көрсетер бір өнер», «Қызды асырай алмаған күң етеді, ұлды асырай алмаған құл етеді» деген де біздің бабаларымыз. Осы сөздің тамырына үңілсек, қазақы тәрбиенің от басы ошақ қасынан бастау ала-тынын тағы да ұлттық көркем сөздеріміз дәлелдейді [2].

Жеткізер ойымен көркем, қысқа да нұсқа, нақты қазақтың мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым Ш.Уәлиханов болды. Ш.Уәлиханов пен Березин архивтерінде 19 ғасырдың 50-ші жылдарында ел аузынан жазып алынған екі жүзден астам мақал-мәтелдер қоры сақталғаны тарихта мәлім.

Осы мақал-мәтелдердің ішкі құрылысына сараптама жасар болсақ, оларда мағыналық параллелизм, қарама-қарсы қою тән, яғни, мақалдың бірінші бөлігіндегі ой екінші бөліктегі оймен қарама-қарсы қойылу арқылы күшейтіледі. Әр түрлі заттарды, құбылыстар мен түсініктерді жалпылама салыстыру кезінде араласа параллельдеу орын алады. Мақал-мәтелдер адамды сөздің өзе-гіне, мағынасына көңіл аудартады. Айтылған әр мақал арқылы адамға терең ой тастайды, түзу-лікке, адалдыққа, еңбекқорлыққа жетелесе, арамдықтан, азғырушылықтан, жалқаулықтан, мау-бастықтан, еріншектіктен арылуға жол сілтейді. Бір сөзбен айтқанда, халық даналығы, көркем сөздеріміз – мақал-мәтелдер адамды тәрбиелеу қызметін осындай жолдармен орындайды.

Мақал-мәтелдердің екі бөлімді болып келетінін жоғарыда атап көрсеткеніміздей (алдыңғы-сында шарт және жалпы пайымдау, соңғысында қорытынды түйінді пікір айтылады) «Білгенін бір тоғыз, білмегенің мың тоғыз» т.б. мәтелдері пікір топшылауы мақалдағыдай тікелей кесіліп айтыл-майды, образды түрде жанамалай айтылған түрде беріледі [3]. Мақал-мәтелдер – құрылы-сы жағынан әрі ықшам, әрі көркем, мағынасы жағынан терең ойлы, кең мазмұнды сөз өрнегі, халық тапқырлығымен айтқанда «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні».

Қазақ тілінде кейбір мақал-мәтелдер тура мағынада ұсынылса, кейбір мақал-мәтелдер астарлы мағынада ұсынылады. Мысалы: «Ағасы бардың – жағасы бар, інісі бардың – тыныс бар», «Қайтып келген қыз жаман, қайта шапқан жау жаман». Халықтың мақал-мәтелдерді жасау өнері мен шебер-лігін «ағаштан түйін түйген» шеберлікпен тең десе болады. Орны табылып қолданылған әрбір мақал-мәтел айтылатын ойды мазмұн жағынан қисындыра, түр жағынан көріктендіре алады [4].

«Қошқар болар қозының маңдай алды дөң келер, азамат болар баланың етек-жеңі кең келер» деген аталық сөздер тегіннен-тегін айтылмаса керек. Ата-бабамыз ұрпақ тәрбиесіне аса зор мән береді. Өйткені ұрпақ – болашақ. Оны әбден түсінген халық: «Балаңды беске дейін патшадай күт, он беске дейін қосшыңдай жұмса, он бестен кейін құрбыңдай сыйла» деп бүкіл тәрбиелік тағлым-ды үш-ақ сөзге сыйдырады. «Патшадай күт» дегені – қамқоршы бол, өсір, мәпеле, жас шыбықтай баулы дегені, «қосшыңдай жұмса» дегені – жәрдемшің ет, жұмысқа сал, буынын бекіт, еріншек-тіктен аулақ ет дегені, ал «құрбыңдай сыйла» дегені – балаңа ес кірді, ақыл иесі болды, енді оның отау құру жағын, оның да түбі өзіндей ұрпақ қамқоршысы болатынын естен шығарма дегені. Ал, осы ұлағатты сөзде ұрыс, ренжіт, қорқыт, еңсесін түсір деген бірде-бір сөз айтылмайды. Қазақ-тың ұрпақ өсіру пәлсапасы, міне, осындай даналық қарапайымдылыққа құрылған.

Қазақ Алладан бала сұрайды, бала сұраса дана сұрайды, «Бала берсең, дана бер, баланың жақ-сысын, адалын бер» деген мәтел осыдан қалса керек. Дана бала әкесінің атын, халқының салтын, Отанының даңқын асырады. Жаман бала әке атына кір келтіреді, Отанын қорғай алмай сағынды сындырады, «Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді», дегендей,

намысынды келтіреді. Міне, осының бәрінен тәлім алған қазақ атамыз бала дегенді екіге бөлген: бірі – әкесінің баласы, екіншісі – ел баласы. Әкесінің баласы түтін түтеткенмен ауыл арасынан, елдің қарасынан ұзамай жүреді. Қазақтың: «Әкеңнің баласы болма, елдің баласы бол» деп бата беруі де көп дүниені аңғартады [5].

Сонымен мақал-мәтелдер қай тілде болмасын келешек ұрпаққа берер тәлімі, тәрбиелік мәні зор, олар халықтың лингвистикалық шеберлігі, халық даналығы болып есептелінеді.

Қазіргі таңда оқыту үрдістерінде сол елдің мәдениетін, ой-танымын, әдет-ғұрпын тануда, сөз-дік қорды нығайтуда мақал-мәтелдер қолданылады. Себебі, жоғарыда атап өткеніміздегідей қай тілде болмасын олардың тәлімдік, тәрбиелік тағлымы үлкен, сонымен бірге, сол ұлтқа, халыққа тән ұлттық қасиетін, мәдениетін, сипатын ашады.

1. Әуезова Г.Т. Қазақ және ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдердің салыстырмалы анализі. // Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясының хабаршысы, – Алматы, №1-2 (31), 2009. – 189-191 бб.

2. Алдамбергенова Г.Т. Мақал-мәтелдер – қазақ халық педагогикасының мұрасы // ҚазҰУ хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы, – Алматы, №22, 2007. – 67-71 бб.

3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология. – Алматы: «Мектеп», 2002.

4. Төлеубекова Р.К. Адамгершілік тәрбиенің негіздері. – Алматы, 1991.

5. Жүсіпова Р.Б. Ағылшын және қазақ мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық сипаты. Филол.ғ.к....авторефераты, – Алматы, 2004. – 3 б.

Резюме

Поговорки и пословицы – самые широко распространенные народные творчества. В них казахский народ на протяжении многих веков обобщал свой социально-исторический, культурный опыт. Он отобрал в своей многовековой истории все ценное в педагогическом отношении в воспитании ребенка, человека многих поколений.

Summary

Proverbs and sayings are one of the most prevalent of nation folklore. From generation to generation people have picked out the most important pedagogical attitude of upbringing of child, man.

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ПРАГМАТИКАЛЫҚ КӘСІБИ БАҒДАРЛЫ МІНДЕТТЕРДІ ТИІМДІ ШЕШУ

З.Н. Утегулова – оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазіргі заманда білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтеріне айналды. Себебі дүние жүзінде білімнің әлеуметтік рөлі артты. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығару, ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру-ға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау», деп көрсетілген. Заманауи білім беру үрдісі ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, студенттің іскерлі-гін, қатысымдық күзінеттілігін дамыту міндеттерімен ұштасып жатыр. Қазіргі заман талабына сай шетел тілін меңгертуде озық технологияларды, ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалану, білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару – еліміздегі ең маңызды, әрі кезек күттірмейтін ауқымды мәселелердің бірі болып отыр.

Студенттерді шетел тілінде кәсіби сөйлеуге үйретуде тиімді әдістердің бірі – кейс әдісі. Кейс әдісі латын тілінде шиеленіскен немесе ерекше жағдай дегенді білдіреді. Бұл әдісте оқу материала-лы тіл үйренушілерге проблемалық жағдаяттар арқылы ұсынылады, студент шетел тілінде кәсіби сөйлеуге шешім қабылдау барысында белсенді зерттеу және шығармашылық әрекет арқылы үйренеді. Сонымен, **Кейс әдісі** – бұл шын өмірдегі кездесетін жағдаятты талдауды қажет ететін, тек белгілі бір мәселені ғана шешіп қоймай, сипаттау барысында осы мәселені шешуге қажетті білім кешенін қайта еске түсіруге, пайдалануға мүмкіндік беретін

әдіс. Тағы бір ерекшелік – бұл әдісте алынған жағдай бір шешімді емес бірнеше шешімді болуы мүмкін.

Кейс-әдісін интерактивті оқыту әдісі ретінде падалану студенттер тарапынан жағымды әсер етуімен ерекшеленеді, оның себебі оқыту барысында теория жүзінде алынған білімді іс жүзіне пайдалануға мүмкіндік беретін ойын ретінде қабылдануына байланысты. Сонымен бірге жағдаят-ты талдау студенттерге кәсіби қызығушылықты арттыруға, оқуға деген қызығушылығының қалыптасуына көмектеседі.

Келесі маңызды сұрақ – кейстерді құру. Кейстерді құрудың негізгі сатылары мынадай:

- мақсаттарды анықтау;
- әр түрлі жағдайларға өлшемдерді тағайындау;
- қажетті ақпарат көздерін белгілеу;
- кейстегі алғашқы материалдарды жинау, сараптама жасау;
- оны қолдану бойынша қажетті материалдар дайындау.

Ал оқу үрдісіндегі кейстермен жұмыс жасау технологиясы келесі кезеңдерден тұрады:

1. Дайындық кезең (аудиториядан тыс)

Оқытушы:

- кейс дайындайды;
- кейс материалдарын студенттерге үйге оқуға таратып береді;
- негізгі және қосымша әдебиеттерді пайдалану бойынша нұсқаулар береді;
- қажет кеңестер береді.

Студенттер:

- кейс материалын зерттейді;
- ұсынылған әдебиеттермен жұмыс істейді;
- қойылған сұрақтарға жауап дайындайды.

2. Негізгі кезең (аудиториялық)

Бірінші:

- оқытушы студенттерді сабақ барысымен таныстырып шығады;
- студенттер кіші топтарға бөлінеді және – оқылған материалды өзара талдайды, пайда болған сұрақтарға жауап береді;
- тақырыпты талдауда пайда болған қиын сұрақтарды оқытушы мен студенттер бірге талдайды;

Екінші:

- оқытушы кейстен жағдаяттық тапсырмаларды таратады;
- студенттер тапсырмаларды кіші топтарда талқылайды;
- талқылау нәтижелері барлық топпен талқыланады.

3. Қорытынды кезең

- Оқытушы топтың кейспен жұмысын қорытындылайды, студенттерге талқылауға қатысуы-на және тақырып бойынша дайындығын тексеру нәтижесі бойынша бағалайды.
- Өзіндік талдау: оқытушы әр студенттен бүгінгі тақырып бойынша «Материал бойынша ең маңыздысы... ..» не болғандығын сұрайды.

Осылайша оқыту нәтижесінде кейс әдісі арқылы студенттің бойында келесі дағдыларды дамытуға болады:

Аналитикалық дағдылар – студентке аналитикалық қажетті және қажетсіз ақпаратты ажыратуға, жіктеуге, талдауға, баяндап беруге;

Тәжірибелік дағдылар – білімді іс жүзінде пайдалануға;

Творчестволық дағдылар – жағдайды шешуге, шығармашылық тұрғыдан қарауға;

Қатысымдық дағдылар – пікірталас жүргізуге, өз ойын жеткізуге және өз көзқарасын қорғауға және дәлелдеуге, топта бірлесіп жұмыс істеуге, қысқа, негізді есеп жасауға;

Әлеуметтік дағдылар – басқалардың іс-әрекетін бағалауға, бірін-бірі тыңдап үйренуге, пікірталасқа белсенді қатысуға немесе қайшы келетін ойды негіздеуге;

Өзін-өзі басқару – пікірталас кезінде өз ойын және басқалардың ойына талдау жүргізуге, пай-да болған этикалық және әлеуметтік мәселелерге көңіл бөліп, өзін дұрыс ұйымдастыруға мүмкін-дік береді.

Кейс әдісін қолдану тек оқытумен ғана шектелмейді, бұл әдіс зерттеу әдісі ретінде де белсенді қолданылады. Сонымен қатар білім және ізденіс мазмұнын біріктіру арқылы студенттің кәсіби құзіреттілігін көтеруге болатындығы белгілі. Бұл әдістің тиімділігі – ол

басқа оқу әдістерімен оңай байланыса алады.

Қорыта айтқанда, бұл әдістің көмегімен студенттер өз беттерінше теорияны меңгере отырып, практикалық дағдыларға да үйренеді, сонымен қатар өз ойын жүзеге асыру мүмкіндігіне де ие болады. Студенттер жағдаятқа талдау жасау арқылы болашақ маман ретінде қалыптасып, сабақ-ты қызығып оқуға тырысады.

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы /баптары бойынша түсіндірмелерімен/ және оны жүзеге асыру жөніндегі негізгі құжаттар. – Астана, 2000.

2. Абдиева Ш.Д. Кейс әдісі арқылы студенттердің қазақша сөйлеу белсенділігін арттыру.

3. Нұралиева Ұ.Ә., Қуандықов Е.Ө. Кейс әдісін интерактивті оқыту әдісі ретінде пайдалану арқылы оқу үрдісінде жетілдіру. Оқу-әдістемелік конференция материалдары // ҚазҰМУ ХАБАРШЫСЫ, – Алматы, 2011.

4. <http://www.casemethod.ru/>.

Резюме

В этой статье рассматриваются эффективное решение прагмо-профессиональных задач в обучении ино-странным языкам с использованием кейс-стади.

Summary

This article deals with effective ways of solving pragmo-professional tasks in teaching foreign languages using the case-study.

ІЗГІЛІКТІ ЖӘНЕ НАҚТЫ ТЕРМИННІҢ ӨЗАРА ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ

А.Хасенова

«Терминологиялық тасқын» жағдайында терминологияны ретке келтіру қажеттілігі туындайды, және бұл жағдайда алғашқы кезекке нормативтік аспекті тұрады. Дегенмен де терминологиядағы нормативтілік критеріі аса қарама-қайшы болып келеді. Бір жағынан термин және терминология нормативтілікке баға берудің критерийлерінде лингвистикалық өз бетіншелікке ие болады, алай-да екінші жағынан терминологияда норма жалпы әдеби тілдің нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

Бұл мәселенің бұрыннан бері келе жатқан дәстүрі бар. Орыстың терминологиялық мектебінің негізін қалаушы Д.С.Лотте терминге келесі нормативтік талаптарды қоятын: жүйелілік, контекст-гіден тәуелсіз болуы, қысқа болу, абсолюттік немесе салыстырмалы бір мағыналылық, қарапа-йымдылығы мен түсініктілігі, енгізілу дәрежесі [1, 54 б].

1. Нормативтік аспектіде терминнің контекстілік жылжымалдығы термин емес сөзге қараған-да мүмкін болмайды. Терминге қойылатын логикалық талап – бір терминдік жүйенің немесе тер-минологиялық өрістің (терминологиялық өріс түсінігін А.А. Реформаторский енгізген болатын [2]) шек-терінде оның мағынасының тұрақты болуы. Өріс дегеніміз – бұл терминнің ол соның ішінде өзіне тән барлық қасиеттерге ие болатын өмір сүру саласы. А.А. Реформаторскийдің пікі-рінше, терминге бір мағыналылық тән, себебі ол белгілі бір терминдік жүйеде өмір сүреді және, соған сәйкес контекстіні қажет етпейді. Алайда термин – сөз сол тілдің түрлі терминологиялары-на өзге түрдегі семантикалық мағынамен кіруі мүмкін, оны кейбір авторлар (атап айтқанда А.А. Реформаторский) салааралық омонимия ретінде қарастырады. А.И. Моисеевтың ізінше біз бұл құбылыс терминнің полисемиясына жатады деген пікірдеміз: «Көбінесе терминнің кең тарал-ғандығы терминді ерек-ше қолданулардың жиынтығынан құралады, ал тар салада қолданылу ерекшілігі одан жоғала қой-майды» [3, 124 б.].

Сонымен, терминнің бір мағыналылығының нормативтік талабына қарамастан ол белгілеуші фактор болып табылмайды.

2. Келесі бір талап – терминнің дәлдігі. Тіркелген мағына талабында (бір белгіге бір түсінік сәйкес келеді) білімнің сол саласының дамуының нақты бір кезеңіндегі белгілі терминдік жүйе-нің шектерінде терминнің шектелген, нақты тіркелген мазмұны болуы тиіс деген ереже берілген. Әдетте дәлдігі дефиниция көмегімен белгіленеді, соңғысы белгіленетін

түсініктің барлық қажетті және жеткілікті қасиеттеріне ие болады және өздері бойынша бір түсінікті екіншісінен айыруға болатын қасиеттерді көрсетеді, себебі «тілдік бірліктің, атап айтқанда, терминнің ішкі түрі оны құраушы морфемалардың этимологиясына да, лексикалық мағынасына да, мотивтелуіне де, солардың қосынды мағынасына да байланысты болмайды. Термин – сөздің ішкі түрі күрделі және көп қырлы категория болып келеді және, соған сәйкес ол сыйымды дефинициямен қамтылуы тиіс» [4, 17 б.].

Дефиницияның болуы термин нормативтілігінің елеулі белгісі болып табылады, алайда терминде нақты дефиницияның болмауы – қалыптасып келе жатқан терминдік жүйенің жеткілікті мөлшерде таралған құбылысы. Соған сәйкес, қатаң түрдегі дефиницияның болуы – ол да терминнің қажетті, маңызды критеріі, алайда ол белгілеуші болып табылмайды.

3. Терминологиялық нормаға сәйкес терминнің синонимдері болмауы тиіс, себебі синоним-терминдердің табиғаты өзге болып келеді және олар әдеби тілде орындалатын қызметтерден өзге қызметтерді орындайды. Сөйтсе де терминологияда синонимия бар. Бұл құбылыс «дублеттік» (бір заттың екінші данасы) деп аталады, себебі онда эмоциялық-экспрессивтік, стилистикалық немесе ерекше оппозициялар болмайды. Дублет-терминдердің қолданылуы сөйлеудің мазмұнына әсер етпейді, тікелей мотивацияға ие болмайды және нормативтілік тұрғысынан алғанда терминдік жүйе үшін қажетсіз және зиянды құбылыс болып табылады. Синонимия терминология үшін жағымсыз фактор болып табылмайды деген пікірдеміз. Синонимия ғылыми сөзді әртүрлі етеді, қайталануларды болдырмайды, стилистикалық кемшіліктерді жояды. Дұрыс түсінбеудің алдын алу үшін мәтінде қолданылып отырған терминдерді синонимдер ретінде түсіну қажет екендігін қосымша айтып кеткен жеткілікті болады.

Синонимия (дублеттілік) әсіресе өзінде аса дәл, семантикалық тұрғыдан анық болып келетін термин әлі іріктеліп алынбаған қалыптасып келе жатқан жүйеге тән болып келеді (мысалы: *суб-сидия* және *дотация*, *ажиро* және *спред*). Осылайша, терминологиялық синонимияны жоққа шығаратын нормативтік талапқа қарамастан, аталмыш құбылыс ғылыми тілде кеңінен ұсынылған. Жекелеген сөздіктер, мысалы, Қазіргі кездегі кәсіпкерлік терминдерінің сөздігі өзінің қосым-шаларында синонимдік терминдерді келтіреді [5, 269 б.].

4. Термин қысқа болуы тиіс. Жиі жағдайларда аталмыш талап дәлдік талабымен қарама-қайшы келіп жатады, бұл бұрынғыдан да күрделі терминдердің пайда болуына немесе терминнің қысқаша нұсқаларының, б.а. терминделетін түсініктің қайталама белгілерінің, аббревиатуралардың пайда болуына әкеп соқтырады.

5. Нормативтілігінің қосымша критеріі болып терминнің құлаққа жағымды естілуі табылады: айтылуға ыңғайлы болуы және жағымсыз ассоциациялардың болмауы, мысалы, *офферта* (*афе-ра*). Ізгілікті термин арнайы қолдану саласынан тыс жағдайдың өзінде жағымсыз ассоциацияларды тудырмауы тиіс. Алайда егер құлаққа жағымсыз болып естілетін термин енгізіліп қойған бол-са, оны алмастыру қиын болады.

Белгілі болғандай, «ізгілікті терминге» қойылатын барлық нормативтік талаптарды тәжірибе-де орындау қиынға түседі, сондықтан міндетті критерийлер ретінде оның бір мағыналығы, қысқа болуы және орыс тілінің нормалары мен ережелеріне сәйкес келуі алға тартылады. Алайда осы міндетті критерийлердің өзі де терминдік жүйелерді талдаудан өткізген кезде тым сирек кездесе-ді: «Нақты терминдер көп мағыналы, жүйелі емес болып шығады» [3, 127 б.]. Тәжірибеден көруге болатындай, термин табиғи тілдік жүйеде дамып, соның заңдарын қабылдайды, «лексикалық жүйенің серпініне енгізілген, синонимдерге толады, полисемияны дамытады» [6, 11 б.].

Ізгілікті және нақты терминнің өзара қарама-қайшылықтары тілдік процестердің нормативтік аспектіге қарсы тұруының салдарынан орын алады. Тілдік потенциал, тілдік қабілет оның норма-сына, стандартына қарағанда әлдеқайда күшті және кең болып келеді. Тілдік қабілет (тіпті жүзеге асырылмаған, кодталмаған) – үздіксіз, үдемелі өздігінен дамудың өрісі болып табылады.

В.В. Виноградовтың пікірінше, терминнің ерекшелігі сол – термин «логикалық белгілеудің құралы болып табылады» [7, 16 б.] және, соның салдары ретінде стилистикалық тұрғыдан бейтарап болып, қосымша коннотацияларға ие болмауы тиіс. Алайда бұл сауалға қатысты тіл білімінде бір жақты жауап жоқ. Лингвистердің бірі терминнің салыстырмалы түрдегі экспрессивтілігін мойындаса (Л.Л. Кутина), енді бірі мойындамайды (А.С. Герд).

Басқа тілден кірген терминнің экспрессивтілігіне келетін болсақ, бұл жерде терминделетін

түсініктің кітаптығы, ғылымилығы маңызды критерий болып табылады. Басқа тілден енген сөздің әдетте, қосымша коннотациялары болмайды, себебі аталмыш термин мотивтелмеген, семан-тикасы бойынша анық болып келмейді және оның экспрессивтілігі қабылдаған тілдің тасымал-даушылары үшін жасырылған болып келеді. Зерттеуге арнап материалды іріктеу кезінде маңыз-ды критерий болып келесі сауал табылады: терминдерге кәсіптілікті, әдетте, стилистикалық тұр-ғыдан таңбаланған, экспрессивтік сөздерді жатқызуға бола ма.

Кәсіптілік көбінесе номен (номенклатуралық немесе көрнекті түсініктер) болып табылады. Кейбір зерттеушілердің пікірінше: термин – тек бастапқы түсінік, ал көріністер – бұл терминдер емес, номендер (Реформаторский А.А.). Біздің болжауымыз бойынша мұндай айыру тиімсіз болып табылады. Номендер мен терминдердің арасында анық айырмашылық жоқ, алайда номен-дерде заттық жағы аса анығырақ түрде көрсетілген (Моисеев А.И.).

Лингвистердің бірі терминдер мен кәсіби лексиканы біріктірсе [8], енді біреулері – осы екі түсінікті бөледі [9]. А.В. Барандеевтың пікірінше: терминдерді кәсіби сөздермен араластыруға болмайды, себебі кәсіби сөздер алдыңғыларына қарағанда онша анық және экспрессивті емес және оларды метафорикалық ауыстыру нәтижесінде пайда болған терминдерден бөлу қажет. А.В. Барандеевтың пікірінше, кәсіби сөздер терминдердің стилистік синонимдері болып келеді, және, соған сәйкес терминтану үшін емес, стилистика үшін қызықтырарлық болып табылады.

Біздің пікірімізше, кәсіби сөздер термин, немесе термин құрылудың үлгісі бола алмайды. Бұл пікірге Н.Л. Константинова [10, 86 б.] қосылады. Оқулықтар мен ғылыми мақалалар бойынша серпінді аспектіде жүргізілген зерттеулер кәсіби, кодталмаған лексиканың кодталған терминта-нудан $\frac{1}{2}$ қатынасымен басым болып келетінін көрсетті (Константинованың бақылаулары бойын-ша) [10, 88 б.]. Энциклопедиялық және әмбебап сөздіктердің соңғы басылымдары өз қорына код-талмаған, кәсіби лексиканы енгізген. «Кәсіби сөздер номинативтік қызмет атқарады және, соған сәйкес оларды термин ретінде санауға болады» [11, 6 б.]. С.А. Массина да сондай-ақ арнайы лек-сикаға «түрлі кәсіби және әлеуметтік топтарда қолданумен байланысты лексиканы» жатқызумен кәсіби сөздер мен терминдерді ортақ стратификациялық кеңістікте қарастырады [12, 1 б.].

Сонымен, кәсіби сөздерді терминдердің қатарына егер олар қатаң түрдегі номинативтік қыз-метін атқаратын болса, арнайы сөздіктерде тіркелген болса жатқызуға болады. Кәсіби сөздердің терминдік жүйеге қабылданбау фактісі терминтануды кедейлетеді, ал «кәсіби сөздерді терминдік жүйеге енгізу арнайы және жалпы әдеби лексиканың өзара тығыз байланысы мен өзара әрекетте-суіне көз жеткізуге мүмкіндік береді, аталмыш өзара әрекеттесудің негізгі сәті болып сөздің маз-мұндық жағы табылады» [13, 123 б.].

Сонымен,

1. Терминология жалпы әдеби тілдің аранайы қолдынылымдағы қабаттарына ыдырайтын лек-сикасы болып табылады. Термин жалпы әдеби тілдің лексикалық жүйесінің толық құқылы мүше-сі ретінде жалпы қолданыстағы лексика бағынатын заңдарға бағынады.

2. Термин жалпы әдеби қолданыстағы сөздерге қарама-қайшы келмейді, лексикалық мағына-сының ерекше түріне ие болмайды. Терминнің ерекшелігі оның арнайы салада қызмет етуі. «Тер-мин – бұл ерекше сөз немесе сөз тіркесі емес, ол небәрі оларды қолдану» [14, 5 б.].

3. Термин дегеніміз – бұл сөз және оған тілдік қасиеттердің ешбірі бөтен болып табылмайды, бұл деген сөз: ол лексиканың барлық парадигматикалық, жүйелік қасиеттеріне ие болады, б.а. біз терминологиядағы синонимияны, полисемия, омонимия, антонимияны мойындаймыз.

4. Терминологиялық қолдану «жоғарғы және төменгі қабатқа» ие болуы мүмкін, б.а. ресми терминдер кәсіби сөздермен бірлескен түрде орын алады [12, 6 б.].

5. «Номендер мен терминдердің арасында анық түрдегі айырмашылық жоқ» [3, 131 б.].

6. Терминологияда нормативтік аспекті қажетті, алайда белгілеуші болып табылмайды, себебі нақты терминдер тәрізді, әдетте, өте оңды терминге қойылатын барлық қатаң талаптарға сәйкес келмейді.

1. Лотте Д.С. Основы построения научно-технической терминология. – М., 1961.

2. Реформатский А.А. Термин как член лексической системы языка // Проблемы структурной лингвистики. – М., 1968.

3. Моисеев А.И. О языковой природе термина // Лингвистические проблемы научно-технической терминологии – М.: Наука, 1970.
4. Кияк Т.Р. Лингвистические аспекты терминоведения. – Киев: Изд-во УМКВО, 1989. – 104 с.
5. Морковины В.В. и А.В. Русские агнонимы (слова, которые мы не знаем). – М., 1997. – 414 с.
6. Султанов А.Х. О природе научного термина. Проблемы философии языка. – М., 1996.
7. Виноградов В.С. Введение в переводоведение (общие и лексические вопросы). – М.: Издательство института общего среднего образования РАО, 2001.
8. Шанский Н.М. Лексикология современного русского языка. – М., 1972.
9. Фомина М.И. Современный русский язык. Лексикология. Изд. 3-е. – М., 2001.
10. Константинова Н.Л. Иноязычные заимствования и система языка (на материале англоязычной лексики в финансово-экономической терминосистеме нем. яз.) // Филол. науки. 1999. №2. – С. 86-92.
11. Лемов А. В. Система, структура и функционирование научного термина – АҚД, Н. Новгород, 2000.
12. Массина С.А. Профессиональные термины в подъязыках разных типов (к проблеме функциональной стратификации языков) Текст.: автореф. дис.. канд. филол. наук. 10.02.04. – Саратов, 1991. – 14 с.
13. Кутина Л.Л. Языковые процессы, возникающие при становлении научно-терминологических систем // Лингвистические проблемы научно-технической терминологии – М.: Наука, 1970.
14. Винокур Г.О. О некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологии // Тр. МИИФЛИ. Т.5. – М., 1939. – 420 с.

Резюме

В статье рассмотрены основные характеристики присущие современному термину. В частности раскрыта специфика современного термина и его функционирование в языке. Автор поддерживает теории об обладании термином всеми прагматическими, системными свойствами лексики.

Summary

This article consider the main characteristics which peculiar to the modern termin. Especially developed the specific of the modern termins and it functioning in language. Author keep the theory about termin's possession of all pragmatically, systematically features of a lexica.

РЕФЕРАТЫ И ИХ ПРИМЕНЕНИЕ НА ЗАНЯТИЯХ В КАЧЕСТВЕ САМОСТОЯТЕЛЬНОГО ЗАДАНИЯ

Л.А. Бугенова – к.филол.н., доцент, кафедра «Языки»,
Казахская академия транспорта и коммуникаций им. М.Тынышпаева

Задачи повышения качества подготовки специалистов обязывают искать новые формы обучения и совершенствовать существующие. Качество подготовки любого специалиста в современных условиях определяется не только уровнем его знаний, но и умением самостоятельно ставить и решать новые профессиональные и социальные задачи. В связи с этим возникает необходимость перевести процесс обучения с экстенсивной на интенсивную основу. Подъем на качественно новый уровень процесса формирования кадров технических специальностей должно быть направлено на развитие у студентов навыков самостоятельного творческого мышления. Необходимо добиться качественного скачка в подготовке специалиста, чтобы к моменту выпуска из ВУЗа сформировать его как творческую личность, владеющую способами самостоятельного пополнения знаний по избранной специальности и готовую к встрече с непредвиденными ситуациями в его профессиональной деятельности.

Основной задачей преподавателя в процессе обучения является развитие

познавательной активности. Именно активные формы обучения предполагают новый подход ко всем видам ауди-торных и внеаудиторных занятий. Наиболее актуальный аспект улучшения организационных форм обучения – активизация учебной деятельности студентов. В конечном итоге все формы обучения – традиционная, программирование и проблемные – направлены на развитие у студентов навыков самостоятельной работы. Именно самостоятельная работа способствует более углубленному и прочному усвоению знаний, прививает навыки работы с литературой, нормативными материалами и новейшими достижениями, используя электронные ресурсы.

Самостоятельная работа требует для разрешения не только воспроизведения известных знаний, а размышления, сравнения, поиска, приобретения новых знаний или применения полученных ранее. Самостоятельность в учебной работе способствует развитию заинтересованности студента в изучаемом материале, вырабатывает у него умение и потребность самостоятельно получать знания, что весьма важно для специалиста с высшим образованием. Процесс самостоятельной учебной работы формирует умения и привычку размышлять над содержанием осваиваемой отрасли знания и ее профессиональными задачами. Важность данной компетенции для работодателей обусловлена тем, что большинство современных предприятий заинтересованы в кадрах, способных принимать на себя ответственность и работать самостоятельно. Помимо высокого уровня квалификации, выпускник ВУЗа должен быть человеком самостоятельным, инициативным, должен уметь принимать решения, нести за них ответственность, мыслить нестандартно, быстро адаптироваться в динамично изменяющейся ситуации, быть конкурентоспособным специалистом.

Формы самостоятельной работы студентов в учебном процессе широки и разнообразны. Виды внеаудиторной самостоятельной работы: подготовка и написание рефератов, докладов и других письменных работ на заданные темы, выполнение домашних заданий разнообразного характера (решение задач; перевод и пересказ текстов; подбор и изучение литературных источников).

Самостоятельная работа включает воспроизводящие и творческие процессы в деятельности студента. В зависимости от этого различают три уровня самостоятельной деятельности студентов: репродуктивный (тренировочный), реконструктивный и творческий (поисковый). В данном случае, реферат выступает как репродуктивный вид деятельности, который может при правильной постановке целей и задач перейти на реконструктивный и творческий уровень. Указанный фактор качественно изменит методику овладения знаниями студентами, поднимет их уровень на уровень обладания навыками применения в профессиональной деятельности своих умений. Следует отметить, что такая организация деятельности студентов более эффективна, так как непосредственно каждый студент самостоятельно выполняет задание, составляет план, обобщает и систематизирует информацию, создает и заполняет таблицы, делает выводы и выступает с представленной работой. Данный вид самостоятельной работы может восполнить пробелы студента по пропущенным занятиям, так как некоторые темы имеют очень широкий спектр рассматриваемых проблем, то реферат, выполненный на изучение одного из аспектов рассматриваемой проблемы, поможет раскрыть тему более полно.

В свою очередь преподаватель должен подходить индивидуально к выполненному заданию по самостоятельной работе студента.

При этом должно быть:

- доброжелательное, строгое и справедливое отношение к студенту, как взрослому самостоятельному человеку;
- постоянная готовность оказать помощь в решении возникающих вопросов;
- стимулирование духа самостоятельности, стремление достижения цели через творческое отношение к анализу полученного результата проделанной работы.

Эффективность использования реферативной формы выполнения самостоятельной работы обеспечивает: дифференцированный подход к каждому студенту, сменяемость и

гибкость форм, включение студентов в процесс выбора, подготовку и реализацию, что в свою очередь способствует обогащению содержания занятий и знаний. Студент имеет возможность для выработки нестандартного мышления, для реализации принципа – не только знать, но и уметь.

В учебном процессе преподаватели зачастую используют написание реферата в качестве заполнения пробелов при изучении какого-либо материала. Однако при этом преподаватель не затрудняет себя вопросом обсуждения со студентом данного вопроса, объяснения видов рефератов, возможностей их выполнения. Чтобы развить положительное отношение студентов к написанию реферата для внеаудиторной самостоятельной работы, следует на каждом ее этапе разъяснять цели работы, контролировать понимание этих целей студентами, постепенно формируя у них умение самостоятельной постановки задачи, выбора цели и реализации ее.

Необходимо научить студентов написанию рефератов, чтобы иметь возможность с его помощью осмыслить и передать идеи, мысли, обобщения другим и совместно их обсудить. Используя репродуктивные виды реферативной работы, такие как реферат-конспект и реферат-резюме, можно сформировать умение устанавливать причинно-следственные связи, обобщать и приобщению к культуре научного письма. При этом преподаватель, используя устойчивую мотивацию, может приучить студента не просто скачивать данные из глобальной сети, а анализировать их с позиции нужное/ненужное, повтор информации или ее диаметрально противоположность. При освоении репродуктивного способа реферирования студентами, когда навыки переработки информации и ее обобщения достигнут необходимого уровня необходим переход к продуктивным видам реферирования: реферат-обзор (на основе нескольких источников) и реферат-доклад. Указанный переход от одного вида к другому способствует повышению научного взгляда на изучаемый предмет, привлечения студента к научно-исследовательской сфере деятельности, так как, используя навыки написания подобных видов рефератов, студент может без особых усилий перейти на написание курсовых работ, а далее осознанно подойти к написанию дипломной работы.

Формирование научного стиля мышления при применении подобной методики будет идти равномерно, плавно, вырабатывается свой стиль, а самое главное студент перестает копировать, начинает создавать новое самостоятельно, что крайне важно в современных конкурентных условиях.

Активность при выполнении и презентации рефератов студентам возможна только при наличии серьезной и устойчивой мотивации. Самый сильный мотивирующий фактор – подготовка к дальнейшей эффективной профессиональной деятельности. Рассмотрим внутренние факторы, способствующие активизации к подготовке реферата как вида самостоятельной работы:

1. Полезность выполняемой работы. Осознание студентом важности информации, которую он предоставляет
2. Участие студентов в творческой деятельности. Участие в научно-исследовательской, опытно-конструкторской или методической работе.
3. Использование мотивирующих факторов контроля знаний. Эти факторы при определенных условиях могут вызвать стремление к состязательности, что само по себе является сильным мотивационным фактором самосовершенствования студента.
4. Поощрение студентов за успешно выполненную работу и санкции за плохую работу. Например, за работу, сданную раньше срока, выполненную в соответствии с требованиями, осознанно защищенную, можно проставлять повышенную оценку, а в противном случае ее снижать.

Выполнение качественного реферата, как действительно самостоятельной работы сочетает в себе изучение, как учебного материала, так и дополнительной литературы с постановкой таких познавательных задач, которые требуют дополнительных усилий на их разрешение. При подборе данных прослеживается определенная направленность,

степень развитости и натренированности мышления, творческое воображение и главное, стремление каждого студента внести свой вклад в разрешение проблемы. При этом у студента формируется потребность в самореализации себя как субъекта творчества, что способствует формированию внутренних качеств, убеждений не в виде набора готовых ответов, а сделанных самостоятельно.

Таким образом, использование написания реферата в качестве самостоятельной работы студентов означает формирование принципиального подхода к проверке знаний и умений, которые строятся так, чтобы развивать умение учиться, формировать у студента способности к саморазвитию, творческому росту.

1. Рекомендации по организации самостоятельной работы студентов. / Режим доступа: <http://www.isuctni/umo/Orgprocl0.html>.
2. Вопросы повышения качества обучения в условиях оптимизации учебного процесса. – Режим доступа: <http://www.medline.ru/public/sudm/art15b.phtml>.
3. Орлов В.Н. “Активность и самостоятельность учащихся”, 1998.